

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

2/2015

АҚПАН

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Сайдалы ОРАЗАЛИЕВ.	Абай мұрасының басқа ғылым салаларымен байланысы.....	3
Үміт БАЙҒАЛИЕВА.	Функционалды стиль мәтінін құрудағы интонацияның негізгі компоненттері және әуеннің қызметі.....	8
Салтанат ДОСЫМАХОВА.	Шиеленіскен қарым-қатынас психологиясындағы тіл мәселесінің негізі.....	15
Индира ӨМІРЗАҚОВА.	Девантты мінез-құлықтың пайда болуындағы конфликтінің психологиялық әсерлері.....	21

Бауырлас елдер әдебиеті

Рақымжан ТҰРЫСБЕК.	Қазақ-татар халықтары әдебиетінің байланысы.....	35
--------------------	--	----

Жанна МАРАТҚЫЗЫ.	Жас маманға жәрдем Қазақ тілі сабақтарында бағдарлама аясындағы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.....40
Нұрлан ТӨЛЕУБАЙҰЛЫ.	Қалай оқу керектігін үйрету.....45
Алмагүл ЗАЛҒАРИНОВА.	Бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға бола ма?50

Самал ҮМІТБАЕВА.	Көмекші құрал Дамуға жетелеудің негізі – шығармашылық жұмыс.....62
-------------------------	--

	Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс
Шаруан САЛАМАТОВА.	М.Әуезов. «Көксерек» әңгімесі.....73
Зәмзәгүл ҚАСЫМБЕКОВА.	Бейімбет Майлин. «Шұғаның белгісі».....77
Шырын ҰЗАҚОВА.	Фариза Оңғарсынова. «Оюлар».....85
Қайтбек АБДЫҚАЙМОВ.	«Абай жолы» романынан үзінді.....89
Ұлдана БАЙЖАНОВА.	«Аяз би» ертегісі.....92
Берік НҰРМҰҚАНОВ.	Сайын Мұратбеков. «Қылау» әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі.....96
Анар ЖАМИЕВА.	С.Торайғыров. «Шығамын тірі болсам, адам болып», «Мен – қазақ» өлеңдерін оқыту.....101
Айсұлу СӘРСЕНБАЕВА.	Абай Құнанбайұлы. «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлак».....103
Гүлнар ЖОТАБАЕВА.	С.Мұқанов. «Лашын».....107

	Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс
Жанна АЙРАНБАЙ.	Көркем әдебиет стилі.....112
Хуралай АЛДАНЫШ.	Күшейтпелі шырай.....120
Советхан ЖАРМУХАМЕДОВА.	Фонетика тарауын қайталау.....127
Жанаргүл КҮЛКАЕВА.	Тұрақты тіркестер.....130
Майра СМАХАНОВА.	Жаңа технологияның тиімділігі.....133

Жанар ТАЛАСОВА.	Әлем әдебиеті Даниэл Дефо. «Робинзонның күнделік дәптері».....141
------------------------	---

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшиһур Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Сайдалы ОРАЗАЛИЕВ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті, «Абайтану»
ғылыми-оқу орталығының аға ғылыми
қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты,
доцент, ҚР Журналистер Одағының мүшесі.

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

XXI ғасыр – бабаларымыз аңсаған Егемендігіміз еңсесін көтере бастаған кезең. Терезесі тең елдердің қатарынан оза шауып, өркениетті 30 елді еңсеру жолына түстік. Осы орайда халықтың руханият деңгейі жоғарылау үшін саналы жастарды қалыптастыру мәселесі көлденеңдеп тұратыны анық. «Мен жастарға сенемін» (Мағжан Жұмабаев) десек те алдыңғы толқын ағалардың алдында үлкен міндеттер тұрғандығын көзі қарақты саналы азаматтар сезінетіні анық. Бүгінгі күннің талабы – техниканың тетігін білу десек те, жастардың ойлау қабілетін арттырып, қоғамдық ой-өрісін қалыптастыруда әдебиеттану ғылымында Абай тағылымының рөлі ерекше екенін жіті бақылаған кемеңгер басшы Нұрсұлтан Назарбаев: «Әдебиет – адам баласының ұстазы» деген француздың ұлы жазушысы Бальзактың: «Шегірен былғары» еңбегін оқып шығып казиноларды жабуды сол кезде ұйғардым» деген Елбасы; 9-сәуір күні (2007) телеарналар арқылы журналистермен болған сұхбатында көркем әдебиетті көп оқитынын айта келіп: «Елордамыз Астананы тез арада тұрғызуыма, орыс жазушысы Алексей Толстойдың «І Петр» кітабының әсері болды – дей келе Бальзактың «Гобсек»

деген кітабын оқыдым, «Отыз жастағы әйел» деген әдемі кітабы бар. Біздің жастар осындай кітаптарды оқыса, көп кемшіліктерден, көп қателіктерден аулақ жүрер еді деп ойлаймын» деген сөзінен, әдебиеттің қоғам дамуына әсер ету күшін байқауға болады. Барлық ғылым салалары әдебиеттен бастау алатынына бұл – бір-ақ мысал. Әдебиет «әдеп» ұғымынан бастау алса, түгел ғылым белгілі өзіндік әдепке негізделген. Қазақты түсіну үшін Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін зерде болу шарт.

Өскелең ұрпақтың ойлау қабілетінің төмендеу себебінен, ұлттық бояуы бәсеңдеп, тілді құрметтеу, өнерге деген ынта, тарихты таразылау, отансүйгіштік, болашақты болжау секілді құндылықтардан ұрпағымыз тыс қалмас үшін Абай танымын жастардың бойына сіңіру мақсатында жаңашылдық жүйесін жаңаша тәсілмен меңгеруі – бүгінгі күннің қасаң тәртібі.

Қазақстан ҰҒА академигі Асқар Жұмаділдаев: «Мені математик еткен – Абай» деуі көп нәрсені аңғартса керек. «Сәулең болса кеуденде» атты өлеңінде

«Единица – жақсысы,

Ерген елі – бейне нөл»,- деп, патшаның жердегі көлеңкесіне ерген бүкіл топты айтып отыр. Мұндағы «нөл» математикадағы жоқ сан емес, топ, көп, тобыр деген мағыналарда қолданып, «Единица нөлсіз-ақ» дегені топсыз-ақ «Единица» бір, бірлік сол единица күйінде қалады.

Единица кеткенде

Не болады өңкей нөл? – деп, ұлы ақын өзі сұрақ қойып, оған өзі жауап береді:

Көп шуылдақ не табар,

Билемесе бір кемел? – деп, жоғарыдағы «жұмбақта-рының» шешімін анықтап айтып береді.

Абайды жас мамандар арасында игертудің жедел түрлерінің бірі – кәсібіне қарай Абаймен ұштастыра

қарастыру. Болашақ физика мамандары Абай танымымен ұшырасқанда:

Бір қайғыны ойласаң,

Жүз қайғыны қозғайды, – дегені, физика заңдылығындағы Абай қолданған «қозғалыстың» түбірі – «қозғау» болса, қозғалыс – өзінен-өзі пайда болатын құбылыс емес, басқа бір дененің әсер ету күші. Физикалық заңдылықпен басталатын 20-сөзінде: «Дүние бірқалыпты тұрмайды» деген ұлы ақын «біз пендеміз, өзгереміз...» Тағдырдың жасаған өзгерісін ешкім ақылмен жасамайды, ол – табиғи құбылыс. Ұлы Абай:

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп,

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп,- деген бір шумақ өлеңінің өзінде физикалық құбылыстың бар екендігі «ойлы адамдарға» (Абай) түсінікті. «Желсіз түнде» судың беті дірілдегені несі деген сұрақ туындайды. Оны физикадағы интерференция құбылысы арқылы түсіндіруге болады. Интерференция - өте нәзік құбылыс. Ол (жарық немесе дыбыс) бір-бірімен қабаттасқанда бір нүктеде бірінің күшеюі, екінші нүктеде әлсіреу құбылысы. Оны Абай өлеңіндегі соңғы сөздері «дірілдептен» гөрі «гүрілдеп» күшейіп тұрғанын байқау қиын емес, жоғарыда айтылған интерференция құбылысындағы бірінің әлсіреп, екіншісінің күшеюін байқау қиын емес.

Енді, Абай мен химияның байланысы. Орта ғасырларда пайда болған Алхимия ұғымы VIII-IX ғасырларда кен өндіру, шиша мен қағаз шығару химия ғылымының дамуына әсері болды. Алғашқысы – ылғал, екіншісі – құрғақ бу. Ылғалды будан сынап, құрғақ будан күкірт пайда болады. Олардың қосындысынан алтын, күміс, мыс, темір, қалайы, қорғасын, шыны пайда болатындығын химия пәнінде анықталып оқытылады.

Абайдың «Әзімнің әңгімесі» шығармасында Мұстафаға бір шалдың көрік арқылы көмірдің қызуын күшейтіп, мыс еріген кезде ұсақ қара дәріні қосу арқылы алтын жасайдымыс деген ұғым:

Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,

Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын,- дегені осының айғағы. «Бергі таудың басында сол дәрі бар» деп Қап тауының шыңында ғана болатынын, оны игеру аса қиын екендігіне, ол жолда адамды құрбан етуден тайынбайтынын ұлы ақын жеткізе суреттейді. Жай металды алтынға айналдыруға болады және ол дәрі адам баласын мәңгі жасартады деген түсінік ғылымда «философиялық тас» деген ұғыммен байланысты таудың басындағы Самрұқ құс мекендейтін биік шыңда болады деген сеніммен шектеледі.

Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Абайдың ұлағатты мұрасын педагогика ғылым салаларында ғана емес басқа мамандықтардан да табуға болады. Мәселен: экономика, әлеуметтік-қоғам, саясат, ел басқару, Алланы тану, өзін-өзі тану сияқты барлық техника мен жаратылыс ғылым салаларын ұлы Абай 38-қара сөзінде: «Дүниеде ғылым захири бар, олар айтылмыштарды нақлия

деп те атайды» деп, осындағы «захири» «сыртқы» деген ұғымды берсе, басқа ғылым салалары болып шығады. Ал, «нақлия» дегені арабтың «Нақлиет» сөзінен аударғанда «тасымалдау» (транспорт) «тасымалдаушы көлік» болып шығады. Ақынның машина, фабрика (38-қара сөз), зауытты («Теректің сыйы») тілге алуы осыдан шығар.

Қазіргі бизнес мәдениетіне баулу үшін кәсіпкерлікке дұрыс бағыттап, олардың адал болуы жолында, бизнесі бекем болу үшін Абайға жүгіну керек:

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек көтін жусаң да мал тауып кел,

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас,- деген Абай бизнестің қас жауы «талапсыз», «еріншек», т.б. бойкүйездіктен қашып, ерінбей адал еңбек етуге шақырады.

Абайдың заңгерлігі өзінің тікелей әрекетімен орындалған. 1885 жылы Абай 93 баптан тұратын Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін бекітті. Олардан: «Ұрлыққа жәрдем еткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады» (40-бап), «Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, алған қалың малын қыз әкесі күйеуіне қайтарады» (46-бап) деген жолдарын оқуға болады. Билер осы заң аясында билік айтатын болды. Абай мұрындық болған заң ережелері бүгінгі Қазақстан Республикасы Ата Заңындағы (Конституция) 16,18-баптарының 1-тармақтарына негіз болғандығын көреміз.

Қорыта келе айтарымыз, «Ғылым адамды топастықтан, ал әдебиет дөрекіліктен құтқарады» (Н.Г.Чернышевский). Бүгінде адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік, шын сыйластық сияқты қадірлі қасиеттер жұтаңдап, жастарды ата-аналар, аға буын ағалар, ұстаздар, тіпті құқық қорғау орындары ауыздықтай алмай жүрген шақта, көркем әдебиет ғана қарсы күресе алатынына

сеніміміз мол. Оның ішінде абайтану бағыты ерекше рөл атқаратыны ақиқат.

Біз жоғарыда айтқандай Абайдың басқа ғылым салаларымен байланыстарын және М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын оқығандармен пікір сайыс жүргізетін апталық телебағдарлама қажет-ақ. Мақсатымыз – Абай арқылы басқа пәндерді игеруге мүмкіндік беру.

«Білім жарысының басқадан артық бір жері, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды», - деп, А.Байтұрсынұлы 1913 жылы «Білім жарысы» деген мақаласында-ақ айтып қойған екен. Телеарналарда мейрімсіздікке тәрбиелейтін, қатыгездіктің ұрығын шашатын шет елдік бейне көріністерден жастарды сақтандыру – бүгінгі күннің талабы. Орыс жазушысы А.Г.Битовтың «Адамзат өмірінен әдебиет кетер болса, сақырлаған қару, сықырлаған тиындар билейді» дегені еріксіз еске түседі.



**Үміт БАЙҒАЛИЕВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
университетінің магистранты.**

ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛЬ МӘТІНІН ҚҰРУДАҒЫ ИНТОНАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ ЖӘНЕ ӘУЕННІҢ ҚЫЗМЕТІ

Интонация мен сөйлеу – бірін-бірі толықтырып тұратын ажырамас бірлік. Интонациясыз сөйлей алмаймыз, ал сөйлеу

арқылы ғана интонация жүзеге асады. Интонация адам туралы негізгі белгілерді аша отырып, оның көңіл-күйін, мінез-құлқын бере алады. Сонымен қатар, өз пікірін, ойын толық түсіндіру үшін дауыс ырғағының ықпалы күшті екендігі аңғарылады [1].

Кез келген тілдің интонациялық жүйесін анықтауда синтагма арқылы бір байламда тұратын интонацияның негізгі компоненттерінің маңызы зор. Әуен, қарқын, ұзақтылық, кідіріс, үдемелік, тембр – просодикалық тәсілдер немесе интонацияның негізгі компоненттері деп аталады [2]. Сөйлеу тілінде осы аталған компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты болады. Олар өзара түрлі қарым-қатынасқа түсіп, сөйлемнің әр алуан түрлерін тізіп, бір-бірінен ажыратушы қызмет атқарады.

Интонацияның компоненттері кез келген тілде қолданылатын әмбебап просодикалық тәсіл және олар тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады.

Интонация компоненттері сөйлеу кезінде жеке-жеке емес, бір-бірімен бірігіп, кейде біреуі басым түсіп, кейде барлығы бір деңгейден көрініп, сөйлемді ұйымдастырып, безендіріп тұрады. Әуен, ырғақ, кідіріс, қарқын сияқты танымдық тәсілдер қолданыс тілі стилистиканың барлық саласында өзінің стильдік бояуымен, көркемдігімен белгілі бір қызмет атқарады. Көркем мәтінді дыбыстап оқығанда интонация компоненттерінің қызметі айқын көрінеді. Стильдік заңдылықтар дауыс сазымен астасып, керексіз пайымдауды болдырмайды, түсінуге кедергі жасайтын стильдік қателерге жол бермейді. Интонациялық компоненттер арқылы қандай сөйлеу үрдісінде болсын (дискурста, шығарма тілінде, мәтінде, тіл дыбыстарында) стилистикалық бояу анық байқалады.

Функционалды стильдерде интонация компоненттері

тек эмоционалды-экспрессивтілікті ғана білдірмей, әр түрлі мақсатқа құрылады және дыбыс күші, қарқыны, екпіні, кідіріс сияқты дыбыс үйлесімділіктері әр стильде әр түрлі дәрежеде көрінеді.

Интонация компоненттерінің бірі – әуен. Әуен адамның көңіл-күйін, эмоциясын білдіретін интонациялық тәсіл болғандықтан, қуаныш пен реніш, ашу мен мысқыл, көңілдену мен мейірлену сияқты сезімдер беріледі.

Бір тілден екінші тілді ажыратуда жетекші қызмет атқарушы, белгілі бір тілге ғана тән өзіндік әуені болады. Сөйлеу барысында атқаратын қызметі алуан түрлі. Ол, ең алдымен, сөз ағымын бөлшектеп жіктеуге де, олардың басын қосын біріктіруге де қатысып, айтылған сөздің коммуникативтік түрін ажыратып, лексикалық және грамматикалық тәсілдермен сабақтасу арқылы оның мағынасын білдіреді. Сондай-ақ сөз тізбектерін синтагма деңгейінде мүшелеп, логикалық және эмоциялық мазмұн жеткізуде орын алады.

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте: «Әуен – дыбыс әуені, дыбыс дірілінің түрлерімен байланысты. Сөйлеу тілінде, ең алдымен, дауыстыларға қатысты мәселемен байланысты. Әуен термині француз тілінен алынған, фонетикада – дыбыстың жиілігіне байланысты болатын дыбыстың реңі, музыкада әуен дыбыстың сапасын, үн биіктігін белгілейді. Сөйлеу әуені - интонацияның негізгі бөлігі. Сөйлеу әуені негізгі үн жиілігінің өзгеруіне байланысты болады. Сөйлеу әуенінің көмегімен сөйлемнің сұрақ, хабарлы, бұйрықты, лепті және импликация деген түрлері жасалады. Сөйлеу әуені белгілі бір сезімді білдіреді: мысқыл, әжуа, астар, т.б. Сөйлеу әуеніне лексикалық талдау жасағанда бірнеше әуендік диапазон (үндердің жоғарғы және төменгі жиілігінің ауытқуы), интервал (музыкалық терминдермен берілетін үндер жиілігінің арақатынасы), деңгейлер негізгі үн

жиілігінің жылжу бағыты (жоғарғы, төменгі, бір қалыпты) алынады» делінген [3].

Әуен – интонацияның басты компоненті. Себебі, қай тілдің болса да, басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде әуеннің рөлі ерекше және сол тілдің өзгешелік белгісі бола алады. Әуенсіз ауызша сөйлеу барысында ешбір тиянақты ойды білдіре алмайды. Әуен дегеніміз – дауыс толқындарының тербеліс жиілігі деп ғылыми анықтама берілген. Әуеннің сөйлемде атқаратын қызметі әр алуан. Біріншіден, сөйлеу тілінің ағысын бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен және кідіріс. Екіншіден, сөйлемдердің коммуникативті түрлерін анықтауда, яғни, олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, лепті, сұраулы) бөлінуіне үлкен қызмет атқарады. Үшіншіден, грамматикалық және лексикалық тәсілдермен қосылып, сөйлемдердің жалпы мағынасын беруде, оның стильдік ерекшеліктерін анықтауға қатысады. Төртіншіден, сөз тізбектерінің синтагмалық акценттелуімен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Акустикалық жағынан алғанда, әуен сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын негізгі тон жиілігіне сәйкес. Оның бір өзгешелігі – сөйлеу тілінің негізгі тон жиілігінің сөйлеу үрдісінде ұдайы өзгеріп тұруы. Интонацияның тоналды интервалы болымды және болымсыз болып екіге бөлінеді. Егер де салыстырмалы өлшемнің біріншісінің интервалы оның екіншісінен кем болса, онда тоналды интервал болымды болып есептеледі. Ал егер, керісінше болса, онда болымсыз болады. Синтаксистік ең маңызды шағын өлшемдер, яғни, синтагмалар мен сөйлемдер өзіне тән тоналды интервалдармен сипатталады.

А.М.Фазылжанованың зерттеуінде, әуен барлық тілдердің интонациясында маңызды қызмет атқарушы

компонент болып табылады. Тек қытай мен вьетнам сияқты әуенді тілдерде ғана оның интонациялық қызметі көмескі, себебі бұл тілдерде әуен, ең алдымен, сөздердің мағынасын ашуға қатысады. Мысалы, қытай тіліндегі бір ғана *ма* буын-сөзін түрлі сөзбен айтқанда, оның мағынасы өзгеріп отырады. Ал, түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінде әуен: 1) сөз мағынасындағы синтагмаларды ажыратып, яғни, сөз ағымын мағынасы жағынан қандай да бір ақпарат бөлігін жеткізетін топтарға жіктейді; 2) коммуникативтік мақсатын ажыратады; 3) сөйлемнің аяқталған, аяқталмағандығын белгілейді; 4) синтагмалар арасындағы қатынастың түрлерін анықтайды[4].

Осы көрсетілген әуеннің қызметтеріне жеке-жеке тоқталсақ: 1) Синтагма – сөз ағымындағы қандай да бір ақпарат бөліктерін жеткізетін сөз топтарының мағыналық жағынан тұтасқан бірлік екені алдыңғы тараулардан белгілі. Синтагма дегеніміз не? Синтагма (грек. *syntagma*-қосылған, бірге қаланған) – 1) мәтінде берілген бір ұғымды білдіретін интонациялық-мағыналық бірлік. Синтагма бір сөзден, сөздер тобынан және сөйлемнен тұруы мүмкін. Л.В.Щерба синтагманы тұтас мағынаны білдіретін фонетикалық бірлік ретінде қарастырады. Синтагмаға бөлудің негізгі құралы – кідіріс. Ол сөйлеу әуенімен, ырғағымен, үдемелілігімен қоса жұмсалады. Синтагманың соңғы тұрған сөзіне ең күшті екпін түседі; 2) белгілі байланыс түрімен жасалған, екі не одан да көп тіл бірліктерінің тізбегі (Ф.Де Соссюр). Сөз ағымында тыңдаушы үшін қажетті ақпарат осы тондардың бір-біріне қатысы арқылы беріледі. Ақпаратты жеткізетін сөздер, олардың мағыналары. Дегенмен, осы сөздер сөйлеу барысында дұрыс топтасып, ұйымдасып, тиісті әуенмен өрнектелмесе, олардың мағыналары көмескіленеді. Синтагмаларға жіктеу тек әуен арқылы ғана жүзеге аспайды. Бұл жерде кідірістің де қызметі зор. Яғни, синтагмалар бір-

бірінен кідіріс арқылы бөлінеді де, өзіндік әуен контурымен ерекшеленеді.

2) Сөйлемдер коммуникативтік мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті болып бөлінетіні бізге белгілі. Жазба мәтінде бұны арнайы тыныс белгілермен көрсетеді. Ал, ауызша мәтінде олардың мақсаттары тек қана интонация, оның ішінде әуен өзгерісі арқылы ажыратылады. Мысалы, - Кім келді? – Үсен. - Үсен? - Иә, дәл өзі-деген диалогтағы бір Асан деген сөзден тұратын сөйлемнің мазмұны – бір болғанымен, мақсаты – әр түрлі, біріншісі – хабарлау мақсатында (көтеріңкі-бәсең әуенмен айтылады), ал екіншісі – сұрау мақсатында (көтеріңкі әуенмен айтылады) қолданып тұр. Бұлардың мақсаттарының екі түрлі екені айтылу әуенінен белгілі болады. Осы интонацияны бұзып айтсақ, тілдік коммуникация мақсаты орындалмай қалады.

3) Айтылған ойды білдіретін сөз бөлігі тиянақты әуенмен айтылады.

4) Әуен сөйлем құрамындағы қандай да бір мағыналық-грамматикалық қатынастар негізінде топтасып тұрған бөліктердің бір-біріне қатысын білдіреді. Қатынас дегенде синтаксистік қатынасты, яғни, анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық немесе болымдық, болымсыздық дегенді ойламау керек. Интонация жалпылаған қатынас түрлерін білдіреді, ол көбінесе мағынамен байланысты болады. Мысалы, интонация арқылы сөз бірліктері арасындағы қарсылықты, санамалау сияқты жалпы мағыналар білдіреді. Осы мағыналарды жеткізуші фонетикалық сигналдардың негізгісі әуен өзгерісі болып табылады. Мәселен, екі сөз бөлігіндегі топтасқан сөздердің мазмұны бір-біріне қарама-қарсы болатын болса, олардың арасынан әуен сызығы үзіліп, біріншісінің соңындағы әуен нүктесі екіншісінің бастапқы нүктесінен әлдеқайда жоғары болады.

Сонымен, көптеген тілдерге бірдей келетін интонацияның қарама-қарсылықты, түсіндіру-анықтауды, санамалауды, логикалық белгілеуді, қыстырмалылықты көрсететін просодикалық тәсілдерінің бар екені белгілі. Ал, олардың қолдануында өзіне тән ерекшеліктер болуы мүмкін. Интонацияның эмоциялық түрлерінің әуені де тілдердің көбінде біркелкі не ұқсас болып келеді. Бұған мысал ретінде жағымды, жағымсыз, қуаныш пен ренішті білдіретін интонацияның әуенін алып қарауға болады. Сондай-ақ, сөйлемнің өн бойынан көрінетін мұндай әуенде сөйлеушінің көңіл-күйі, сыйластық, салқын сыпайылық, енжарлық, мысқыл, ризашылық, құрмет, күдік, күмән, сенімсіздік, үгіт байқалады. Әрине, әр тілдегі интонация компоненттерінің көрінісі сол тілдің интонациясының жалпы ерекшеліктеріне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Ж.Аманбаева. Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты: фил. ғыл. канд. ғыл. автореф. А., 2006.
2. З.М.Базарбаева. Қазақ тілі интонациясының негіздері. А., 2002.
3. Е.Абақан. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. А., 1998.
4. А.М.Фазылжанова. Қазақ тіліндегі қос құрамды құрмалас сөйлемдердің интонациясы: фил.ғыл.канд. автореф. А., 2000.

Резюме

В данной статье рассматриваются некоторые особенности методики, а также роль основных интонационных компонентов в оформлении функционального стиля.

Resume

The present article describes some features of melodic, and also role of basis intonation components in text creation of the functional style.

Салтанат ДОСЫМАХОВА,
Орталық Азия университетінің
Халықаралық қатынастар және
гуманитарлы ғылымдар факультетінің
магистранты.

ШИЕЛЕНІСКЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Қақтығыстар – қазіргі қоғамның әлеуметтік және саясаттық өмірінің маңызды құбылыстарының бірі болып саналады. Адамның қоғамдағы өмірі күрделі және жеке индивидтердің, сонымен қатар үлкен және кіші әлеуметтік топтардың қызығушылықтарының қақтығысына жиі алып келетін қарама-қайшылықтарға толы екендігі баршамызға анық.

Адамдар қарым-қатынас барысында ақпарат алмасу, жеткізу, таратудың әр түрлі деңгейлерінде көптеген коммуникативті кедергілер мен бөгеттерге жолығады. Бұл өз алдына шиеленіскен қақтығыстық жағдайларды тудырады.

Қарым-қатынас психологиясындағы тіл мәселесін зерттеу лингвистикаға да тән, осы екі ғылымға да ортақ дүние ол – қарым-қатынастың вербалды жағы, сөздің құрылысы және сөйлеушілердің жеке қасиеті [1].

Сіздің ақпаратты жеткізудегі атқаратын жұмысыңызға нақтырақ тоқталайық. Бастапқыда мына сұраққа жауап берейік: біздің айналамызда ішкі дүниемізде біз сөзбен айтып

сипаттай алмайтын нәрселер көп пе? Ең болмаса жуықтап, сенімсіздеу, нақты болмаса да? Әрине, аз. «Қалам» сөзі ертеректе «қаламсап» деп айтылған, бірақ сөздің мағынасы бұрынғыша өзгермей қалды: «жазатын құрал».

А.Б.Добровичтың айтуынша адамның ерекшелігі сонда, заттардан оның қасиеттерін бөліп қарауды үйренгендігінде, өз бетінше бар болуын қарастыруы. Бұның бәрі сөздермен «белгіленеді». «Тас» бұл жартас, жұмыр тас немесе беті тегістелген плита да тас болып саналады. «Дөңгелек» сөзі де күн, бас, алмаға да айтыла береді. Сонымен адамдар үшін шын өмір «заттанудан» тұрады, ал осы уақытта жануарлар үшін бұл беймәлім. Осындай сөздердің көп мағыналылығы мәдениеті дамыған халықтар тілінде кездеседі. Американдық зерттеуші Боас, Эскимос тілінде «қар» деген сөздің жоқ екендігін тапқан. Жер үстін жапқан қарды «апут» деп, ал күрткі қарды «кимуксус» жауып жатқан қарды «кана», ал желмен ұшырылған қарды «пиксирпок» дейді екен [2].

Егер адамның әлемі «заттанған» болса, бұл оның шын өмірде қабылдауын түбімен өзгертеді. Көптеген жануарлар бір-бірімен ырылдап, мияулап, үріп байланысып жатады. Дегенмен бұны тіл деп атауға болмайды, бірақ олардың басында осы дыбыс бірдей ойды тудырып, бір жағдайға қатысты түсінігі болуы мүмкін. Дыбыстарды түсіну оларға жас кездерінде үйретіледі деп ойлауға болады. Әрине, бірінші кезде олар тек үлкендерге еліктеп, мимикаларын қайталап, дауыс шығарып үйірінде үйренуі мүмкін.

Шартты рефлексстер осы дауыстарды, қимылдарды шындықпен қосады. Бірақ қарапайым үйрену деп қарауға болмайды. Өйткені өмірі үйірде болмаған жануар мен үйірдегі жануардың екеуінің дауыстауы, мимикасы,

қимылдары өте ұқсас болып келеді. Осыған үйрену эволюцияның жоспарлауы тек, жануарға тән іс-әрекеттер формасын жасауды қамқорлығына алған болуы керек.

Егер әр дыбыстың арнайы тек өзіне тән мәні болса «нан» сөзі әр түрлі тілде әр түрлі дыбысталуы мүмкін. Бастысы – осы елдің барлық адамдары осы дыбыстар жиынтығы «нан» деген түсінік беретініне, келіссе.. Міне, сонда ғана дыбыстар жиынтығы «сөзге айналып, тілдің құрамына кіреді».

Тіл – адамға берілген баға жетпес сый. «Тілмен айта алмағаныңды, саусағыңмен шұқып, көрсете алмайсың»- дейді халық.

«Біздің тіліміздің басты мәні, оның ерекше жеңілдігінде, тіл арқылы біз барлығын: «шектелген ойды, ішкі лирикалық сезімді, риза болмау айғағы, жалындаған тентектікті, дүр сілкіндірер құмарлықты білдіреміз» деп жазды А.И.Герцен. Өмір сүруші халықтың санынан әлемдегі тілдер саны аз емес, қайта көп ғалымдардың есептеуінше қазіргі кезде адамдар 3000-ға тарта тілде сөйлейді екен. Миллиондаған адам бір тілде сөйлесе, ал бір тілде бірнеше ғана адам сөйлейді [3].

Халқының саны неғұрлым көп болса, соғұрлым осы тілде сөйлейтін адам да көп. Көп тараған мәнерлі, бай тілдердің бірі - орыс тілі, оны 250 млн жуық адам қолданады. Индия тілдері-хинди және урду тілдерімен 200 млн адам тілдеседі. Сонымен бірге «он үш ұлы тіл» бар. Бұлар – жер бетіндегі адамдардың 50 пайызы сөйлейтін тілдер. Айтып өткен қытай, ағылшын, хинди, урду мен орыс тілдерінен басқа испан (210 млн), неміс (100 млн), жапон (110 млн), француз (95 млн), бенгал (125 млн), индонезия (130 млн), португал (115 млн), италия (65 млн), араб (127 млн) тілінде сөйлейді.

Ал қандай тілді сәнді деп айтуға болады? Әсілі халықаралық қатынастарда жиі қолданатын тіл болса керек. Егер бұрын француз және испан тілі қолданылса, қазіргі кезде ағылшын тілін қолданады. Осы тілде 350 млн адам сөйлейді.

Біздің әрқайсымыз мектепте ана тілімен қатар қандай да бір шет тілін үйренсек, оның біршама қиын екенін білеміз. Ал бір адам неше тіл жаттап алуы мүмкін? Қанша қаласа сонша тіл үйрене алады. Бақылаулар көрсеткендей адам қаншалықты көп тіл білсе, жаңа тілді соншалықты тез, жеңіл үйренеді екен. Бұл үшін алғашқыда негізгі тілді үйреніп, сосын оған жақын туыс тілдерді үйрену қажет.

Неміс археологы Генрих Шлиманға француз бен ағылшын тілін үйренуге 2 жыл қажет болса, соңынан ол жаңа тілді санаулы апталарда немесе күндерде үйреніп алуға жаттыққан. Мысалы, Шлиман Венесуэлаға жаңа қызметке кетерінде Гамбург қаласынан кемеге мінер алдында жолдастарына былай деген еді: «Мен Каракастан түскенде испан тілінде сөйлейтін боламын». Расында да ол кемеңің жүзу барысында испан тілін де үйреніп алды. Бұған испан тілін де жазылған кітап көмектесті, оны Шлиман басқа тілдерде жатқа білетін еді. Жаңа тілді үйренбес бұрын ол әр уақытта осы кітаптың аудармасын тауып алатын. Ол осы тәсілмен 14 тілді үйренеді.

Шлиманның есте сақтау қабілеті нашар болатын. Бірақ ол өмірін ерте дәуір әлемін зерттеуге арнағысы келді, бұл үшін оған көп тілді білу қажет еді. Шлиман табанды жаттығулар арқасында, күніне прозалық мәтіннің 20 бетін жаттап алуға қол жеткізді. Өте сирек кездесетін есте сақтау қабілетіне қол жеткізген соң тілдерді жеделдетіп үйрене бастады. Мысалы, 6 апта ішінде шетелдіктерге өте қиын саналатын орыс тілін үйреніп алады.

Орта ғасырларда бұндай қабілеті бар адамға күмәнмен қарайтын. Адам сенбейтін жылдамдықпен шет тілдерін үйреніп алғаны үшін XVII ғасырда Финляндияда бір студентті соттаған. Жауапқа тартылған студентті өлім жазасына кеседі, «перілердің сиқырына ұшырады» деп шіркеу де айыптауды қолдайды. Бұл басқа тілді үйренудің өте қиындығы туралы ойлардың ерте кезде де болғанын растайды. Дегенмен көп атақты адамдардың (оларды полиглот деп атайды) он шақты тілді білетіні бізге белгілі. Кардинал Мецофанти (1774-1849) 100-ге тарта тілдерді білген. Франкфур Майнл қаласының тұрғыны, неміс лингвисті Л.Г.Шютц 270 тілде сөйлеген. А.С.Пушкиннің замандасы дат ғалымы Копенгаген қаласының тұрғыны Р.Х.Раск да қалыспаған. Ол бүкіл әлемді аралап шығып, 230 тілді біліп, 28 сөздіктің авторы болды [4].

Кейде тілдер жұмсақ және қатты түрге бөлінеді: қатты тілдерде әр белгіге бір ғана түсінік қатысты болады. Мысалы, математика символдарының тілі. Бір түсінік өзгеріп, нақты маңызды ойлармен толтырылып жатса, басқалары ескіріп, өзінің маңызын жоғалтып, ауыстыруды талап етіп жатады. Бұл – табиғи құбылыс.

Жұмсақ тілдер өзінің көп мағыналылығымен ерекшеленеді. Мысалы, пантомима тілі. Мим арқанды тартып жатқанын немесе жардың шетінде тұрғанын бейнелесе біз бірден түсінеміз. Бірақ оның бір пластикалық қимылы неге ұқсайтыны белгісіз. Егер ол өзінен біреуді қуса, артқа шегінетін еді, бетін қолымен жапса бұл қорқыныш болып саналады. Бірақ ол басқа нәрсе істейді. Біз толығымен түсінікті тілге аударып бере алмаймыз, бәрібір түсінеміз, сезінеміз. Толқимыз. Сөз+ сөз= тіл

Біз тілді ақпарат тарату үшін қолданған кезде ол сөзге айналады. Сол себепті тіл мен сөз бір-бірімен тығыз байланысты, бұл екеуі тұтас бір нәрсенің екі аспектісі: Сөз дегеніміз – тілдің көмегімен араласу (әсер ету, хабарлау, білдіру) қызметі. Сөз – бұл қызмет етуші тіл немесе вербальды коммуникация. Вербальды коммуникация құралы ретінде сөздер қолданылады. Біз сөздерді әр түрлі етіп пайдаланамыз: оларды дауыстап айтуымыз, іштей күбірлеуіміз, жазуымыз, ерекше ыммен белгілеуіміз мүмкін.

Кей кезде тіл адамның шынайы бейнесін жасырады деп есептеледі. Сөйте тұра тіл сөйлеушінің еркінен тыс ойын көрсетіп беруі де ықтимал. Бала кезімізден бастап біз ана тілімізді ғана емес, өз заманымыздың, өз әлеуметтік тобымыздың, өз отбасымыздың, қоршаған ортамыздың да тілін меңгереміз.

Міне, сондықтан қарым-қатынастың туындауында тілдің алатын орыны зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.А.Петровская. О понятной схеме социально–психологического анализа конфликта. М., Смысл, 2007. С.328-412.
2. А.Б.Добрович. Воспитателю психологии и психогигиена общения. М., Просвещение, 2004.
3. Е.С.Самойленко. Основные направления экспериментального исследования речи в ситуации общения/ Психологический журнал. №4. 2005. С. 153-158.
4. Дж.Ниренберг, Г.Калеро. Как читать человека словно книгу. М., 2000.
5. Б.В.Ломов. Категория общения и деятельности в психологии //Вопросы философии. 2009. №8. С.34-47.

Индира ӨМІРЗАҚОВА,
Орталық Азия университетінің
Халықаралық қатынастар және
гуманитарлы ғылымдар факультетінің
магистранты.

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНДАҒЫ КОНФЛИКТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРІ

Біз ХХІ ғасырда ғылыми-техникалық үдеріс пен компьютерлендіру ғасырында өмір сүріп отырмыз. Адамзат өзінің дамуында көп ілгері жылжыды.

Сонымен қатар бүгінгі күнгі біздің планетамызда тұратын адамдардың басына көптеген девиантты мінез-құлықтың түрлерін игеру қаупі мәселесі алдыңғы қатарда тұр. Елімізде саяси-әлеуметтік және экономикалық ахуалдың өзгеруі халықтың әлеуметтік қалыптасуының бұзылуына әкеп соқтырады.

Девиантты мінез-құлық мәселесі қазіргі таңда тек психолог мамандардың ғана емес, сонымен қатар әлеуметтанушы, педагог, құқықтанушылардың да назарын өзіне аударып отыр.

Әсіресе девиантты мінез-құлықтың жасөспірімдер арасында кең тарауы бізді көп ойландырады. Себебі, бұл кезең адамның тез өсуімен, жасөспірімнің психофизиологиялық ерекшеліктеріне әсер ететін жыныстық жетілу үдерісіндегі ағзаның қалыптасуымен сипатталады. Жаңа психологиялық және тұлғалық сапалардың қалыптасу негізі қарым-қатынастың әр түрлі: оқу, өндірістік, шығармашылық, тағы

басқа кезеңдерінде құрастырылады. Бұл жаста ерекшеліктің көріністері, өзіндік сананың дамуы және өзіндік бағалау, өзінің тұлғасына, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне деген қызығушылық қалыптасады. Белгілі психолог Л.С.Выготский жасөспірім кезеңде (14-18) екі үлкен өзгеріс болады, ол ағзадағы жыныстық жетілу және өзінің «Мен» мәдениетінің ашылуы, тұлғасының және дүниетанымының қалыптасуы деп көрсетеді [1].

Ал, Г.Шпрангер өзінің мәдени-психологиялық тұжырымдамасында жасөспірімдік кезеңді мәдени өсу деп анықтайды. Бұл кезеңдегі дағдарыстың болу мазмұны балалық тәуелділіктен босану болып табылады. Г. Шпрангер бойынша жасөспірімдік кезеңдегі басты жаңа білім – «Менінің» ашылуы – өзінің жеке даралығын сезінуі.

Әрбір кезеңнің өз алдына белгілі бір ерекшеліктері бар, сол сияқты жасөспірімдік кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бұл: ата-аналарының қадағалауынан босанып, тәуелсіздік алу, «Мен» тұжырымдамасы және тұлғалық элементтердің қалыптасуы.

Отбасында баланы тәрбиелеуде кететін қателіктер: ата-аналардың балалар мінезіндегі өзгеріске назар аудармауы; әр түрлі себептерге байланысты балаларына көңіл бөлмеуі, жұмыс басты болуы; балалардың ойларымен санаспауы; дүниеқорлық, алдау, жалқаулық, өзімшілдік сияқты жат қылықтарды бала бойына сіңіруі нәтижесінде балалардың бойында сенімсіздік, өзіне-өзі көңілі толмаушылық, темекі тарту, ішімдік ішу, есірткі қабылдау, өзімшілдік, өзгелердің ойымен санаспау, өз ісін алдап-арбау арқылы жүзеге асыру қалыптасады. Баланың девиантты болуына отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы, адамгершілік қадір-қасиеті, қоршаған ортаға көзқарасы, дүниетанымы, әдет-дағдылары да баланың мінез-құлқының жағымды не жағымсыз болып қалыптасуына әсерін тигізеді.

Қоғамдағы жат қылықтардың көптеп тарауы өкінішке орай, балалық және жасөспірімдік кезеңнен-ақ басталады. Мұны әлеуметтанушылардың, дәрігерлердің, педагогтардың, психологтардың зерттеулері дәлелдеп отыр.

Жасөспірімдер мен жастардың жат қылықтарға әуестенуінің негізгі себебі: білімінің төмендігі, мәдениет деңгейінің жеткіліксіздігі, ең бастысы, қызығушылықтың шектеулігі, қоғамдық пайдалы іске деген ниеттің жоқтығы.

Ішімдікке салынуының басты себебі – тәрбиенің дұрыс болмауы, балалар мен жастардың бос уақытын қалай өткізетініне ата-аналар тарапынан бақылаудың жоқтығы, ортаның қолайсыздығы деп те айтуға болады.

Девиантты мінез-құлықтың бірден-бір себебі – отбасындағы ата-ананың баламен дұрыс қарым-қатынас жасамауы болса және баланың тәрбиесіне тікелей әсер ететін бұқаралық ақпарат құралдары, теледидар арналарынан сапасыз хабарлардың көптеп көрсетілуі. Осының нәтижесінде елімізде әр түрлі қылмыстар мен теріс мінез-құлықтар көптеп етек алуда. Теледидарда көрсетілетін хабарларға шек қойылмағандықтан балалар әр түрлі кинолардан көрген зорлық-зомбылық, төбелес, шабуыл, ату, өлтіру сияқты, т.б. әрекеттерді ойын кезінде ойыншықтарымен сомдайтынын күнделікті өмірде өзіміз де көріп жүреміз. Сондықтан бала санасының дұрыс қалыптасып, психикасының дамуын жетілдіру үшін бала санасын улайтын мұндай хабарлардың көрсетілуіне әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан шектеулер қойылуы керек [2].

Белгілі психолог К.Бютнердің айтуы бойынша осындай ойындар, бейнетаспалар, теледидар хабарлары девиантты мінез-құлықтың негізгі себебі болады дейді [3].

В.М.Мясичев, Н.А.Коновалов, В.Д.Димов девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің пайда болу себептерін үш топқа бөлген:

Әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар мен орталары ұйытқы болған;

Жүйке психикалық жай-күйлерінің нашарлауынан туындаған;

Құқықты ұстамаған қылмыскер, қатігез, жауапсыз, қаңғыбас балалардың ықпалы әсер еткен [56].

Л.В.Занков, М.С.Певзнер, В.Ф.Шмидт баланы девиантты мінез–құлықты жасөспірімдердің қатарына қосатын: отбасы, мектеп және көше жолдастары, яғни, қоршаған ортасы болса, дұрыс жолға түсіретін мүмкіндіктер: оның алдын-алу, оқу-тәрбие жағдайында қоғамдық жұмыстарға тарту, оңды қасиеттерін сұрыптап алып, соның негізінде өзіндік сенімін арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуге тарту немесе қылмыстық әрекеттер дәрежесіне орай арнаулы тәрбие мекемелеріне бөлуді жатқызған [4].

Қазіргі кездегі саны күннен күнге көбейіп бара жатқан девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер қайдан пайда болады? Бізді ойландыратын да осы сұрақ. Дүние есігін жаңа ашқан сәбилер о бастан “девиантты” немесе “девиантты емес” болып бөлінбейді. Бұл қалай? Бұған жауапты алыстан іздеудің қажеті бола қоймас. Дұрысын айтқанда, мұны әрбір ата-ананың өзінен-өзі іздегені дұрыс.

Қоғамда өмір сүрудің алғашқы әліппесін адам қоршаған айналаға қарым-қатынас тәжірибесінен, отбасынан үйренеді. Халықтың “Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің” деген мәтелі тегіннен-тегін айтылмаса керек.

Жасөспірімдердің бірден девиантты бола салмағанын зерттеу нәтижелері де көрсетіп отыр. Ол өмірде әке-шеше мейірімі, қамқорлығы дегеннің не екенін білмей өсуі, не болмаса оның нағыз достары да болмауы мүмкін. Сондықтан да нашар органың ықпалына түсіп, төбелес-жанжалға үйірсек болып, бұзақыларға қосылуы ықтимал.

Ата-аналар мен жасөспірімдердің арасындағы қарым-қатынас сипаты олардың болашағына қатты әсер етеді. Үлкендер балалардың орнына бірдеңені жиі жасай салуға тырысады не бәрін жасай салады немесе олардың іс-әрекетінің әр қадамын қадағалап, кірісіп отырады. Бұндай жағдайда жасөспірімде таңдау болмайды, оларға өз бетінше шешім қабылдаудың қажеті жоқ болады. Осыдан өмірде кездесетін әр алуан жағдайлармен бетпе-бет келгенде дәрменсіздік, тұрақсыздық пайда болады. Жасөспірімнің мінез-құлқын анықтайтын негізгі мотив – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеуді қалау бұндай тыйымдар атмосферасында жүзеге аспай қалады. Осының кесірінен өзара қарым-қатынас босаңсып, тіпті нашарлап кетуі мүмкін. Ата-аналар жасөспірімдердің өздерінің пікірін елемей, олардың нұсқауына қарсы әрекет етуін, олардың бақылауына қарсылық көрсетуін байқайды.

Психологиялық жанжал атмосферасы. Отбасында ұрыс-керістің жиі болуы балаға қатты әсер етеді. Бұндай күйде балалар ықпалға тез көнеді, өйткені олар ішкі күйзелісінен арылуға тырысады. Отбасындағы сәтсіз жағдайлар әр түрлі болады: ұрыстар, өзара түсініспеушіліктер, жасөспірімге деген ата-ана мейірімінің жетіспеушілігі. Өмірдің әр түрлі кезеңінде осы факторлардың әрқайсысы келеңсіздік тудыруы мүмкін, бірақ олардың ықпалы әр түрлі болады [5].

Осы орайда нақты деректерге жүгінер болсақ, қалада жайсыз отбасының, яғни, “қиын” ата-ананың көбеюі девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер санының арта түсуіне әкеліп отырғаны анық.

Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы девиантты (әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлық) мінез-құлықтың пайда болуына әкеп соғады. Олар: әке-шешесінің теріс үлгісі, ата-ананың біреуінің болмауы, үй ішіндегі еңсені басатын ауыр жағдай –

отбасында өнебойы болып тұратын ұрыс, жанжал. Баланың табиғи-психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, т.б. Өкінішке орай, отбасының теріс қылықтарын атап көрсету оңай, түзету – қиын.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер: жекелеген оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығушылығы мен талап-тілегін ескермеу.

Сонымен девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді педагогикалық мінездемелері жағынан төрт топқа бөлеміз.

Бірінші топқа жататын девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің мінез-құлқында дөрекілік, қатігездік, мейірімсіздік, үлкен-кішіні сыйламау сияқты әдет-дағдылар толық қалыптаспағанымен, олар іштей өз жүріс-тұрыстары мен іс-әрекеттеріне баға бере алмайды. Бірақ өз мінез-құлқын өзгертуге талаптанады.

Екінші топқа жататын жасөспірімдердің адамгершілік қадір-қасиеттері төмендей бастаған, әлеуметтік бағдарлары қоғамға жат сынаймен сипатталады. Бұлар қатігездік қылықтарымен қатар, ұрлық, тонау, зорлық-зомбылық жасау, темекі мен наша тарту, уытты сұйық заттарды иіскеу сияқты әдеттерге икемдене бастаған.

Бұл топқа тәртібі нашарлаған, құқық тәртібін бұзушы жасөспірімдер жатады, бірақ бұл балалар әлі бұзыла қоймаған, өз жүріс-тұрыстарын түзетуге мүмкүндік-қабілеті бар, тек педагог тарапынан басқаруды талап етеді.

Үшінші топқа өз мінез-құлықтарын басқара алмай, өзін-өзі тәрбиелеуге бейімділіктері жоқ жасөспірімдердің шағын тобы жатады. Олар – өздерінің теріс қылықтарына талдау бере алмайтын кәмелетке жасы толмаған қылмыскерлер. Бұл топқа қатігездік, зорлық-зомбылық көрсетумен қатар ұрлық, тонау, ішімдік және наша тарту істеріне әбден машықтанған жасөспірімдер енеді.

Төртінші топқа жүйке ауруларына (невроз, неврастения, кісіні мезі қылатын әдет) шалдыға бастаған балаларды жатқызамыз. Мұндай жасөспірімдерге педагогтар мен дәрігерлер тарапынан дербес қарым-қатынас, ілтипат, сый-құрмет, жылы лебіз қажет. Енді девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің пайда болуына себепші объективті және субъективті факторларға назар аударайық. Ғалымдар жасөспірімдердің қалыптасуына әлеуметтік орта мен күнделікті жағдай себеп болады деп дәлелдеген [6].

Әлеуметтік жағдай негізінде (қоғамдағы экономикалық қарым-қатынас, қоғамдық сана, тап және ұлттар қатынасы, т.б). Жеке адамдардың қалыптасуына объективтік мүмкүндік туғызып, жастардың әлеуметтік белгілерді сақтап, құқық тәртібін бұзуға жол бермейді. Ал, жасөспірімдердің заң нормаларын мойындамауы, қоғамдық орындарда тәртіп сақтамауы, үлкен-кішіні сыйламауы сияқты қылықтар ұжымда, топта, отбасында, жора-жолдастарының арасында, т.б. шағын ортада ғана қалыптасады. Өйткені баланың алғашқы қадамы отбасында, мектепте, жора-жолдастары мен ата-анасының арасында жасалады.

Нақтылай айтқанда жасөспірімдердің бойында девиантты мінез-құлықтың пайда болуына бірден-бір себеп болатын және жағымсыз жағдай туғызатын – отбасы тәрбиесі.

Оның бастылары, біріншіден, баланың күнделікті жүріс-тұрыстарын қадағаламау, оның көзінше арақ-шарап ішу, дау-жанжал, ұрыс-керіс туғызу.

Екіншіден, тәрбиенің көзі-баланы киіндіру, тамақтан-дыру, мұң-мұқтажын қамтамасыз ету деп санау.

Үшіншіден, жастайынан баланың еңбектену дағдыларын қалыптастырмау, оқушының жан-дүниесіне көңіл аудармау, отбасындағы ажырасу және жаңа адамның отбасына мүше болып енуі де түрткі болады. Төртінші себеп – ата-аналардың

бір тобының адамгершілік талаптардың мән-мағынасын түсінгенімен, оларды күнделікті өмірде нық ұстамауы, екі жүзділік көрсетуі, сөз бен істерінің арасында алшақтық тууы. Олар балаларына мораль талаптарын сақтауды міндеттегенімен, өздері бұған немқұрайлы қарайды. Кейбір ата-аналар қызмет бабын пайдаланып, заң өлшемдерін сақтамай, ала жіптен аттап, қылмыстық әрекеттермен айналысады. Мұндай қылықтарды көретін жасөспірімдер сол шағын ортаның салт-санасын қабылдайды.

Бесінші себеп – кейбір ата-аналардың өмірлік бағдарламасында мансапқорлық, менмендік пиғылдар орын алып, адамдарды ақыл-парасатына қарай емес, “байлығына”, “қажеттілігіне” қарай сый-құрмет көрсетіп отыруы. Осындай ортадан шыққан балалардың ұрлық, тонау, зорлық-зомбылық жасауға бейім екенін байқауға болады.

Алтыншы себеп – балаларын шектен тыс мәпелеу, еркелету, ерекше жақсы көру, тұрмыстық еңбекке қатыстырмай, “ақ саусақтылыққа” дағдыландыру, алдарындағы қиындықтарды жеңуге баулымау, еңбек, әдет-дағдыларын қалыптастырмау. Өмірге икемсіз балалар қоғамға жат қылықтарға: темекіге, ішімдікке, нашаға, ұрлыққа икемделе бастайды.

Жетінші себеп – баланы тәрбиелеуде ұлттық салт-санада қалыптасқан этнофункционалдық ерекшеліктерді мүлдем ескермеу.

Отбасында кеткен кемшіліктер мектепте одан да бетер шиеленісе түседі. Себебі мектепте де балалардың жеке басын сыйламау, әкімшілік көрсету баршылық. Мектеп мұғалімдері мен девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің қарым-қатынасы көбінесе “ақыл” айту, ұрысу, ар-ожданына тию тәрізді педагогикаға жат әрекеттермен сипатталады [7].

Девиантты мінез-құлыққа өзін-өзі бағалау деңгейі төмен балалар бейім келетіндігіне байланысты, балалардың өз

ортасынан бөлініп, шеттеп жүруіне де себеп, болады. Өз ортасында өзін толық сезіне алмаған баланың мектепке деген қызығушылығы төмендеп, өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін телекиноларға әуестеніп, содан көрген теріс қылықтарды бойына сіңіреді.

Жасөспірімдерге қоршаған адамдардың немқұрайлылығы, зейін қоймауы негізінде дамитын әлеуметтік-педагогикалық бақылаусыз қалу бұл тізбектегі ерекше рөл мен мағынаға ие. Нәтижесінде жалғыздық, қараусыз қалғандық, қажетсіздік, қорғансыздық сезімдері пайда болды. Үлкендерге деген қарсылық, жатырқаушылық, жек көру сезімдері, баланың пікірінің, тағдырының, қызығушылықтары мен икемділіктерінің өз бетінше ұйымға, кооперацияға, өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылуына алып келеді.

Жағымды әлеуметтік тәжірибенің жеткіліксіздігі, өмірдегі көзқарасының, құндылықтар жүйесінің, әдет-қалыптары мен эстетикалық талғамдарының жетілмегендігі және қалыптаспағандығы жасөспірімдердің өз белсенділігін жағымсыз, құқыққа қайшы жұмсауын таңдауға ықпал етеді, бұл олардың мінез-құлқынан, тұлғаның қалыптасуынан, әлеуметтік бейнесінен көрініс береді. Бұл үрдістегі ауқымды рөл балалар мен жасөспірімдерге дер кезінде педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік көмектің көрсетілмеуінде жатыр.

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің жүрген ортасы қолайлы емес. Ол қандай да бір шамада ауытқушы мінез-құлықтың әр түрлі нысандарын мектепке бара жатқанда да, аулада, қоғамдық орталарда, тіпті үйде де және мектепте де көреді. Мораль мен мінез-құлық аймағындағы ауытқушылықты тудыратын қолайлы жағдайларды жасырын, бейнесіз өзара қатынас сипатымен, еркіндігінің көптігімен, кері әсер ететін экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлардың кең кеңістік қалалық орта құрайды. Дәстүрлі ұлттық құндылықтар

өлшемінің босауы, ата-ананың, әсіресе отбасындағы әке беделінің төмендігі, мінез-құлықтың тұрақты үлгілері мен моралдық шекаралардың жоқтығы, әлеуметтік бағалаудың босаңсуы жасөспірімдер ортасындағы ауытқушы және өзі-өзі жоюшы мінез-құлықтың өсуіне әкеледі.

Қоғамдағы құндылықтар жүйелерінің дағдарысы, жалпыға тән мінез-құлық өлшемдері мен ережелерінің жойылып кетуінің себебінен қоғамда «байлық – жетістіктің көзі» деген көзқарас қалыптасқан. Өскелең ұрпақтың тиісті қажеттіліктері мен құндылықтар бағдары дәл осы арнада қалыптасып, дамып келе жатыр.

Жасөспірімдер халықтың белгілі бір топтарының басқа адамдардың есебінен заңсыз, жазасыз баюының қалайша жүзеге асатынын көріп те, естіп те жүр. Олардың кейбіреуі материалдық жетістіктерге ғана жетіп қоймай, көпшілікті мойындатып, тіпті ешқандай кедергісіз билік құрылымына өтіп кетеді. Осылардың барлығы жасөспірімнің өмірлік және әлеуметтік құндылықтарының қалыптасуына ықпал етеді.

Балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқына кері әсерін тигізетін сыртқы факторларға мыналарды жатқызуға болады:

1. Қоғамда өтіп жатқан үдерістер:

- Қоғамдық құндылықтар иерархиясын өзгертуге бағытталған айқын жағымды мемлекеттік идеологияның жоқтығы;
- Заңдардың және құқық қорғаушы орындардың жетілмегендігі, қылмыстардың жазаланбауы;
- Өскелең ұрпақтың әлеуметтенуінің дәстүрлі институттарының күйреуі мен дағдарысқа ұшырауы;
- Ұлттық құндылықтарға мән берілмеуі;
- Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы зорлық-зомбылық және қатігездікті насихаттау;

- Жасөспірімдердің денелік және психикалық денсаулығының бұзылуын дер кезінде анықтаудың, соған сәйкес көмек көрсетудің және мамандандырылған диспансеризацияның болмауы;

- Сапалы тегін қосымша білімге балалардың қолының жетпеуі.

2. Отбасының жағдайы, оның атмосферасы:

- Толық емес отбасы;
- Отбасының материалдық жағдайы (кедейлік, байлық),
- Ата-аналардың төмен әлеуметтік-мәдени деңгейі;
- Отбасындағы тәрбие стилі (балаға бірінғай талаптардың қойылмауы, ата-аналардың қатыгездігі, олардың жазасыздығы және баланың құқықсыздығы);
- Баланың өзіндік құндылығын жоққа шығару;
- Балалардың қажеттіліктерінің жеткіліксіз немесе асыра қанағаттандырылуы;
- Ата-аналардың ішімдікті, нашакорлық заттарды пайдалануы;
- Ата-аналардың балалардың психоактивті заттарды қолдануына жол беруі.

3. Мектепшілік өмірдің жеткіліксіз ұйымдастырылуы:

- Оқу және тәрбие үдерісін басқаруды ұйымдастырудың толық жетілмегендігі;
- Мектептің материалдық жағдайының қамтамасыз етілуінің нашарлығы;
- Қоғам арқылы балалармен айналыспайтын ата-аналарға ықпал ететін мекемелердің және мектептің оқушылар отбасыларымен жүйелі байланысының жоқтығы;
- Пәндік мұғалімдердің жетіспеушілігі;
- Сабақтардың жиі болмай қалуы;
- Сабақтан тыс жұмыстардың қанағаттандырғысыз ұйымдастырылуы;
- Мектепте балалар ұйымдарының болмауы;

- Мұғалімдердің бала және жасерекшелік психологиясын білмейтіндігінен көрінетін кәсіптік деңгейінің төмендігі;

- «Оқушы-мұғалім» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастардың авторитарлық немесе бетімен кетушілік стильде болуы;

- Оқушылардың білімін бағалауда объективтіліктің болмауы.

Баланың мектептегі өмірі белгілі бір тәртіппен және ұйымдасқан түрде өтсе, ол мектептен тыс ортада жасырын қарама-қайшылықта және ерекше жағдайда өтеді. Мектепте және үйде баланың өзіне тиісті міндеттері болады, бақылаумен ұйымдастырылады. Ал, көшеде бала өзін бақылаудан және жауапкершіліктен еркін сезінеді. Сондықтан да балалардың шағын мектептен тыс уақытын қалай өткізетінін есепке алып отырудың маңызы зор [8].

Оқушылардың тұратын жерлерін, оның жеке басын қалыптастыратын және дамытатын кіші ортаның бірі ретінде қарастырамыз. Бұл тұрған жерінде бала мектепке келгенше өзімен таныс адамдармен қарым-қатынас жасап та үлгереді. Сондықтан да балалардың тұрған жеріндегі тәрбиелік жұмысты төменгі сыныптан бастап жүргізу керек. Бұл орайда олардың бос уақытын дұрыс өткізуіне, әрбір іс-әрекетін үлкен қызығушылықпен және ынтымақпен ат салысуын қадағалау орынды болып саналады.

Бала тәрбиесінің мектеп алдына қойған міндет – талаптарын тиімді жолмен шешіп және оның жан-жақты дамып, әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін мектепте педагог-психолог мамандарымен қоса әлеуметтік педагог мамандарымен толықтыру да ойластырылған.

Психолог өзінің негізгі жұмыс бағыттарын оқушының ата-анасымен бірлесе отырып мектептен тыс көптеген қызықты жұмыстар жүргізе алады. Оқушылардың сабақтан бос уақыттағы іс-әрекеті психологтің үлесіне тиеді.

Әлеуметтік жұмыспен айналысатын психолог белгілі бір жиынтықтармен қаралған болуы керек. Олар психологиялық, ұйымдастырушылық дағдысы, адамдармен сөйлесе алу қабілеті, психологиялық қабілеті, педагогикалық іскерлігі, балалар ұжымымен жұмыс істей білушілігі. Сонымен қатар, әлеуметтік психологтың сапалық ерекшеліктерінің, адамгершіліктің, ізгілік және рухани қасиетінің жоғары деңгейде болуы қажет.

Психологтің жұмыс объектілері – оқушылар мен ата-аналарға ғана емес, сонымен қатар, әр түрлі жастағы адамдар, клубтар, топтар, секциялар және қоғамдық бірлестіктер. Мұндай ортада барлығы өздерін еркін ұстайды, тәуелсіз сезінеді. Сондықтан да бұл ортада жұмыс істеп, оқушылардың бос уақытындағы тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру қиын да күрделі жұмыс [9, Б.5].

Жоғарыдағы айтылған қиын да жауапты қызметті атқаратын педагог психологтің жұмысы ауқымды, бағыттары да әр алуан. Оған негізінен төмендегі бағыт-бағдарларды жатқызуға болады:

- Сыныпта, топта, қоғамдық бірлестікте және мектептен тыс білім мекемелерінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;

- Жеке бастың психологиялық ерекшеліктерін, ата-ананың жағдайын, қызығушылықтарын, талап-тілектерін, қиындықтарын, кездейсоқ жағдайларын, тәртіп бұзушылықтарын тексеріп, зерттеу және дер кезінде көмек көрсету;

- Салауатты өмір салтын насихаттау, оқушылардың еркіндігіне, денсаулығына қамқорлық жасау, қауіпсіз өмір сүруге көмектесу, жасы келгендерді білім алуға тарту;

- Бос уақыттарында қабілетінің дамуына, ақыл-ой және дене құрылысының өсуіне жағдай жасау;

ҚАЗАҚ-ТАТАР ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

(Жалғасы. Басы өткен санда)

- Оқушылардың жеке басының дамуы мен тәртібін отбасымен бірлікте шешу;

- Оқушылардың жеке басына тән ерекшеліктерін мұғаліммен бірлікте шешу, кемістігі бар балалардың жағдайын ойластыру және оларға қажетті мүмкіндіктерді жасау.

Сонымен қатар психолог оқушылардың білім алуын гуманизациялауда ерекше рөл атқарады. Ол көпшілік қоғамдық ұйымдар мен мектептің дара байланыстарын қамтамасыз етеді.

Қазіргі жағдайда мектептің, отбасының және көпшіліктің өзара байланысын жақсартатын психологтар даярлаудың ауқымын кеңейту керектігі өте айқын сезілуде. Мұндай категориядағы кәсіби білікті маманды дайындау және қайта даярлауға ерекше көңіл аудару қажет-ақ. Міне сонда ғана бала тәрбиесіндегі мектеп, отбасы және көпшілік ұйымдарының арасындағы байланысты жақсартатын мамандар саны көбейіп, сапасы артады. Мұны өмір талап етіп отыр.

Девиантты мінез-құлықты тудыратын қандай да бір себепті іздестіру мағынасыз деп қорытынды жасауға болады. Әр түрлі жағдайда әр түрлі мағына беретін криминогенді фактор туралы айту керек.

Девиантты мінез-құлықты емдеу – жалпы мемлекеттік міндет және оның тиімді дамуы психологтар, педагогтар, заңгерлер, дәрігерлер, әлеуметтік жұмыскерлер, журналистердің біріккен әрекеттерінің нәтижесінде іске асуы мүмкін. Бұл жұмыс бірінен соң бірі және кезең бойынша жүргізілуі тиіс. Сол немесе басқа жүргізілген іс-шара табиғи және логикалық түрде болуы және бұрын жүргізілген емдеу жұмысы қоғам өміріндегі нақты бір кемшіліктерді жоюға бағытталуы керек.

Қазақ-татар әдеби байланысын еске алған тұста, әсіресе, ұлт мақтаныштары һәм ағартушылары – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және Х.Файзханов, Ғ.Махмұтов, Қ.Насыри, С.Кукляшев, Халфиндер есімі мен еңбегі ерекше атап өтуді қажет етеді. Олар Батыс пен Шығыс мәдениетін оқып-білумен бірге, өз халқының тарихы мен тағдырын, білім-ғылымын еркін меңгерді. Оқулық жазып, хрестоматиялар құрастырды. Ғылыми-көпшілік кітаптарын жазды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұдан басқа, атап айтқанда Ш.Уәлиханов пен Х.Файзханов, Ы.Алтынсарин мен К.Насыров араларындағы мұраттастық пен үндестік, елдік-ағартушылық бағыттардағы іргелі істері, қоғамдық-саяси көзқарастары, өзара қарым-қатынастары назар аудартады. Сондай-ақ, қазақ-татар әдебиеттерінің ортақ өкілдері – Ахмет Оразаев-Құрмаши мен Ақмолла ақынның шығармашылық мұрасында халықтық дәстүр мен сабақтастық, оқу-ағару ісі, мәдени-рухани құндылықтар көптеп кездеседі. Ал, Мұса Ақжігітзадениң «Хисамиддин-Мәнлә» татар тіліндегі тұңғыш роман болса, Ғабдрахман Илясидің «Бишара қыз» драмасы алғашқы комедия жанрына жатады. Халық тарихы мен тағдырлары қатар көрініс береді.

Сонымен бірге Абай шығармашылығы, ондағы

ағартушылық-демократиялық дәстүр, гуманизмнің үлгі-өрнектері Ғ.Тоқай, Ш.Бабиш, М.Ғафури, Ғ.Ибрагимов, т.б. еңбектерінен көрініс тауып, оның өзі тақырып пен идея, мазмұн тұрғысынан жан-жақты дамыды. Бұл тұста, сөз жоқ қоғам қайраткерлері һәм қаламгерлері – М.Вахитов, Ф.Әмірхан, М.Ғафури, Ғ.Камал, Ф.Кәрим, Ғ.Ибрагимов, Ғ.Тоқай, Ғ.Құлахметов, Х.Ямашов, т.б. ақыл-парасат, озық идеялары, шығармашылық һәм көркемдік дәстүрлері, тәлім-тәрбиелік бағыттағы еңбектерінің мәні зор болды. Әсіресе, Абай мен Ш.Бабиш, Ғ.Тоқай мен С.Торайғыров, М.Ғафури мен С.Сейфуллин, Ғ.Ибрагимов пен Б.Майлин, Ш.Усманов пен І.Жансүгіров, Ф.Бурнаш пен Ж.Сыздықов, А.Исхақ пен Ә.Есмәмбетов, т.б. шығармашылық мұраларындағы тақырыптық-жанрлық һәм көркемдік мұраттар, дәстүр мен сабақтастық сырлары, уақыт пен кеңістіктің ара қатынасы, қоғамға, өмірге көзқарастары, біліми-ғылыми һәм руханият арналарындағы ортақ тұстар мен үндестіктің тағылымы мен маңызы зор.

Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ қаламгерлері – Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожин, Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Ә.Сәрсенбаев, Б.Момышұлы, Ә.Нұршайықов, Ж.Саин, Ә.Шәріпов, татар ақын-жазушылары – М.Жәлел, Ф.Кәрим, Н.Арслан, Ә.Әліш, Ә.Кутой, З.Нури, М.Хусайн, т.б. қиын-қыстау өмірді, жауапкершілік пен жанкештілікті, сындарлы сәттерді қатар сезінді. Қысқасы, қазақ-татар әдеби байланысында ақын-жазушылардың қосқан үлесі зор болды. Атап айтқанда, қазақ қаламгерлері – М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Е.Ысмайылов, Т.Ахтанов, О.Сүлейменов, Т.Жароков, М.Дәулетбаев, С.Машақов, Ж.Сыздықов, Т.Нұртазин, С.Талжанов, Қ.Тоғызақов, А.Тоқмағамбетов, С.Сейітов, А.Шамкенов, Ж.Өмірбеков және басқалар мен татар ақын-жазушылары – Ғ.Тоқай, М.Ғафури, Ғ.Ибрагимов, Ф.Бурнаш, Ш.Камал, Ғ.Тақташ, Х.Туфан, С.Хақим, Ш.Усманов, М.Әмір, З.Нури,

К.Тинчурин, М.Хусайн, А.Файзи, И.Юзеев, т.б. қазақ-татар әдеби байланысына, халықтар достығы мен қарым-қатынасына ерен еңбек сіңірді. Осы бағытта әр алуан жанрларда еңбектер жазды.

Қазақ-татар қаламгерлерінің бірсыпырасы – Ұлы Отан соғысына қатысып, бірін-бірі біліп, өзара қарым-қатынаста болған-ды. Майдандық газеттерде істеді. Соғыс шындығын, солдат өмірін, сындарлы сәттерді көзбен көрді. Олардың арасында – Д.Әбілев, Ә.Сәрсенбаев, Е.Әукебаев, Ы.Дүйсенбаев, Ж.Молдағалиев, С.Машақов, С.Сейітов, және А.Файз, Х.Усман, Ә.Әбсәләмов, т.б. атап айтқан жөн. Айталық, Асхад Айдардың «Ташбай» атты повесінде Ташбай есімді қазақ жауынгерінің қимыл-әрекеттерін, ерлік істерін қаз-қалпында көрсетеді. Ал, Ә.Әбсәләмовтің «Қазақ жігіті» атты очеркінде майдан даласының шындық көріністері, жауынгердің қаһармандық ерлігі, ел-жерге, Отанға адалдығы айқын да жарқын, көркем де тартымды суреттеледі.

Қазақ-татар ақын-жазушылары екі ел арасында өткен апталық, онкүндіктер тұсында халықтар достығын, әдебиеттер байланысын кеңінен жырлады. Олардың арасында: «С.Хақимнің «Қазақ достарға», Н.Исенбаттың «Татарстан сәлемі», И.Юзеевтің «Алматы-Қазан поэзі», Ж.Сыздықовтың «Төрлетіңіз», Қ.Тоғызақовтың «Мен Қазандамын», С.Машақовтың «Жырымыз бір», Қ.Бекхожиннің «Әншіге», С.Сейітовтың «Қазандағы сөз», Т.Әбдрахманованың «Қабыл ал, қазақ сәлемін», «Ақ Еділ», Ж.Өмірбековтың «Қарсы алдың, Қазан, қарыңмен», М.Байсейітовтың «Татар жыры», М.Рәшевтің «Жайылды қазақ дастарханы», Ә.Нұрғалиевтың «Хош келдің, туысым!» атты өлең-жырлары қалың көпке жетті [6.229].

Қазақ-татар әдеби байланысын еске алған тұста, сөз жоқ, татар ақын-жазушылары мен ғалымдарының есімдерін атау орынды. Олардың арасында: А.Каримуллин, И.Надыров, Р.Нафигов, И.Нуруллин, Ю.Ныгматуллина, Ф.Ахметова,

Ф.Мусин, Р.Мустафин, Н.Юзеев, Г.Баширов, М.Мақсуд, А.Гумер, А.Шамов, Ф.Хусин, т.б. халықтар достығы мен қарым-қатынасын, ықпалдастық пен ынтымақтастық сырларын кеңінен қозғады.

Сондай-ақ, қазақ ақын-жазушылары, атап айтқанда С.Мұқанов «Өмір мектебі» кітабының көлемді бөлігін көрнекті татар ақыны Ғ.Тоқайға арнады. С.Мәуленов «Мен Қазанға барғанда» атты өлеңдер циклінде көз көріп, көңілге тоқығандарын шабыт қайнары, қалам қуаты арқылы жеткізді. Ж.Молдағалиев «Сүйімбике мұнарасын» арғы-бергі тарихтан қозғап жазса, «Сабантой»-ұлттық мереке мерейін асқақтата түсті. С.Сейітов татар ақындары-Ш.Маннұр, З.Нури, Х.Туфан, А.Файзи, С.Хаким, С.Шәкір, т.б. өлең-жырларын шабытпен, шынайы да нанымды аударды. Осының негізінде – «Сөз зергері» (1966), «Татар жырлары» (1970) атты кітаптарды құрастырды. Ж.Сыздықов татар ақын-жазушыларының, оның ішінде Ғ.Тоқайдың өлең-жырларын, Ғ.Ибрагимовтың «Қазақ қызы» романын, «Алма шұбар» повесін аударды. С.Машақов көптеген татар ақын-жазушылары (Ш.Бабиш, Ф.Әмірхан, Һ.Тақташ, т.б.) еңбектерімен таныс болды. Әсіресе, Һ.Тақташтың «Келешекке хаттар» атты өлең-жырларын түпнұсқа табиғаты мен тағылымына сәйкес жатық аударды.

Қазақстанда «Татар ертегілері», «Татар әңгімелері», «Татар жырлары» атты ұжымдық жинақтар жарық көріп, онда халық өмірі, дәстүр мен сабақтастық сырлары, еңбек өнегесі, уақыт бедері айқын көрінді.

Бұдан байқалатыны, негізінен: «Әдеби байланыс – ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы. Оның нышандары жазушының қалыптасқан әдеби дәстүрлерге табан тіреуінің нәтижесінен, сондай-ақ тамырлас әдебиеттердің арасындағы типологиялық ұқсастықтан туындайды» [7.65].

Мұның өзі академик-жазушы М.Әуезов айтқандай:

«Достық асылы тілде емес, көңіл-бейілде, істе, ертелі-кешті өмірде екенін әркім айырады. Соның үстіне және де достық адам арасында ғана емес, қауым, халық пен халық, тарих пен тарих достығы боп та келеді. Бұл соңғы қалпында ұлы сипатты достық іске асқанда, тарихқа, қауымға, нәсілге ырыс-береке бергендей мұралар тудырады» [8.374]

Тұтастай алғанда, кеше-бүгіннің ұнамды тұстары, әсіресе дәстүр мен сабақтастықтың жарасымды жалғасы көп-ақ. Ұлт руханиятында оның оңды қырлары, ұнамды үлгілері де мол. Осы реттен келгенде, қазақ-татар әдеби байланысы көне кезең қойнауынан жеткен тамырлы тарихымен, ғасырларға ұласқан достық қарым-қатынастарымен, мәдени-рухани һәм шығармашылық сабақтастығымен мәнді, тағылымды құндылықтарымен нәрлі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Жиреншин. Қазақ кітаптары тарихынан. А., Қазақстан, 1971, 180-бет; Қазақ кітаптары (Құраст: С.Есова, Ү.Сұбханбердина, Д.Сейфуллина). А., «Мектеп», 1986, 207-бет.
2. Р.Бердібаев. Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. А., «Жазушы», 1989, 3-бет.
3. Ш.Сәтбаева. Уақыт шуағы. А., «Ғылым», 2000, 169-бет.
4. Р.Нұрғали. Арқау. Екі томдық шығармалар, 2 том. А., «Жазушы», 1991. 92-93 беттер.
5. Мұхтар Әуезов. Энциклопедия. А., «Атамұра», 2011, 566-567-беттер.
6. Б.Ысқақов. Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары. А., «Арыс», 2007, 229-бет.
7. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырғандар: З.Ахметов, Т.Шаңбай). Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006, 65-бет.
8. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-том. А., «Жазушы», 1985, 374-бет.

Жанна МАРАТҚЫЗЫ,
№1 орта мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Чапаев ауылы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ

Білім беруді жаңарту – үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үдерісі, бұл білім беруде кезең кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге бағытталған өзгерістер. Қоғамдағы жүріп жатқан өзгерістер, ғылыми-техникалық үдеріс және жалпы білім беретін мектеп құрылымының өзгеруі – жас ұрпақты тәрбиелеуді, дамытып қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі өркениетке жеткізетін құрал тек қана – білім. Білімді ұрпақ- қана болашақ иесі болып табылады. Білім – қоғамды әлеуметтік мәдени ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, қауым үшін де, қоғам үшін де жоғары құндылық.

Оқушылардың сапалы білім алуы мұғалімдердің білімділік және кәсіби шеберлігін қажет етеді. Үлгілі ұстаз ғана қабілетті, жан-жақты шәкірт тәрбиелей алады. Шәкіртті қарапайым бала деп емес, жеке тұлға ретінде дамыту қажет. Әр ұстаз оқу тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, бағдарлама мазмұнына сай сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдістерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев кезекті жолдауында «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп көрсеткен еді. Қоғамымыз өте тез, шапшандықпен қарқындай дамып отырған мына заманда халық ағарту саласының қызметкерлеріне түсер салмақтың жеңіл болмасы да анық. Заман талабы мен уақыт көшіне ілесу – ұстаздар қауымына үлкен сын. Осы орайда мұғалімдердің біліктілігін көтерудің үш деңгейлі курсы бар. Курс бұрынғыдан өзгеше, жаңалықтарға толы, түрлі іс-әрекеттер жоспарлаған. Курс барысында оқыған бағдарлама жеті модульді қамтиды. Бағдарламаның негізгі мазмұны оқытудың жаңа формасы туралы, оқу мен оқытудағы өзгерістер, оған басшылық жасау әрекеттерін үйрету, оқушыларға қалай оқу керектігін үйретудегі түрлі тәсілдер, білімді бағалау жолдары туралы айтылған. Осы курстан негізгі теориялық білімді ала отырып, американдық педагогтардың зерттеулері мен оқытудағы өзгеріске әкелетін әдіс-тәсілдері мен пікірлерімен танысып, соны өз тәжірибемде қолдануға тырыстым. Оқыту мен оқудағы өзгеріске жетелейтін, оқушыларға қалай оқу керектігін үйрететін бірден бір тәсіл ол – топтық жұмыстарды ұйымдастыру екендігі белгілі болды. Себебі, курста өзімізді оқыту кезінде де топтық жұмыстар жасадық, топ мүшелерін күнде ауыстырып отырдық. Топтағы талқылау, топтағы пікірлер, әріптестердің ойлары және аудиториядағы ахуал бәрі әсерлі болды.

Білім үдерісінің табысты болуы мұғалімдердің оқуды өздігінен меңгеріп, таныта білген білім дағдылары аясында жүзеге асады. Әр сабақ барысында жеті модульдің бірнешеуі қамтылады. Оқыту барысында өздігінен білім алуға,

білімдерін қолдануға, ізденуге, шығармашылыққа ұмтылуға оқушының өзі іс-әрекет жасауына, ұмтылуына бағыт-бағдар беру көзделеді. Сабақ бойы оқушылардың барлығы дерлік іс-әрекет, жұмыс жасау, іздену үстінде болады. Мұғалім осы іс-әрекетті ұйымдастырушы және басқарушы болады. Оқушылардан соны талап етеді.

Білім беру үрдісіндегі басты әрекет етуші – мұғалім. Мұғалім қазіргі заман талабына сай білім берудің жаңа технологияларын үйреніп, соның сабақ барысында жүйелі қолданыс табуын қадағалай білуі маңызды. Оқытуда сыни тұрғыда ойлауды дамытудың стратегиялары өте тиімді. Тізбектелген сабақтар топтамасында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдандым. Қазіргі заман талабы сандық технологияны меңгерген сауатты тұлға болмақ. Оқушының сандық сауаттылығын ашу үшін мұғалімнің де сауаттылығы маңызды дүние. Оқушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологияны жиірек қолданып сабақ өткізу қызығушылықтарын арттырды және интерактивті тақтамен жұмыс жасауға дағдыланды.

Сабақтарымда оқушыларға оқу үшін бағалау мен оқытуды бағалауды үйрету өте маңызды қадам болды. Оқушылар жанаша бағалауға қызыға қарайды. Білімдерін бағалау оқушылардың таңғалысын тудырады. Себебі, бұрын тек мұғалім ғана бағалап келген, енді оқушылар бір-біріне баға қоя алатындарын білгенде қызығушылықпен қарады. Оқушылар бір-бірінің жұмысына талдау жасап, оның жақсы, жаман жағын айтып, баға қою оқушылар арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайтты. Бағалауда оқушылар өз-өздерін, бір-бірін бағалауды, топтық, жұптық бағалау түрлерін меңгереді.

Оқушылардың әрекеті – зерттеушілік әрекет болу үшін мұғалім нақты мақсаттар қоя білуі керек, ал ашып айтатын болсам, оқушыларға ғылыми зерттеудің әдістерін, формаларын, үрдістерін, нені ашу керектігін, қандай әдіс арқылы қандай нәтиже алу керектігін үйренуге жетелеу. Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Танымдылығы мықты балада өзіндік мақсат, нәтиже болады.

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыруы қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болуы керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы

– өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

Дүниетаным қабілеті жоғары;

Дарынды, өнерпаз;

Ізденімпаз, талапты;

Өз алдына мақсат қоя білуі керек.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогикалық энциклопедия.
2. А.Әбілқажев. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 1995.
3. Р.Александр (2002,а). «Оқыту үшін бағалау: 10 ұстаным».

Нұрлан ТӨЛЕУБАЙҰЛЫ,
Теміртау көпсалалы «МИРАС» колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы.

ҚАЛАЙ ОҚУ КЕРЕКТІГІН ҮЙРЕТУ

*«Терең білім – Тәуелсіздігіміздің тірегі,
ақыл-ой – азаматтарымыздың алдаспаны».*

Н.Ә.Назарбаев.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін білдірді. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?».

Мұғалімдер жұмыстарына жеткілікті уақыт бөліп, оқушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша жекешелендіру және баланың бойында метасананы, яғни, қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары қажет. Сабақ барысында мұғалім оқушылармен бір-бірінің жауаптарын тыңдай білудің маңызы зор. Дұрыс болса да, қате болса да – әркімнің ойы құнды. Өз сабақтарымда диалогтің атқаратын рөлі ерекше екеніне көзім жетті. Ол оқушылардың сабақ үдерісіне белсенділігін қалыптастырады. Тақырыпты талқылауда бір-бірімен пікір алмастырады. Зерттеулерде

ересектермен, достарымен бірігіп жүргізілген жұмыс балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер етеді. Оқушы көбірек білетін адамдарымен, яғни, өздерінің сыныптастарымен, мұғаліммен диалог жүргізген жағдайда, оқыту жеңіл болмақ. Выготский, Барнс, кейінірек Мерсер мен Ходжкинсон барлығының зерттеулері диалог атқаратын рөлге назар аударуды мақсат ететінін айтқан. Оқытудағы әңгімелесуде идеялар екі жақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп тұжырымдайды. Диалогтің үш түрі бар. Олар: 1) әңгіме-дебат, 2) топтық әңгіме, 3) зерттеушілік әңгіме. Көптеген талқылаулар әртүрлі әңгіме түрлерінен құралады. Ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жеткізу аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басым болады (Мерсер, 2000).

Сұрақ қоя білу де – өнер. Қазіргі кезде белсенді емес сабақтарда (дәстүрлі) мұғалім бастама-жауап-кейінгі әрекет нысаны бойынша сұрақтар қояды. Бұл – оқушының жауап бергенінен кейін тұйықталуына әкеліп соғады. Кей кезде мұндай сұрақтарды жабық сұрақтар деп те атайды. Мұндай сұрақтар оқушыларды ынталандырмайды және дамытпайды. Ал егер мұғалім оқушының білім алуы үшін түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сұрақтарын қойса, оқушы ынталанып, жауап беруге құштар болады. Мұндай сұрақтарды кейде ашық сұрақтар дейді. Харгривс пен (Гэлтон, 2002) сұрақ қойылып болғаннан кейінгі кідіріс те, жауап алғаннан кейінгі кідіріс те қажет дейді. «Тыңдалмаған сөз жетім» дегендей, мұғалім мен оқушылардың бір-бірінің жауаптарын тыңдай білуі де өте маңызды. Оқушылардың білетіндігін немесе білмейтіндігін анықтауда мұғалімдерге де, оқушыларға да диалогтік тәсілдің беретін пайдасы өте көп. Бүгінгі уақыт талабы – мәдени деңгейі мен шығармашылық қабілеті жоғары шәкірт әзірлеу. Сондықтан оқушылардың танымдық қабілеттерін

жетілдіруіміз қажет. Себебі, тәрбиелі, зияткер оқушы – кез келген мемлекеттің байлығы болып табылады. Оқушы өзінің көзқарасының қандай болуымен, басқалардың да пікірін ескеруі, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білуі, жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, күрделі мәселелерді шешуінің маңызы зор болып табылады. Тек жоғары сыныптарда ғана емес, бала кішкентай кезінен қажетті дағдыларды дамыту мақсатында қолдануымыз керек. Олардың ойлау дағдыларын дамытуда өмірдегі тәжірибелер жеткілікті деп ойлаймын. Себебі балаларды өзара сұхбат пен талқылауға, дәлелдеуге тарту белсенді жүрсе, олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер көбейе түсуде. Осылайша балалардың әрі қарай дамуы үшін қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру – мұғалімдер үшін басты және ынталандырушы күш болып табылатынын айтқым келеді. Оқушылар кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек. (Вольф және Александер, 2008) Сыни тұрғыдан ойлауда қолданылуы мүмкін әдістер ретінде Александер диалогтің бес түрін анықтаған. Олар: 1) механикалық есте сақтау, 2) декламация, 3) мазмұндама, 4) талқылау, 5) диалог болып табылады. Бұл тәсілдердің барлығы оқушының ойлануын, өз пікірін дәлелдей білуін, ақпаратпен бөлісуін, пікір алмасуын, осының нәтижесінде бір ортақ шешімге, бір дәлелге келуін талап етеді. Сонымен қатар, Мерсер, сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін анықтаған, атап айтар болсақ: пікірталас әңгіме, кумулятивтік әңгіме (бірін-бірі сынамай, сындарлы қарау), зерттеуші әңгіме (зерттеген тақырыпты талқылау, сыни сұрақтар қою). Мұғалім оқушылардың істегендері мен айтқандарын тыңдап, талдай отырып, оларға жауап берген кезде жылы қолдау көрсетіп, оқушылардың өздеріне

түрткі сұрақтар қою арқылы жауап табуға бағыттау керек және сол жауаптың дұрыс-бұрыстығын дәлелдеуге, сыни көзбен қарауға тәрбиелеу керек деп ойлаймын. Сын тұрғысынан ойлайтын оқушы белсенді болады, барлығына сенімсіздікпен сынай қарайды, ал мұндай адамдар жаңа идеяларды қабылдауға әрқашан дайын болады.

Барлық бала дүниеге бірдей келеді, бірақ әрқайсысының сезіну, қабылдау, танымдық қабілеттері әр қилы. Қабілеттерін дер кезінде байқап, үйде ата-аналар, мектепте мұғалімдер дұрыс психологиялық-педагогикалық жұмыс ұйымдастыра алса, баланың дарындылығын дер кезінде ашуға мүмкіндік туады. Оқушы бойындағы қабілет, дарынын бала жастан ұштау – мектеп пен ұстаз алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Талантты және дарынды оқушылардың өзі белгілі уақытта тек бір академиялық пәннен дарынды болуы, кейін өзгеруі әбден мүмкін. Осы жерде «Талантты және дарынды оқушы деген кім?» деген сұрақ туындайды. Алдымен ол өз ойын еркін жеткізе алатын, талдай білетін, дәлелдермен қорғау шеберлігі жоғары дамыған оқушы. Дарынды, талантты балалар өзінің бойындағы ерекше қабілеттері арқылы ең жоғары нәтижеге жеткен балалар. Дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттердің, өмірге құштарлық, биік ізгіліктің кілті-мыңды жығатын білімінде. Дарынды балалар әрқашан да әр түрлі дәрежелі күрделі тапсырмаларды шешуге дайын болады, олардың сөздік қоры бай, күрделі көркем сөз тіркестерін құрастыра алады және ойларын ерекше білдіреді. Дарынды балалармен жұмыс істеуде мұғалім өзі бірінші болып ізденеді. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жан аянбай еңбек ету – мұғалім міндеті десе артық айтқандық емес болар. Дарынды балалармен жұмыс жүргізгенде басқа оқушыларға берген тапсырмаларға қоса арнайы күрделі сұрақтар мен деңгейлік тапсырмалар беру арқылы қызығушылығын арттырып, ынталандыра алады.

Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың да маңызы зор. Келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы көп. Олай дейтінім, бұл технология бүгінгі таңда мұғалімдерге сабақ беруін жеңілдететін, оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беретін қажет құрал болып отыр.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Солардың бірі – білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – интерактивті тақта. АКТ-мен жұмыс жасау машығын қалыптастыру және оқушының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру мақсатында, жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, үй тапсырмасын тексеруде, сабақта оқушылардың интерактивті тақтамен жұмыс жасауы жүзеге асырылады. Шағын топта орындалған жұмыстарын оқушылардың тақтаға жазуға мүмкіндігі бар. АКТ-ны пайдалану арқылы оның тиімділігін сезінемін, оны пайдалану оқытудағы маңызды модульдерінің бірі деген ойға келдім.

Елбасымыз айтқандай «Ықылым заманнан бері атам қазақ «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген қанатты сөзді қолданып келді. Қазақтың бұл сөзінің өзектілігі бүгінгі күні айырықша болып отыр. Бұл заман білекке емес,

білімге сенетін заманға айналды. Елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда екенін түсінетін уақыт әлдеқашан жеткен. Сол білімді жаратып, тұрмыс игілігіне пайдалана білсек қана өзге жұрт бізді бағалайды. Инемен құдық қазғандай күрделі, орасан қажыр-қайратпен, ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір жоқ мына заманда. Терең білім – Тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаматтарымыздың алдаспаны».



**Алмагүл ЗАЛҒАРИНОВА,
Өлеңті орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Ақмола облысы,
Ерейментау ауданы.

БІРЛЕСКЕН ОҚУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУЫҒА БОЛА МА?

Біз қазіргі уақытта білім беру жүйесіне өзгеріс енгізу адамзаттың ортақ мәселесіне айналған заманда өмір сүрудеміз. Сол себептен мен мұғалім ретінде дүние жүзіндегі білім берудегі жаңалықтарды, дамуларды назарға ала отырып, одан жақсысын, тиімдісін оқушыларға ұсына білуім керек.

Бұрын мен өз сабақтарымды дәстүрлі оқыту түрінде ұйымдастырып жүрген едім. Дәстүрлі оқыту кезінде сабақта өтілген тақырып мазмұны көбінесе ауызша сұрақ-жауап түрінде сұралып және арнайы үйге берілген тапсырмалар арқылы тексерілетін, жаңа тақырыпты негізінен көрнекілікті

пайдалана отырып өзім түсіндіретінмін, оқушылардың түсінгенін жаттығулар орындау арқылы бекітетінмін, өзім қорытындылап, өзім бағалайтынмын, сабақты қорыту сұрақтары жалпы қойылып, сол тақырып бойынша оқушыларға тағы да үй тапсырмасын беретінмін. Оқушылар негізінен тыңдау, еске сақтау сияқты жұмыс түрлерін атқаратын. Оқушыларым үнемі сабаққа дайын болып келіп, менің қойған талаптарымнан шықпайтын.

Жалпы жеті модуль идеясымен таныспай тұрып ақ, сабақтарымды бірнеше технологияларды қолданып, түрлендіріп өткізетінмін. Сабақта көбінесе жақсы үлгеретін оқушыға, яғни, жеке тұлғаға баса назар аударып, оқушыларымның сабақта тыныш отыруын, қатаң тәртіптің болуын қадағалайтынмын.

Екінші деңгей бағдарламасының жалпы мазмұнымен танысуым менің мектептегі жұмысыма өзгеріс енгізуіме негіз болды.

Екінші деңгей бағдарламасының мазмұнымен танысу барысында сын тұрғысынан ойлау модулі мені қызықтырды. Осы уақытқа дейін сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы туралы көптеген ақпараттарым бар еді. Мектепте әріптестерімнің өзара сабақтарына қатысу кезінде сабақ барысындағы сын тұрғысынан ойлаудың өзгерістерін де байқағанмын. Екінші деңгей бағдарламасымен танысу кезінде мен бұл модуль туралы білетін ақпаратымның аз және менің білімім жеткіліксіз екендігін сезіндім. Сабақтарымды өткізу барысында оқушыларымның жеке басындағы тәжірибелері және күнделікті шынайы өмір тұрғысынан нақты нәрсе туралы пікірлерін білуге елеулі назар аудармайтыным бірден ойға келді. Сондықтан да қазақ тілі сабақтарында бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытудың тиімді жақтарын көрсетіп дәлелдеуім қажет деп шештім. Бұл әдіс оқушылар бойында кез келген

мәселені жүйелеуге, талдауға, ой толғауға, өз бетімен шешім қабылдауды дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту менің оқушыларыма өте қажет деп шештім, себебі, Екінші деңгей бағдарламасына сәйкес балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген кезде олардың оқуы тиімді және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер көбейе түскенін айғақтайды.

Сыни деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау дұрыс емес екен. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жететінін тәжірибе жүзінде дәлелденуде. Сын тұрғысынан ойлау білімнің болашақта пайдаға асуын, қажетке жарауын қалыптастырады. Оқушылар көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйренеді.

Бірлескен оқу арқылы барынша топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізіледі, мәселені бірлесіп шешудің амалын табады.

Оқытудың осындай жаңа ойлау жолын сабаққа енгізу – бүгінгі таңда менің басты мақсатым болды. Сыни ойлау «сын» сөзімен төркіндес болғанымен сынау, сын айту, мінеу деген түсінікті бермейді. Сыни ойлау- өзіндік пікір білдіру және жеке ойлау. Өйткені бұл ойлау барысында әркім өз ойын және өз пікірін басқалардан тәуелсіз құра алады. Мәселені өз бетінше шешуді қамтамасыз етеді.

Сын тұрғысынан ойлау – бақылау, тәжірибе, ойтолғаныс нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және жинақтауда қолданылатын әдіс. Сыни ойлау- адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл модуль оқушыларға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы, тек қажетті

ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту- күрделі міндет, оның дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі болып табылады. Осы мәселе жөнінде С.Мирсеитова: Оқытуда балалардың «тұжырымдаманы» жаттап алуын негізге аламыз ба немесе осы түсініктермен не істей алатындарын негізге аламыз ба? Екінші ереже оқушылардың мазмұнға күдік келтіріп және сұрақ қоюы арқылы оларға жауап іздеумен айналысуын талап етеді. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту - күрделі міндет, сондықтан когнитивті психологияның негізгі түсініктері мен тұжырымдамаларына көңіл аудару қажет», - деп, сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастырудың маңыздылығы мен ғылыми негізде жүзеге асуының қажеттілігіне меңзейді.

Оқу тапсырмаларын бірлесіп оқуға бағытталған сынып ұжымдық, өзара алмасуға жағдай туғызатын, қолдаушылық жұмысты ұйымдастыруға негізделген. Оқыту үдерісінде мұғалім мен оқушы бірігіп тапсырма орындайды, бірін-бірі тыңдап, өзара идеяларымен қате жауап бергені үшін қорықпай бөлісіп, өз идеяларын еркін жеткізеді, бір-біріне өзара түсіністікке жетулеріне көмектеседі.

Сыни ойлау дамыта оқыту ұстамдарына негізделгендіктен оқытудың тиімді түрі болып табылады. Оқушылар өз бетінше ізденіп, шешім қабылдау дағдыларын арттырады. Сонымен бірге оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін зерттеуге және бақылауға мүмкіндік береді деген ойға бекіндім.

Күнделікті сабақтар барысында 8 «А» сынып оқушыларымен қазақ тілі сабақтарында бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуды іс-тәжірибеде нәтижелі қолданып, оның тиімділігін анықтай алдым.

Жүргізілген зерттеу жұмысым менің оқушыларымның

білім алу нәтижесіне елеулі өзгерістер енгізіп, біршама жақсы тұстарын көрсетті деген сенімдемін.

Тәжірибені өткізуде мектеп психологі, сынып жетекшісімен кеңес жүргізіліп, оқушылардың ата-аналарымен кездесіп, зерттеу мақсаты мен сауалнама нәтижелері түсіндірілді. Ата-аналар тарапынан, әріптестерімнен қолдауды байқасымен мен өз жұмысыма кірісіп кеттім.

Оқушыларды сауалнамалау нәтижесі және әріптестерімнің көмегі негізінде ойлаудың әр түрлі типтерімен ерекшеленетін үш (А,В,С деңгейлі) оқушыны таңдап алдым.

Сабақтарымды өткізу барысында оқушыларымды 3 топқа бөлдім.

Тәжірибе барысында, тізбектелген сабақтарды өткізу барысында оқушылардың осы қабілеттерін негізге алып отыруым қажет деп есептедім.

Сауалнама нәтижелерін саралай келе зерттеу жұмысым нәтижелі болу үшін А, В, С деңгейлі оқушыларыммен алдағы уақытта не істеуім қажет?

	А	В	С
жеке жұмыс кезінде	Тақырыпқа байланысты ойларын жинақтап, талдап, тұжырымдап, эссе даярлауда шығармашылық қабілетін кеңінен пайдаға асыруға бағыт беру.	Оқушының дербес ізденуіне ықпал жасау.	Оқушыға өз деңгейіне сәйкес тапсырмаларды ұсыну арқылы өзіне сенімділігін арттыру.
жұптық жұмыс кезінде	Құрбыларымен бірге белсене жұмыс істеу кезінде көшбасшылыққа мән беру.	Өз шешімін, дәлелдемелерін өз бетінше түсіндіруге бағыттау.	Жұптық тапсырма кезінде өз ойын еркін айтуға, пікір алмасуға жағдай жасау.

топтық жұмыс кезінде	Оқушы ойын өз бетімен тұжырымдап, талқылауға бағыттау.	Жұмыс барысында сыныптас-тарына «бақылау», «түзетуші» міндеттерін жүктеу.	Оқушының өз қолайсыздығын сезінбеуін қамтамасыз ету үшін мұғалім және құрбылары тарапынан үнемі қолдау көрсету.
----------------------	--	---	---

Зерттеу нәтижелерін байқау үшін барлық оқушылар топтық жұмыс арқылы бірлескен оқуда сын тұрғысынан ойлау үдерісіне тартылды.

Тәжірибе сабақтарында оқушылар бойындағы өзгерістерді көру және нәтижеге жету үшін өзімнің жұмыс істеу әдістерімді өзгерттім. Ең алдымен, қысқа мерзімді жоспарларды құру барысында әр сабақтың құрылымына назар аудардым. Барлық сабақ жоспарларым Блум таксономиясына негізделіп жасалды және оның барлық кезеңдері алдағы зерттеу жұмысым үшін қажет деп таптым. Әр сабағыма жеті модульді кірістірдім. Сабақты өткеннен кейін үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның сыни дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарымды соған сай өзгертіп отырдым. Сабақ барысында зерттеу жұмысымның нәтижелілігіне көңіл аудардым.

Блум таксономиясының кезеңдеріне сәйкес сабақтарымдағы әдіс-тәсілдер:

	1-сабақ. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Бастауыш.	2-сабақ. Баяндауыш.	3-сабақ. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы	4-сабақ. Бастауыш пен баяндауыштың ортасына қойылатын сызықша.
--	---	---------------------	--	--

Білу	1. «Бастауыш туралы не білеміз?» тақырыбына кластер құрды. 2. «Бірін-бірі оқыту» стратегиясы.	1. Баяндауыш туралы не білеміз?» тақырыбына постер құрды. 2. «Ойлан. Жұптас. Талқыла»	1. Ойсергек. 2. Жигсо 2	1. Сөзжұмбақ шешу. 2. Жигсо 1
Түсіну	Бастауышты синтаксистік талдаудың алгоритмін құру.	Әр топ ереже құрастырады.	Постермен жұмыс.	Тест.
Қолдану	Алгоритм арқылы тапсырмалар орындау.	Ережені пайдаланып, тапсырмалар орындау.	Тапсырмалар орындау.	Тапсырмалар орындайды.
Талдау	Оқушылар өз жауаптарының қатесін талдайды.	Тапсырманы жанында отырған оқушыға зерделеп түсіндіре отырып тексерді.	Венн диаграммасы.	«Сызықша қоюдан қателеспейік» ауызша талдау. Шеңбер.
Жинақтау	Бес жолды өлең.	Бес жолды өлең.	Бес жолды өлең.	Тест.
Бағалау	Эссе жазу «Бастауыш-ойдың иесі».	Эссе жазу «Баяндауыш-баяндауыш».	Эссе жазу «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері»	

Жаңа тақырыпты меңгерту және қайталауда мен «түсіндіруші» рөлінен бастартып, тек бағыттау арқылы оқушыларды өз бетімен тақырыпқа шығуына, сабақтың мақсатын анықтай білуге және сол мақсаттарға жету үшін белсенділік танытуына, ерекше ойларын білдіре отырып білім алуға бағыттадым. Оқушылардың жаңа ақпаратты игеру барысында олардың бұған дейінгі меңгерген білімдерімен байланыстырдым. Оқу тапсырмаларын

орындау барысында механикалық есте сақтау емес немесе қайталау емес, оқушылардың сабаққа белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуы талап етілді. Ойлаудың барлық деңгейін қамтитын тапсырма – сұрақтар құрастыру арқылы оқушылардың жауабы ойлаудың қай деңгейіне сай келетінін анықтау үшін Бенджамин Блум таксономиясын қолдандым. Балалар алғашқы сабақта негізінен білу, түсіну, қолдану және талдау деңгейінің сұрақтарына жауап беріп жатса, соңғы сабақтарда жинақтау деңгейіндегі сұрақтарға жауап беріп жатты. Тәжірибе сабақтарымда балалардың сын тұрғысынан ойлау қабілеті даму үшін ойландыратын мазмұнды ашық сұрақтар қою арқылы диалогқа түсуін ұйымдастырдым.

Сын тұрғысынан ойлаудың (қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс) үш кезеңінде келесі жұмыс түрлері жасалды.

Қызығушылықты ояту кезеңінде тақырыпқа байланысты бұрынғы білімдерін пайдалана отырып, оқушы белсенділігін арттырып, алдағы жұмыстардың желісіне тарта білдім. Оқушылар осы тақырып бойынша білетіндерін еске түсірді, зейіндері бағытталды, мәліметтерді жүйелеп, өзіне қажет деген мәліметтерді білуге ұмтылды. Бұл кезең барысында А, В, С деңгейлі оқушыларымның үшеуі де белсенділік танытты. Өткізілген сабақтарда жаңа сабақты түсінуге қиналатын С деңгейлі оқушым өз қабілетін постерлерге (афиша, плакат) орындаған жұмыстарын қорғауда көрсетуге тырысты.

Мағынаны тану кезеңінде жаңа тақырыппен жұмыс жасағанда жұмысқа қызығушылық туғыза білдім. Оның оқушыға қажеттілігін айқын сезіну мүмкіндіктерін тудыру арқылы білім мен мәліметтер қорын, білімдерін молайтуды мақсат тұттым. Оқушылар мұғалім ұсынған әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, жаңа тақырыпты оқыды, бір-бірін

тындай отыра, жаңа тақы-рыпты меңгеру кадамдарын орындау арқылы жүзеге асырды. В оқушым осы кезеңде «бақылаушы» міндетін атқарды.

Ой толғаныс кезеңінде оқушылар бастапқы кезеңде жазғандарына оралып, болжамдары мен ойларын нақты ақпаратпен салыстыра отырып, толықтырулар енгізілді, тақырыпқа байланысты шығармашылық пен ізденіске жетелер тапсырмалар орындалды. Оқушылар өз қорындағы жаңа сабақта алған мәліметтерін ескілермен салыстыра отырып, мағынаны тану кезеңіндегі алынған ақпараттарды пайдалана отырып, жаңа игерген тақырыптардың тапсырмаларын орындау барысында қолдану мүмкіндігіне ие болды.

Сабағымның ең маңызды кезеңі – жаңа сабақты өз беттерімен меңгеру үшін оқушылар топпен бірлесе жұмыс атқаруы. Әр сабағымды оқушылардың өзіне жаңа сабаққа қызығушылықты оятуға түрткі болу үшін тақырыптың атын және мақсатын өздеріне анықтаттым. Осы уақытта аса қуантқаны А, В деңгейлі оқушыларым ойлаудың жоғары деңгейіне берілген тапсырмаларды орындай алды. А деңгейлі оқушым барлық кезең тапсырмаларына қызыға кірісті. Оның қабілеттілігі эссе жазғанда ерекше байқалды. Оқушы жаңа сабақта түсінгенін ертегі түрінде құрастыра білді. А деңгейлі оқушымның жаңа сабаққа қызығушылығының пайда болуы оның іс-әрекеті мен қимылынан айқын аңғарылды. Ол сұраққа теориялық материалдарды ғылыми тұрғыдан тереңірек талдай отырып, қызықты жауаптар берді.

- Баяндауышты басқаша баяндағыш деп атасақ та болады. Бастауыш сөйлемнің басшылық қызметіне ие болса, баяндауыш оны не туралы айтқанын баяндайды.

В деңгейлі оқушым топтық жұмысқа қызығушылық әсерінен пәнге деген қажетсінуі мен белсенділігі арта түсті, ал С деңгейлі оқушымның іс-әрекеті жаңа сипатқа ие

болып, ізденімпаздыққа қалыптаса бастады. Ол енді басқа балалармен бірлесіп жұмыс істеуге дағдыланды.

Оқыту мен оқуды бағалау үшін қалыптастырушы бағалау да, жиынтық бағалау да пайдаланылды. Баға қою арнайы бағалау парақтарын толтыру арқылы да, оқушылардың бір-бірін бағалау арқылы да жүзеге асты.

Бағалау парақшаларымен жұмыс кезінде оқушылардың арнайы бағалауда С деңгейлі оқушым А, В деңгейлі оқушыларыммен бірдей әрекеттесті.

Әр сабақта рефлексия арқылы кері байланыс орнатуға тырыстым. Бұл әр өткен сабаққа талдау жасауға және келесі сабақтарды жоспарлауға үлкен септігін тигізеді. Рефлексия барысындағы деңгейлі оқушыларымның пікірлері:

А деңгейлі оқушы:

«Сабақтағы тапсырмалар қызықты болды. Әрине, жұмыс бар жерде қиындық та бар деген. Кей кезде қиындықтар да болды. Ал мен сол қиындықтарды жеңдім.»

В деңгейлі оқушы:

«Сабақ маған ұнады. Бірақ бір жерінде кемшілік болды: жаңа тақырыпты оқуға уақыт аз болды да, тақырыпты игере алмадым. Бірақ топпен жұмыс кезінде бәріміз бірлесіп жұмыс істегендіктен, түсінбегенімді сосын түсініп алдым.»

С деңгейлі оқушы:

«Маған бүгін сабақ ұнады, себебі сабақ қызықты әрі жеңіл болды. Сабақтың ұнаған жері: балалардың сұрақ қойған кезі. Бірақ кейбір балалар сұрақтарды дұрыс қойған жоқ.»

Жұмысымдағы өзім және оқушыларым байқаған бұл өзгерістер – бір жетістігім деп білемін.

Зерттеу жұмысы негізінде бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлау оқушыларымда өз сыныптастары және мұғалімнің көмегіне сүйене отырып, келесі нәтижені берді:

- Бірлескен оқу әрбір оқушының өз қабілеттерінің ашылуына мүмкіндігін берді, әрбір топ мүшесі

зерттеу соңында жауапкершілікті сезініп, өз үлестерін қосты.

- Ұжыммен жұмыс жасауды үйренді.
- Мәтінмен өздері танысады, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы мәтінді зерттейді, талдайды, салыстырады.
- Ойларын қорытып, қағаз бетіне түсіре білді.
- Өз тұжырымдамаларын жасай алуға талпыныс пайда болды.
- Зерттеу негізінде берілген сұрақтар бойынша алынған жауаптарын қолдана алды.

Сабақ барысында А, В, С деңгейлі оқушыларым жаңа игерген білімді игеру кезіндегі өз ойлау дәрежесіне сәйкес қабілеттерін көрсете отырып, сыни ойлауларын дамыта білді.

Менің зерттеуімнің мақсаты – бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлау олардың дамуына қалай әсер ететіндігін анықтау.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарым екінші деңгей бағдарламасы түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан сындарлы теориясына негізделген. Жиналған деректер жаңалық енгізуді қолдайтындай өз жұмысымның нәтижесін көруге бағытталған.

Бұл бақылаулар оқушылардың талпыныстары оқытудың дәстүрлі жүйесіне қарағанда бірлескен оқуда жоғары екендігін көрсетеді. Барлық сабақтар бойы оқушыларымның әрқайсысы өздерін табысты оқушылар ретінде көрсете білді.

Мектептегі күнделікті сабақтар барысында менің оқытуға деген көзқарасым және оқыту әдіс-тәсілдерім түбегейлі өзгерді. Мұндай өзгерістің себебі – сыни ойлаудың бүгінгі таңда менің мектебім үшін маңыздылығын сезіну және өз тәжірибемде тиімді қолдана алу деп білемін. Сабақтарыма өзгеріс енгізе отырып, мен оқушыларымның бірлескен оқуда олардың қызығушылығы және белсенділіктері

арқылы жетістікке жетуге талпынуы, ойларын қорытып, өздеріне қажет деп тапқан білімді пайдаға асырып, қажеттеріне жарата білуін нәтижелі жұмыс деп есептеймін. Зерттеуге алынған 8 «А» сыныбының сабақтар бойы жалпы психологиялық ахуалы қалыпты болды, оқушылар алғашқы күннен-ақ жауапкершілікті сезініп, менің сабақтарыма қызығушылықтары артып, берілген тапсырмаларды бірігіп, ынтымақтастықта орындай білді. Оқушыларымның бойынан ерекше жауапкершілік сезілді. Олар күннен-күнге реттеле бастады. Сабақ басталмас бұрын парталарды топпен жұмыс істеуге лайықтап, дайындап отырды. Күнделікті сабаққа кешікпей келді, қажетті құрал-жабдықтар дайын тұрды. Осы өзгерістердің өзі менің жұмысымның алғашқы жемістері екенін байқадым.

Оқушылардың сыни ойлауын дамытуда мынадай тұжырымдар жасадым:

1. Өткен тақырыпты қайталау жаңа тақырыпқа негіз болды;
2. Өз пікірін ортаға салуға, дәлелдеуге, топтастарының пікірлерін құрметтеуге үйренді;
3. Білімнің қайнар көзін өздері тауып, білімді меңгеру үшін қажетті дағдыларды өз бетімен қалыптастырды;
4. Мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.
5. Оқушы тақырыптың ғылыми меңгерілуіне қолайлы жағдай жасайды.

Осы қасиеттердің барлығы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға көп көмегін тигізеді, себебі білімді өздігінен меңгеру және бір-бірімен ой бөлісуді меңгере алған оқушы ғана қарқынды өзгеріп жатқан заманда өз мақсатына жете біледі. Елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл, дұрыс шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл тұлға керек.

**Самал ҮМІТБАЕВА,
Орманның негізгі
мектебінің мұғалімі.**

Солтүстік Қазақстан облысы,
Жамбыл ауданы,
Орталық ауылы.

ДАМУҒА ЖЕТЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Ұсынылып отырған тапсырмалар жинағын жалпы орта, негізгі білім беретін мектептің 6-сыныбында қазақ тілін оқытуда көмекші құрал қызметінде пайдалануға болады.

Негізгі оқулықтағы материалдарға қосымша беріліп отырған осы тапсырмалар жинағы оқушылардың «Есім сөздер» тарауын толық меңгеріп, жазу дағдыларын дамытуға, сөздік қорларын байытып, ой-өрісін кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуіне және білімдерін жан-жақты толықтыруларына мол мүмкіндік береді. Сонымен бірге оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын оятып, олардың адамгершілік қасиеті мен азаматтық келбетін қалыптастыруға, салауатты өмір салтын ұстанып, нағыз патриот азамат етіп тәрбиелеуге де септігін тигізеді.

Көмекші құралға қазақ тілін оқытуда пайдаланылған шығармашылық тапсырмалар мен сыни тұрғыдан ойлау жобасының стратегиялары қолданылған тапсырмалар түрлері ұсынылып отыр. Бұл тапсырмаларды топпен немесе әр оқушы жеке орындауына болады. Тапсырмалар оқулықтағы «Сөз таптары» тарауы бойынша «Зат есім», «Сын есім», «Сан есім», «Есімдік» тақырыптарын түгелдей дерлік қамтиды.

Осындай шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, өз әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігін алады.

Әріптестеріме аз да болса пайдасы тиер деген үміттемін.

Зат есім

№1. Мәтіннен жалқы есімдерді тауып, олардың емлесін есте сақта. Мәтіндегі ойды әрі қарай жалғастыр.

Астана қаласы Сарыарқа даласында, Есіл өзенінің жағасында орналасқан. Еуропа мен Азияны жалғастырып жатқан Ұлы Жібек жолының бойындағы қала. Бүгінде Астана қаласы Қазақстанның саяси, экономикалық, мәдени және ғылыми орталығына айналды. Астанада Президент Ақ Ордасы, Парламент Сенаты мен Мәжіліс үйлері, «Конгресс Холл» қонақ үйі, мұражайлар, мәдени орындар, тағы басқа көптеген ғимараттар бой көтерді.

Елордамыздағы «Астана – Бәйтерек» монументі – архитектуралық ескерткіш қана емес, еліміздің бүгінгі мен келешегінің көрінісі.

№2. Венн диаграммасы бойынша Астана, Петропавл қалаларын салыстыр. Жазған жұмыстарыңдағы зат есімдерді түрлеріне қарай ажыратып, 2 сөзге фонетикалық талдау жаса.



№3. Мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, ішіндегі зат есімдерді анықта. Біреуін тақырып ретінде алып, шағын шығарма жаз.

1. Отансыз адам – ормансыз
2. Жердің сәні – ... , ердің сәні –
3. ... болмай, ... болмас.

4. Жалқаудың жауы –

№4. Берілген сөздерге жұрнақ жалғап, туынды зат есім жаса және оларды пайдаланып, «Менің Қазақстаным» деген тақырыпқа әңгіме құрастыр.

Дос, тәуелсіз, тату, қазақ, біл, сен.

№5. Күрделі зат есімдер туралы не айтасың? Күрделі зат есімдерге мысал келтір.

№6. Сөйлемдерден күрделі зат есімдерді тауып, жасалу жолын түсіндір, ішінен 2 зат есімді септе. Қарамен жазылған сөздерге фонетикалық талдау жаса.

1. Қазақстан тауларының бірі – Хан Тәңірі деп аталатын алып шың. Хан Тәңірі – Тянь-Шань жоталарының ең биік нүктесі. Оның биіктігі – 7 мың 320 метр.

Ақын Мұқағали Мақатаев жыр арнаған Хан Тәңірі Алматы облысының қазіргі Райымбек ауданында.

2. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Киікбай сияқты бабаларымыз осы жер үшін шайқасқан. Бөгенбай батыр шайқас кезінде жараланып, Есілден еліне қарай өткен. Есіл өзеніндегі осы өткел – қаралы өткел, яғни, Қараөткел деп аталып кеткен. Астананың әу баста Қараөткел деп аталуы содан.

№7. Әдебиеттен батырлар жайында оқыған көркем шығармаларды еске түсір.

«Қазағымның батырлары-ай...» деген тақырыпқа ойтолғау жаз. Жазған жұмысындағы зат есімдердің астын сыз.


№8. Ішінде күрделі зат есімдері бар сөйлемдер құрап, кестені толтыр.

№	Күрделі зат есімдер	Сөйлемдер
1	Кісінің аты-жөні	
2	Лауазымдық аттар	
3	Географиялық атаулар	


4	Аң-құс аттары	
5	Өсімдік аты	

№9. Венн диаграммасын пайдаланып, зат есімдердің түрлерін салыстыр.

1)



2)



№10. Абайдың сөзін өз ойыңша әрі қарай жалғастыр. Ішіндегі дерексіз зат есімдердің астын сыз. Өзің қалаған 3 зат есімге фонетикалық талдау жаса.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық...»

№11. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, деректі зат есімдерді тап. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, тақырыбын анықта. Өзің қалаған 3 зат есімді жікте. Зат есімдер қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын айт.

1) ... өссе – елдің көркі, ... өссе – жердің көркі.

2) Жақсы ... – жағадағы құндызың,

Жақсы ... – көктегі жұлдызың.

- 3) ... – үйдің көркі, ... – түздің көркі.
 4) Ата – ..., бала –
 5) Жақсы ... – қызындай, жақсы ... – ұлындай.

№12. «Менің ауылым» тақырыбына шағын шығарма немесе өлең жаз. Ішінде жалқы есім болсын.


№13. Мәтіннен зат есімдерді тауып, түрлеріне қарай ажырат. Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына қарай талда.

Дене тәрбиесі – адам баласы үшін бірден-бір қажет тәрбие. Дененің саулығы, мүсіннің сымбаттылығы, денсаулықтың күшті болуы, ең алдымен, дене шынықтырудан, жаттықтырудан бастау алады. Күнделікті дене жаттығуларын үзбей орындау, таза ауада серуендеу, спорт түрлерімен айналысу, дұрыс тамақтану, тынығу міндетті тәртіпке айналуы қажет.

Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне байланысты. Денсаулықты сақтаудың бірден-бір дұрыс жолы – зиянды жат қылықтарға үйренбей, жаман мінез-әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір сүру.

Денсаулықты сақтау жөніндегі көптеген мәліметтер бізге Шығыстың, Қытайдың, Гректің, Тибеттің, Израильдің, Ливанның ежелгі қолжазбалары арқылы жетті. Ежелгі кездің өзінде-ақ Гиппократ, Аристотель, Ибн-Сина, әл-Фараби сияқты ғалым философтар денсаулықты сақтаудың тәсілдерін зерттеген.

1) Зат есімдерді қатыстырып сызбаны толтыр.



2) Денсаулық ұғымына байланысты сөйлемдер құрап, кестені толтыр.

Зат есім түрлері	Мысалдар
Жалқы	Көрнекті ғалым Халел Досмұхамедов денсаулықты сақтау туралы балаларға арнап кітап жазды.
Жалпы	
Негізгі	
Туынды	
Күрделі	
Деректі	
Дерексіз	

№14. Қосарлану арқылы жасалған зат есімдерге сөйлеммен мысалдар жаз.

№15. «Мен – зат есіммін» атты тақырыпқа эссе жаз.
Сын есім

№1. Мәтінді оқып, ат қой. Сын есімдерді тауып, құрамына қарай ажырат.

Қазақ тілі өзінің даласындай бай. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндегі аңқылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілі қасиетті қазақ домбырасының үнімен үндесіп жатады.

Ана тілі – бұл әкенің тілі, туған халықтың тілі. Ана тілін біз кішкентай кезімізден, әке-шешемізден, әжеміз бен атамыздан біле бастаймыз. Ана сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңеді.

Тіл – рухы биік, мәңгілік өшпес мұра болып қалуы тиіс. Мейлі дәрігер, мейлі кәсіпкер, тіпті шахтер болса да, өзінің туған тілі – ана тілін жетік білуі қажет. Себебі, тіл – біздің тағдырымыз, тіл – елдің тағдыры.

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті.


Тапсырма.

1. Халықтың басты белгісі – оның ана тілі дегенді қалай түсінесің?

2. Қазақ тілінің қазіргі күндегі қолданылу аясы, өзіндік орны қандай деп ойлайсың?

3. «Намысымсың, туған тіл» деген тақырыпқа ойтолғау жаз.

№2. Мына сөздерді пайдаланып, сөз тіркесін жаса.



№3. Төмендегі сөздерден сын есім жасап, оларды қатыстыру арқылы шағын мәтін құра. Жазған мәтініне қандай ат қояр едің?

Мемлекет, ұлт, айбын, құдірет, жігер, білім, еңбек.

№4. Ішінде дара, негізгі, қатыстық сын есімдері бар мақал-мәтел тауып жаз және мағынасын түсіндір. Өзің қалаған үш сөзге фонетикалық талдау жаса.

№5. Ұлағатты сөздерді жатқа жазып, қатыстық және сапалық сын есімдерді тап. «Екі жақты түсіндірме күнделік» стратегиясын пайдаланып, өзіңе ұнаған сөйлемге байланысты өз пікіріңді жаз. Жазған жұмысында сын есімдердің болуын ескер.

Ақылсыз дастан

Ақылды дұшпан артық. (Шалкиіз жырау)

Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі. (Б.Момышұлы)

Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет. (М.Әуезов)

Өнегелі болса – бала көрікті. (Қорқыт ата)

Жақсы адам өзінің жыртық тонымен де сыйлы, гүл өзінің жапырағымен сыйлы. (Әлішер Науаи)

Есті кісі ерегіспейді, көпшіл адам бөлек ішпейді. (Кенен Әзірбаев)

Сөзіңе, антыңа берік болуға жастайыңнан үйрен. Сөзге беріктік – өз мерей абыройың. (М.Горький)

Адам барлық жағынан да: түрі де, киімі де, жаны да, ойы да сұлу болу керек. (А.Чехов)

Ұлағатты сөздер	Не себепті таңдадың?

№6. Заттың сынын, сапасын, көлемін, дәмін, түрін білдіретін сөздер ойлап, оны зат есіммен байланыстырып жаз.

№7. Берілген сын есімдердің синонимдік қатарын және антонимдік жұптарын тап.

Сын есімдерді қатыстырып, сөз тіркесін жаса.

Мықты, зәулім, сауатты, батыл, ақылды.

№7. Өлең жолдарынан сын есімдердің жасалу жолын, мағынасын, қызметін айт. Ақын неге жастарға сенеді? Сен бүгінгі жастардың бойынан қандай қасиеттерді көргің келеді? Өз ойыңды жазбаша білдір. Жазған жұмысында синоним және антоним сын есімдердің болуына назар аудар.

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,

Сөздерінде жалын бар.
 Жаннан қымбат оларға ар,
 Мен жастарға сенемін!
 Жас қырандар – балапан,
 Жайып қанат ұмтылған.
 Көздегені көк аспан,
 Мен жастарға сенемін!
 Жұмсақ мінез жібектер,
 Сүттей таза жүректер,
 Қасиетті тілектер-
 Мен жастарға сенемін!
 Тау суындай гүрілдер,
 Айбынды алаш елім дер,
 Алтын Арқа жерім дер,
 Мен жастарға сенемін! (М.Жұмабаев)

№8. РАФТ стратегиясы бойынша сын есімдерді қатыстырып, өз ойыңды жаз және сын есімдердің қызметін анықта.


- Р** – рөл мұғалім
А – аудитория оқушылар
Ф – форма кеңес
Т – тақырып зиянды әдеттерден аулақ бол

№9. Семантикалық кестені толтыр.

№	Мысалдар	Негізгі сын есім	Туынды сын есім	Дара сын есім	Күрделі сын есім	Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім
1	тұңғыш						
2	киелі						
3	мықты						
4	қара ала						

5	білімді						
6	биік-биік						
7	кеңпейілді						
8	алыс						
9	жақсы						
10	өнерлі						

№10. Венн диаграммасы арқылы сын есім түрлерін салыстыр.



№11. Мәтіндегі ойды жалғастыр. Сын есімдерді тауып, түрлеріне қарай ажырат.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген сөздің мағынасына үңілсек, біз шырылдап жерге түскен сәтімізден тәрбиені анамыздың ақ уыз сүтімен, әлдімен, бесік жырымен бойымызға сіңіреміз. «Әрбір адамда екі түрлі тәрбие болады, біреуі – өзгелерден алатын тәрбиесі, екіншісі, маңыздырағы – өзіне-өзі беретін тәрбиесі» деп айтылғандай біз өсе келе күнделікті өмірімізде отбасымыздың, аяулы ұстаздарымыздың, достарымыздың, туған-туыстарымыздың жақсы істерінен үлгі алып, олардың өнегелі істеріне жанымыз жадырайды.


№12. «Мен қандай болуым керек?» деген ойды басшылыққа алып, кластер толтыр. Жазған жұмысында сын есімдердің қай түрі кездесті?



№13. «Кубизм» стратегиясын пайдаланып, төмендегі тапсырмаларды орында.

- 1) Суретте (Сын есімнің анықтамасы).
- 2) Салыстыр (Зат есім мен сын есімді салыстыр).
- 3) Сарала (Жасалу жолдары).
- 4) Қолдан (Сөйлем ойлау. Сын есім қатысқан мақал-мәтел, жұмбақтар айту).
- 5) Талқыла (Сын есім. Құрамы, мағыналық түрлері, атқаратын қызметі).
- 6) Қолда не қарсы шық. (Шағын пікірталас: сын есім бізге керек пе, жоқ па?)

№14. Сызбаны толтыр.



Шаруан САЛАМАТОВА,
Тельман Жанұзақов атындағы
орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
Нарынқол ауылы.

М.ӘУЕЗОВ. «КӨКСЕРЕК» ӘҢГІМЕСІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) әңгіме мазмұны арқылы кейіпкерлер іс-әрекетіне, автор көзқарасына бойлау; ә) оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын ояту, ой-толғауға іскерлік дағдысын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту; б) табиғатты қорғауға, аялап, баптап, күтуге, адамгершілікке тәрбиелеу;

Түрі: сын тұрғысынан ойлау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, іздену, т.б. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы:

а) **Ұйымдастыру кезеңі:** оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

ә) **Үй тапсырмасын пысықтау:** үйге берген М.Жұмабаевтың шығармаларын сұраймын. Оқушыларға бірнеше сұрақтар қоямын.

б) Жаңа сабақты түсіндіру:

- Балалар, өзіміз оқып жүрген сүйікті пәніміз әдебиеттің адам өмірі үшін қандай маңызы бар?

(Иә, әдебиет – өміртану құралы. Көркем шығарма арқылы өмірді таныта отырып, адамды тәрбиелейді).

Ой қозғау. Қай жазушының шығармасын алып қарасақ та табиғат назардан тыс қалған емес. Ендеше, мына сөйлемге назар аударыңызшы.

Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя, талбесігі. Осы сөйлемді естігенде ойларыңа не келеді?

Ендеше, табиғат дегеніміз не? Қалай түсінесіздер?

Қоршаған орта

Табиғат

Халық қазынасы

Ал табиғатқа шабуыл жасау, оның тылсым тыныштығын бұзу мәселесіне қалай қарайсыздар?

Олай болса, бүгінгі әңгімеміз кеше ғана оқып танысқан, бәріміз көркем фильм арқылы да жақсы білетін Көксерек және оның иесі, олардың іс-әрекеті турасында өрбімек. Шығарманың оқиғалық желісі, яғни, сюжеті Көксерек іс-әрекетіне байланысты өрбіп дамиды. Сондықтан біз алдымен осы әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасап көрсек.

1. Оқиғаның басталуы – Қасқыр мекені. Бөлтіріктер тағдыры.

2. Байланысы – Көксеректің ұяластарымен табысуы.

3. Дамуы – Қарадыр еліндегі мазасыздық.

4. Шарықтау шегі – Құрмаштың қазасы.


5. Шешімі – Көксеректің жазасын тартуы.

(Суреттері көрсетіліп, тұсына тактаға ілінеді).

Міне, әңгіменің негізгі оқиғасы да есімізге түсті. Басты кейіпкерлер кімдер?

(Иә, қасқырлар мен адамдар.)

Олай болса, біз қазір екі топқа бөлініп жұмыс жүргіземіз. Әр топтың жетекшісі өз тобынан жауап берген оқушыларды белгілеп отырсын. Топтастыру. Екі топқа «Адам», «Қасқыр» сөздері жазылған плакат беріледі. Осы сөздер бойынша ойыңызға келген сөздер мен сөз тіркестерін жаза бересіз.



Кубизм. Кубизм әдісі бойынша мына кубикті екі топқа кезекпен иіремін. Қай қырының сұрағы түссе соған жауап бересіз. Дайынсыз ба?

1. Суретте. Көксеректің портретін суреттеңіз.

2. Салыстыр. Дала қасқыры мен Көксеректі салыстырыңыз.

3. Зертте. Қасқыр туралы тағы қандай шығарма білесіз?

4. Қолдан. Көксерек туралы ел адамдары не дейді?

5. Дәлелде. Көксеректі жауыздыққа итермелеген де, Құрмашқа ауыз салдырған да қандай жағдай?

Талда. Көксеректің қатыгездігін қай тұстарда байқадыңыз?

Толғаныс. Синку-эй әдісі бойынша «қасқыр», «аңшы» сөздеріне бес жолды өлең жазып көрейік.

1. Қасқыр.

2. Жыртқыш, қомағай.

3. Ұлиды, шабуылдайды, жортуылдайды.

4. Аңшы қансонарда аңға шығады.

5. Бөрі көкжал.

1. Аңшы.

2. Қырағы, сак.

3. Атады, көздейді, аулайды.

4. Аңшы қансонарда аңға шығады.

5. Мерген.

Шығармашылық жұмыс: Қасқырға байланысты мақал-мәтел айтады.

1. Қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлуын қоймайды.

2. Қасқырдың ауызы жесе де қан, жемесе де қан.

3. Ауыл иті болса да, бөрі келгенде бірігеді.

4. Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар.

Білімді бекіту: Өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын. Түсінбеген сұрақтарына жауап беремін.

1. Ауыл адамдары Көксеректі неге жек көрді, жазалады?

2. Неге Көксерек адамдар ортасына үйреніп кете алмады?

3. Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен неге тез бауырласты?

Білімді бағалау:

оқушылардың жауаптарына, сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.

Үйге тапсырма:

М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі бойынша «Қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды» тақырыбына шығарма жазу.



Зәмзәгүл ҚАСЫМБЕКОВА,
№5 орта мектептің мұғалімі.

Қарағанды облысы,

Қарқаралы ауданы,

Егіндібұлақ ауылы.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН. «ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ»

Сабақтың мақсаты: повестің мазмұнын меңгерту.
Міндеттері: Шұға мен Әбдірахман бейнелерін ашуда өз ойларын ортаға салу, пікірталас арқылы білімдерін толықтыру, өз ойын еркін, мәдениетті, әдеби тілде жеткізе білуге баулу; суицидтің алдын алу, қиындыққа мойымай, тығырықтан шығар жол таба білуге тәрбиелеу; шиеленісті жағдайды жеңіл шеше білуге, толеранттылықты қалыптастыру.

Түрі: пікірталас (дебат). **Әдісі:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, топтық жұмыс.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі бойынша Шұғаның дәрменсіз күй кешіп, өмірден баз кешуі қате не дұрыс деген екі бағытта пікірталас өтеді. Екі топпен таныстыру. Әділ-қазылар мүшелерімен таныстыру.

2. Жаңа сабақ: **1-спикер (оң бағыт)** «Талап» тобымен таныстырады. Қарар: **Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс.** Мен бұл қарарды талдамас бұрын «Баз кешу», «Өлім» сөздеріне түсінік берсем: «Баз кешу» – үміт үзу. (Фразеологиялық сөздік. 42-бет), «Өлім» – тіршіліктің тоқтауы. (Түсіндірме сөздік. 653-бет).

Критерий:

Махаббатсыз дүние бос

Хайуанға оны қосыңдар.

(Абайдың өлеңдер жинағы. 101-бет).

Шұға оқиғасы қазақ қыздарының басында Кеңес Үкіметіне дейін болып келді. Ата, ауыл-аймақ қыздарды сүйгеніне бермей, малға сату тәрізді әдет-ғұрыптың берік жағында болды. Бірақ қазақ қыздарының бәрі оған көне берген жоқ. Өз әлінше қарсылық жасап, жол іздеп, бас бостандығын аңсаушылар табылды. Соның бірі – Шұға еді.

Біздің дәлеліміз:

1) Екі түрлі мақсат пен мінездер ешқашан жуыспайды, екі түрлі көзқарас, идеялардың бітіспес қақтығысы бақытқа әкелмейді.

Әбдірахманмен кездескен жерінде қыз кеудесінде тұңғыш сүйіспеншілік сезімі оянды. Шұға асқан сұлу, әрі ақылды қыз етіп суреттеледі. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда? Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайды ма, білмейсің, ешкіге ұқсап шошаңдап жүргені. Заман бұзылған ғой...иә. («Шұғаның белгісі», 137-бет).

Әбдірахманның өз теңі екеніне көз жеткен Шұға сабырлық мінезімен жігітке бірден уәде бермейді. Өзінің паңдығын сақтайды. Сөйте тұрса да бай қызымын деп шалқаймай, Әбдірахман хатына ілтипатпен жауап береді. Өйткені Шұға Әбдірахманды жан жүрегімен ұнатқан еді. («Шұғаның белгісі», 146-бет).

Ғашықтық дерт олардың сақтықтығын ұмыттырады. Әбдірахманды өз қызына үйленеді деп жүрген Айнабайға бұл ұнамайды. Ол жала жауып Әбдірахманды қамауға алдырады. Әбдірахман мен Шұға – нәзік жанды жандар. Әбдірахман

мен Шұғаның бір-біріне жол үстінде жолығып, қоштасар жері «Қош, қалқам, қалқам. («Шұғаның белгісі», 149-бет.) деп кемсеңдеп отыра кететін сәті Шұғаның Әбдірахманды қандай дәрежеге терең сүйетіндігін байқатады. «Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын, әкем аяса, менің дертім жанымға батқан соң, аяп отыр. Ертең сауықсам, қайта күйсеуден тайынбайды. Өлем деп арман қылмаймын, жалғыз-ақ арманым бар. Түнеугі көргенде, Әбдірахман бір ауыз сөз айта білмеді деп өз күмәнін сездіреді. («Шұғаның белгісі», 151-бет).

Ендеше жоғарыдағы дәлелге сәйкес, махаббаттың құдіретін сезінген Шұға заманының әділетсіздігінің құрбаны болса да, ол өмір сүрді деп есептейміз. Ешкімге өзін қор қылмай, бұл өмірден аяулы ерке Шұғаның тек бір сүйгеніне адал күйінде дүниеден кетуі көңілге бір мұң, бір сыр ұялатады. Осы кірбіңнің өзі – жайлы рахат. Көзіңді жұмып тағы да ойға қаласың. Шұға тандап, тауып Әбдірахманды сүйді, сол жолда өмірден өтті.

Қорыта келгенде, біздің қарарымыз: өмірін қор қылмай, Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс. Қарама-қарсы сұрақ 3-қарсы спикер.

1-спикер (қарсы бағыт)

«Шұға» тобымен таныстырып өтеді.

«Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс» деген шешіммен келіспейміз.

Біздің қарарымыз: «Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс емес».

Мен бұл қарарды талдамас бұрын «Өмір» сөздеріне түсінік бере кетейін. Өмір- материяның қозғалу, даму, өсу көріністерінің жалпы жиынтығы – тіршілік, яғни, жалпы өмір адамға бір-ақ рет беріледі. (Түсіндірме сөздік. 653-беттен алынған).

Біздің критерий: Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме
Қызық келсе, қызықпа оңғаққа ерме.

(Абайдың өлеңдер жинағы, 161-бет.)

Біздің дәлеліміз:

1. Үнемі тәуелді бола беруге мойын ұсына бермей, әділет пен азаттық жолында ынтымақтасып, ескі әдет-ғұрыпқа қарсы күресу жаңа өмірге бастайды.

Шұғаның бейнесін сөз еткенде, оның махаббатқа беріктік, шын сүюшілікті қадір тұту, бас бостандығын іздеу, сұлулық, ақылдылығымен қоса керекті жерінде қайраттылық көрсетуін айтуымыз керек еді.

Керісінше, Шұға еркін ерке өссе де, дәрменсіз, қайратсыздық танытады.

- Апырым-ай! Қайда барасындар?!- деді Шұға.

- Болысқа айдап барады, -деді Әбдірахман. Шұғаның көзінен жас мөлдіреп қоя береді.

- Әбдірахман! Қош!- деді. Теңселіп келіп арбаға мінеді. Көзінің жасы ағып, бетін жауып кетті. Біз атты айдай бергенде қарлыққан дауыспен: - Қош, қалқам, қалқам!- деп Шұға кемсеңдеп жылап отыра кетті.

Тек қана нәзік махаббат өкілі емес, қимыл-іс те қолынан келетін қыз болу керек еді. Эпостық жырларда «Айман-Шолпан» жырында Аймандай ақылды, тапқыр, әріден ойлап көздеген қыз мақсатына жеткен, сондықтан, Шұға бақыты үшін күресе білуі керек еді. Сондықтан қорытындылай келе, «Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс емес», - деп ойлаймыз.

Қарама-қарсы сұрақ. 3 оң спикер сұрақ қояды.

2-спикер (оң бағыт)

Біздің шешіміміз: Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс деп есептейміз.

Біздің критерий: Еріксіз түскен ылдидан
Еңбекпен шыққан өр артық.
Қорлықпен өткен өмірден

Көсіліп жатқан көр артық. (Абайдың өлеңдер жинағы. 174-бет).

Біздің дәлеліміз: 1. Қаһарманның күйзелісі – жанның терең қасиеті, оның мәні-жапа шегу, осылардан құтылатын оның бір ғана жолы не ауыртпалыққа түсіп, өзінен-өзі безіну, не тез өлу.

Өз теңін іздеп сүйгеніне баруды аңсаған қыздардың арман-тілегін сонау ертеден келе жатқан лиро-эпостық жырлардан бастап XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылар өз шығармашылығына арқау етті. Соның бірі көңілде арман, өкініш қалдырып кеткен -Шұғаның өлімі. Шұғаның шешімі дұрыс еді. Әбдірахман мен Шұға -екі ортада тәрбиеленген жандар. Шұға төрт ұлдың арасында бұлаңдап жоқшылық көрмей өссе, Әбдірахман сіңірі шыққан кедейдің баласы еді. Әбдірахманның әкесі өте кедей адам болған еді. Ауылнай мектебінен шыққан соң да, Әбдірахман малайлықтан құтыла алмады. («Шұғаның белгісі», 139-бет.)

Сондықтан Әбдірахман Шұғамен алғаш тілдескенде қыздың бірден уәде бермеуін осы арадағы теңсіздіктің салдары деп ұғады.

Әзілдесіп тұрып, Әбдірахман көңілін білдірсе, Шұға түсінбегенге салыныпты. Салған жерден бола қоймады деген мұныкі де тентектік қой... («Шұғаның белгісі», 144-бет.)

Сөйтіп, Шұғаға сенімсіздік білдіреді. Сондықтан да Әбдірахман да батыл іс-қимыл жасай алмайды.

Шұға айныса, амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде тұратын болса, не қиындық болса да, көрем. Алмай тынбаймын,- деумен болды. («Шұғаның белгісі», 147-бет.)

Шұға – бар өмірінің мәні, бақыты тек Әбдірахманмен бірге деп есептеген жан.

Осыдан келіп Әбдірахманды шын сүйген Шұға оны әуреге салмай, өз махаббат дертіне өзі күйоді дұрыс деп шешім қабылдайды. Ақыры аяғында сүйгеніне берік Шұға

ғашық дертіне күйіп, өмірден өтті. Шұғаға дейін де талай ару қорлық, мазақ өмірден адал өлімді таңдап алған еді. Махаббатына кір шалдыртпай таза күйінде таңдап сүйген Әбдірахманның жолында өмірден өтті. Қорыта келгенде, Әбдірахманның батылдық, қайраттылығын сынға салмай өмірден баз кешуді таңдады. Сондықтан да Шұғаның шешімі дұрыс дегенге тоқталдық.

2-спикер (қарсы бағыт)

Біздің қарарымыз: Шұғаның өмірден баз кешуі – дұрыс емес.

Біздің критерий: **Адам өзін өлімге итермелеуі** - күнә. (**Қайнар көзі** – Құран Кәрім кітабынан)

Әбдірахман мен Шұғаның терезесі тең емес еді. Әбдірахманды ел ақсақалдары ұната қоймайды. Сонымен бірге Әбдірахман қайратты, батыл жігіт емес. Ол Шұғаның өзін шексіз сүйетіндігіне күмән келтіреді. Дәлел 19-беттегі «көптеген көрші болған ел едік арамызға салқындық түсірме,- депшалдарүгіттепӘбдірахмандыжолынантайдырмақболды. Әбдірахман бәріне де: Шұға айныса амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде тұратын болса не қиындық болса да көрем. Алмай тынбаймын деумен болды». Әбдірахманның осы сөзінен-ақ байқалады. Күмәнмен қараған жігіт үшін өзін-өзі өлімге итермелеуі дұрыс емес. Әрі екінші критерийді қайталап айтқанда, адам өзін өлімге итермелеуі – күнә. («Құран кәрім» кітабынан). Есімбек қызын малға сатпады. Әрі қызы ауырған кезде, қызының өмірі үшін Әбдірахманға қосуға келіседі. Әкесіне дұрыс түсіндірсе, жалғыз қызына Есімбек батасын берер ме еді? Сол себепті Шұға өмірді таңдауы керек еді. Кім біледі, Әбдірахманның ғашықтық жарасы жазылып, өмірден бақытын тапқан шығар. Сондықтан шын сүйген ғашығымен бірге қиындықты, қызықты бірге бөлісу үшін өмір үшін күресу керек еді. Осыдан шығатын қорытынды, Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс емес еді...

3-спикер (оң бағыт)

Сұрақ қойылады:

- 1) Егер қыз өлмесе, бақытты болады деп ойлайсыз ба? Иә
- 2) Әбдірахманның Шұғаның әкесіне істеген қиянаты дұрыс деп ойлайсыз ба? Жоқ
- 3) Әбдірахман мен Шұғаның әкесінің арасындағы қақтығыс, екі жастың арасына кірбің түсіреді деп ойлайсыз ба? Жоқ
- 4) Қозы мен Баянның махаббатына күмән келтіресіз бе? Жоқ

Мен айтылған сөздерді мақұлдай отыра, тағы қарарымызды нақтылаймын: Біздің шешіміміз: Шұғаның өмірден баз кешуі – дұрыс. Әбдірахманды Есімбек күйеу бала қылуға наразылық білдіреді. Шұға өлмей, Әбдірахманға қосылған күнде де, әкесіне жаны ашымаған адаммен бақытты тұрмыс құруы мүмкін емес. Сондықтан өзін қол жетпес арман етіп қалдырып кетті. Шұғаның арманы – Әбдірахман. Әбдірахмансыз оған өмір – қараң. Сүйген адамымен бұл өмірде қосылуы мүмкін емес екендігін сезген Шұға өлімді таңдап алып, өшпес махаббаттың қуат- күшін осылай биік көрсетеді. Ақыр аяғында, міне, сұлу Шұға дүниеден өтті. Өз өлімімен қол жетпес биік арман, нәзік махаббат үлгісін көрсетіп кетті. Жігіттің қызға, қыздың жігітке деген мөлдір махаббаты суреттеле отырып, махаббат – тек адамзатқа ғана тән асыл қасиет екенін жазушы оқырмандарына жеткізді. Осы шығарманы оқи отырып біз сүйіспеншілікті үйренеміз. Шұға мөлдір махаббатына кір түсірмей, өлімімен зұлымдықтан, опасыздықтан, әдепсіздікпен өзін арашалап кетті. Өмірдің мәні, сәні махаббатта. Мәнсіз, мағынасыз өмір сүргенше өлімді артық санағаны дұрыс.

3-спикер (қарсы бағыт)

Қарсы топқа сұрақ қойылады:

1. Сіз Алланың бере де біледі, ала да білетініне сенесіз бе? Қарсы топтың 1-спикерінің жауабы: Иә

2. Адамдар өмірге қонақ па? Жауабы: Иә

3. Адамдар өмірге екі рет келмейді ғой? Жоқ, келеді деген жауап алынды.

4. Сіз Әбдірахман мен Шұғаның өз бақыттары үшін күресе алмағанына келісесіз бе? Жауабы: Иә

5. Талабына жете ме? Иә

6. Адам өзін өлімге итермелеуі дұрыс деп ойлайсыз ба? Жоқ.

Естеріңізге сала кетейін, біздің қарарымыз: Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс емес. Біз сіздерге мынадай критерий ұсынамыз:

1. Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай бермей. Абайдың қара сөзінен.

2. Өмір – деген күрес. Карл Маркс.

Ақыл ажалды да жеңеді. «Аталар сөзі – ақылдың көзі» кітабынан. Енді осы критерийлерді пайдалана отырып, сіздерге ойымды дәлелдеуге тырысамын. Адамдар қандай болмасын қиындыққа төзе отырып, күресе білгені жөн. «Өмірде білім іздеген өседі, бүлік іздеген өшеді» дегендей, Шұғаның өмірде мақсаты айқын болмады. Үмітінен тез айырылып, өзін тек өлімге ғана итермеледі.

Өмір – күрес. Адам ешқашан бақытына тез жетпейді, егер ол талаптанса, дегеніне жетеді. Ал Әбдірахман мен Шұға өз бақыттары үшін ешқандай батыл іс көрсетпеді. Сұрақ-жауап барысында бұл көзқараспен қарсы топ та келісті және өмірден баз кешуі дұрыс дегенге дәлелді сөз айта алған жоқ. «Өмір деген оңай емес, ұзақ жылғы шексіз күрес, жанталассаң жан

сақтарсың, қимыл керек, талап керек», - деген М.Сүндетовтің сөзімен ойымды қорытындылай келе, Шұғаның өмірден баз кешуі дұрыс емес деп ойымды аяқтаймын.

Қорытынды:

1. Дебат барысы бойынша қазыларға сөз берілді.

2. Дебат барысы бойынша көрермендер өзіндік ойын ортаға салды.

3. Жеңімпаз топ және үздік спикер марапатталды.



Шырын ҰЗАҚОВА,
«Ораз Жандосов атындағы
орта мектеп мектепке дейінгі
шағын орталықпен» КММ-ң
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Жандосов ауылы.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА. **«ОЮЛАР»**

(5-сынып)

Сабактың мақсаты: ақын жайлы мәліметтер беру, өлең мазмұны мен құрылысын меңгерту, автор шеберлігін таныту. **Міндеттері:** оқушының ойлау қабілетін дамыту, тіл байлығын арттыру, сөйлеу мәдениетін ұштау, ұлттық дәстүрді қастерлеп, еңбексүйгіштікке, сұлулыққа, әдемілікке

тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** СТО стратегиялары-ой қозғау, көрнекілік, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** топтамалар, суреттер, кітаптар, көрме, слайд, компьютер, ұнтаспа, бейне экран, кереге, киіз үй жабдықтары. **Пәнаралық байланыс:** тарих, бейнелеу, технология, қазақ тілі, ән-күй.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Қызығушылығын ояту.

Жаңа сабаққа кіріспес бұрын ұйымдастыру кезеңінен соң ұнтаспа арқылы М.Мақатаевтың сөзіне жазылған «Фаризажан» әнінен үзінді тыңдау.

1. Ой қозғау.

- Ән кімге арналған екен?
- Қай ақынның сөзіне жазылған ән деп ойлайсыңдар?
- Ф.Оңғарсынова туралы не білесіңдер?

(Слайд Ф.Оңғарсынова, оюлар)

Оқушылардың жауаптары тыңдалған соң, мұғалім алдын ала дайындаған «Поэзия падишасы» атты көрмемен таныстырады.

Көрмеде: ақынның өлеңдер жинағы, топтамалар, суреттер.

2. Автор шығармасына деген ынта-ықыласын ояту үшін ою-өрнектер туралы сұрақтар қойылады.

- Ою туралы не білесіңдер?
- Қандай бұйымдарға салынады?

Оқушылар ой тыңдап болған соң, бейне экраннан оюлардың түрлері көрсетіледі.

(Слайд: ҚР Туы, оюлардың түрлері)

II. Жаңа материалды меңгеру.

Оқулықпен жұмыс.

Оқулықтың 246-бетіндегі Ф.Оңғарсынованың «Оюлар» өлеңін мәнерлеп оқи отырып, түсініксіз сөздерді дәптеріне түртіп алу.

(Слайд. «Оюлар» өлеңі)

Сөздік жұмыс.

Белгіленген уақыттан кейін түсініксіз сөздер тақтаға жазылып, бейне экраннан суреттер көрсетіледі. (Слайд: «Текемет», «Тұскиіз», «Желбау», «Басқұр»)

Тізбектей жазылған сөздердің мағынасын ашуға барлық оқушылар қатыстырылып, сөздікпен жұмыс жасалады.

Ұжымдық жұмыс.

Өлеңді нақышына келтіріп мәнерлеп, алма-кезек оқи отырып сұрақтар қою арқылы өлеңнің мазмұнын ашу мақсатында жұмыс жасалады. (Слайд. «Сұрақтар»)

1. Халықтың асыл қасиетін өзіне жинаған ұлттық қолөнер бұйымдарын, халықтық дәстүрді, өнерді ақынның мейлінше бағалап, қастерлеуінің сыры неде деп ойлайсыңдар?

2. Ақынның таңданысы, сүйіспеншілігі қай жолдардан байқалады?

3. Желбауға, басқұрға, текеметке салынған қазақтың қошқармүйіз өрнектері ғасырлардан асып жеткенін, енді одан айырылып қаламыз ба деген қауіпін ақын қалай берген?

4. Қазақ халқының өнерге сүйіспеншілігін өз басыңнан, үйіңнен, ауыл-аймақтан аңғардың ба?

III. Жаңа материалды меңгергенін тексеру (Слайд. «Даналық ағашы»).

Топтық жұмыс.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді.

«Даналық ағашының» бұтағына ілінген қалташалардан әр топтан шыққан оқушы сұрақтар алады.

I қалташадағы тапсырма.

1. Қазақтың қолөнері және ою-өрнектер туралы мақал-мәтелдер айтыңдар.

2. Ұлттық бұйымдар туралы жұмбақтар айту.

II қалташа тапсырмасы.

Қайтбек АБДЫҚАЙМОВ,
Алматы облысының
Ұйғыр ауданындағы
Қалжат орта мектебінің мұғалімі.

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНАН ҮЗІНДІ

(Біржан сал Абай ауылында)

Сабақтың мақсаты: «Абай жолы» романынан алынған үзіндінің мазмұнын ұғындыру. **Міндеттері:** **білімділік** – әдеби мәтінмен жұмыс қабілетін арттыру, талдауға үйрету; **дамытушылық** – тіл байлықтарын дамыту; **тәрбиелік** – Біржанның елге құрметі, өзінің өнерімен елге қадірін көрсетуді көздегенінен үлгі алуға, өнерді құрметтеуге баулу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау стратегиялары. **Көрнекілігі:** бүктемелер, шығармалар жинағы, портреті. **Пәнаралық байланыс:** тарих, саз өнері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Сәлемдесу. Керекті оқу құралдарын әзірлеу.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

– Үйге берілген тапсырманы кім айтады?

– «Біржан сал Абай ауылында» деген әңгіме берілді.

– Бұл қай шығармадан алынған үзінді екен?

– «Абай жолы» романынан алынған үзінді.

– Бұл романды жазған кісі жөнінде не білесіңдер?

– Бүкіл әлемге танымал жазушы – Мұхтар Әуезов.

– Заманымыздың заңғар жазушысы – Мұхтар Әуезов.

1. Оюдың суретін салып, оған өлең тілімен жан бітіріңдер.

2. Ою ойып,оның мағынасын ашыңдар.

III қалташа тапсырмасы.

1. Өлеңді мәнерлеп оқып, 1-шумақты өлең құрылысына талдау.

2. Өлең жолдарынан өздеріңе әсер еткен үзінділерді оқып, пікірлеріңді айтыңдар.

IV. Бекіту.

Бес жолды өлең құрау (синквейн).

1. Зат есім.

2. Екі сын есім.

3. Үш етістік.

4. Сөйлем құрау.

5. Синоним.

3 топқа берілген сөздер: «Ақын», «Ою», «Өнерпаз».

V. Қорытынды.

Ұлтымыздың атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, өнерін дәріптеп, ары қарай дамытып келе жатқан мектебіміздің тәжірибелі ұстаз-әжелерден құралған «Шебер қолдар» атты үйірмесінің жұмысы көрсетіледі.

(Слайд)

1. *Өнер* – таусылмас азық, жұтамас байлық.

2. *Өнер өлмейді, өнер көнермейді, өнер жеміс ағашының бұтағындай гүлдеп, жемістей береді.*

VI. Үй тапсырмасы.

1. Өлеңді жатқа мәнерлеп оқу.

2. «Ақын өлеңінен алған әсерім» атты ой толғау (эссе) жазып келу.

VII. Бағалау.

III. Жаңа сабақ.

1. Қызығушылығын ояту.

Ой шақыру.

Сынып үш топқа бөлінеді. Сабақтың мақсатымен таныстырамын.

Әңгіменің мазмұнын айтып, әңгімені жан-жақты талдаймыз.

2. Мағынаны тану.

1) Әр топ өзіне бөлінген мәтін бойынша түсінгенін айтып береді.

«Мұхтар» тобы.

«Абай» тобы.

«Біржан сал» тобы.

Абай қазақтың халық әндерін жақсы білді. Жаяу Мұсаның, Ақан серінің, Біржан салдың әндерін жоғары бағалады.

2) Абай ән өнерін беріле сүйеді, әнді қадірлейді, жоғары бағалайды. Ән өнеріне деген сүйіспеншілік оны сазгерлік жолға әкелді. Өлең сөзінің ән арқылы таралуын ойластырды.

Әнді алғаш орындаушы да, таратушы да Абайдың өзі болды. Жас өнерпаздарға Біржанды үлгі етеді. Біржанның «Жанбота» өлеңін тыңдап көрелік.

«Бірақ ертең Азнабай, Жанботадан із де, тозаң да қалмайды, қалмасы хақ! Азнабай жауыздың, Жанбота жуанның бетіне соққан соққың қалады. Кейінгі нәсілді олардан жирентетін ұят таңба боп қалады».

3) Әңгімеде Абайдың ішкі монологу, ой-сезім, көңіл-күйі анық көрінеді.

Монолог – кейіпкердің іштей өзімен сырласуы.

Біріншісі – Біржанның «Біржан сал» атты әні кезінде беріледі.

Басталуы: «Тұлғасы ерен, кең кеуделі, асқақ үнді әнші сахараның ғажайып бір алыбы боп апты. Соңы: «Сонда

ел жүзі де ақын жүзіндегі жылтырап көрінген нұрға толғандай болады».

Екіншісі – Әйгерім ән салғанда беріледі.

Басталуы: «Көп күміс қоңырау сән түзеп, бір үн сала ма?»

Соңы: «Мынау нәзік қоңыр сәулелі көлеңке сияқты қорғалақ асыл өнеріңді ашшы!» ... дейді.

Енді әңгімеден осы монологті кім тауып оқып берер екен?

4) Жаз бойы Біржанды тыңдап, ән қадірін, әннің қасиетін азамат өнерінің бар зор биігі деп бағалаған Абай күйден толқынған көңілінен естілмеген бір сыр жырын шығарған еді:

Құлақтан кіріп бойды алар

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,

Өзімді өзім ұмытып.

Көңілім әнді ұғады,

Жүрегім бойды жылытып.

5) Біржанның «Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушы сен болсайшы, Абай» деуін қалай түсінесіңдер?

6) «Бір ғана саған айтып кетсем дегенім – өзіңнің әнді көтеріп қадірлегеніндей мен де ең алғаш бағалағаным осы десем не дейсің? Саған менің бергенім көп десем, маған сенің бергенің, жол азығы қанша екенін өзің де бір аңғарсаңшы!»

Біржанның осы сөзінен не ұқтыңдар?

Балалар Абай мен Біржанның өнер туралы ұғынысуларын Венн диаграммасына түсірді.

Бүгін не білдік? Не ұғындық?

Оқушылардың пікірін тыңдау.

Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды бағалау.

Ұлдана БАЙЖАНОВА,
Ж.Еділбаев атындағы
№18 мектеп-гимназияның мұғалімі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Түркістан қаласы.

«АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІ

(5-сынып)

Сілтеме	Қазақ әдебиеті оқулығы. Қосымша деректер	
Мақсаты:	Оқушылардың ертегіні қаншалықты меңгергенін анықтау. Бас кейіпкердің бойындағы қасиеттерді нақтылап көрсету. Аяз би өмірі жайлы қосымша мәліметтермен таныстыру.	
Оқыту нәтижесі:	Жаңа тақырыпты өз бетінше талдап үйренеді. Өз бетінше ойлана отырып, тақырыптың мазмұнын кеңейтуге, кеңейте отырып, суретпен жұмыс жүргізуге, мазмұн бойынша сұрақтар дайындауға, постер қорғауға қызығушылық танытады. Тақырыпты оқытуда түрлі әдістер арқылы негізгі мәселелерге көңіл бөлінеді.	
Түйінді идеялар:	Теориялық білім мен іс-әрекетті қатар алып жүреді. Сын тұрғысынан ойлай отырып, жаңа сабақтың тақырыбын ашылуын жүзеге асырады. Ой шақыру арқылы тақырыпқа қатысты түрлі тапсырмаларды орындауды ешқандай қиындықсыз жүзеге асырады.	
1. Оқушылармен амандасып, ұйымдастыру кезеңін жүргізу.	1. Шаттық шеңберіне тұрып мына өлең жолын айтады: Көңіл гүл, өмір бұл Ғажап екен жарандар! Шабытты, бақытты Болсаңдаршы Адамдар!	1. Оқушылар тез жиналып, сабақ барысына назар аударады. Сабақтың тәрбиелік мәніне көңіл бөле отырып, бір-бірін ауызбіршілікке, иманды, бақытты,

	Иманың, сыйлауың Жеткізеді бірлікке Нәрі де, сәні де Сыйлас болу тірлікте!	шабытты болуға шақырады.
2. Үлкен көшеден өткенімізде біз неге сүйенеміз? Оның түсі қандай?	2. Бағдаршам. Қызыл, сары, жасыл қағаздың түсіне қарап 3-топқа бөлінеді.	2. Жолда жүру ережесін еске түсіреді.
3. Үй тапсырмасын сұрау. Сұрақ қойылады.	3. Жауап береді.	3. Қайталау – оқу анасы.
4. Топтың көшбасшысын сайлайды.	4. Топ мүшелерін бағалау парағымен танысады.	4. Көшбасшылық міндетімен топқа басшылық жасауды үйренеді.
5. Тарихи деректер. Аяз би кім болды екен?	5. АКТ	5. Ізденеді.
6. Топтық жұмыс. «Кім жылдам?» ойыны арқылы жүргізіледі. (ауызша)	6. 1-топ. Ертегінің араласқан тарауын реттеп сәйкестендіреді. 2-топ. Берілген үзіндідегі кейіпкерлерді тауып, атап шығу. 3-топ. Мәтін ішіндегі мақал – мәтелдер мен жұмбақты сөздерді табады.	6. Топ бірлесе отырып жұмыс жасайды. Тапсырманы тез орындауға, жылдам қимылдауға тырысады.
7. Сергіту сәті. «Ертегілер» әнін тыңдату.	7. Отырған жерлерінде тұрып, бір-бірінің қолдарынан ұстап, әуенмен бірге тербетіле билейді.	7. Әуен тыңдап, бой, ой сергітеді.

8. 3 топқа да үйден ертегі мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтел тауып келу тапсырылған.	8. Әр топ 2 мақалдан айтады, келесі топ ертегі мазмұнының қай тұсы екендігін тауып, баяндап береді.	8. Ізденіс жұмыстарын жүргізе отырып, ойлау дағдысын арттырады.
9. Постер қорғату. 1-топ. Адамның жаманы. 2-топ. Шөптің жаманы. 3-топ. Құстың жаманының суреттері беріледі.	9. (15 минут) Осы жамандар туралы қосымша білетін деректерінді қатыстырып постер дайындаймыз. Қателерін келесі топ табу керек.	9. Оқушылар өздері жұмыс жасап, тапсырма дайындайды және оны келесі топ орындайды.
10. Үй тапсырмасы беріледі. - Ол кездегі хан, билер қазіргі уақытта бар ма? - Бар болса олар кімдер? - Олай болса, сен президент, әкім, директор болғандағы әрекетін. А) «Менің жұлдызы жарық болашағым» тақырыбына эссе жазу.	10 - Бар. - Олар президент, министр, әкім, директор.	10. Оқушылар өз арманын, мақсатын еркін жеткізеді.
11. Бағалау.	Топ көшбасшысы өз тобының мүшелеріне қойған бағаларын талдап формативті бағаларын көрсетеді.	Топтық жұмыс. Тақырыпты оқытуда түрлі әдістер арқылы негізгі мәселелерге көңіл бөлінеді.
Конфет санына қарай топтық бағалау.		

Барлығын жинақтап, сумативті бағасын қояды.		
13. Рефлексия.	Сабақ барысына айтылатын ұсыныстар.	

Түсіну	Сын тұрғысынан ойлау	Оқыту, нұсқау стратегиясы	1. Аңыз әңгімелерді оқушылардың есіне түсуіне ықпал жасаймын.	Аңыз әңгімелерді қайталай отырып, топқа бөлінген әңгіме мазмұнын «шеңбер бойын айналу» ойыны арқылы сағат тілінің жүруі бойынша әр сөйлемді әр оқушы баяндап, мазмұнын айтып шығады.
			2. 3-топқа да бір әңгіме бойынша 3 түрлі тапсырма беремін. (постер қорғау) Сырым мен Малайсары	1-топ. Аңыз әңгіме мазмұны бойынша сұрақ дайындау. 2-топ. Аңыз әңгіме мазмұнын шашыраңқы сөздер арқылы жеткізе отырып дайындау. 3-топ. Аңыз әңгіменің бір үзіндісін суретке салу.(бір-екі қате жіберу.
			4. 3-топтың дайындаған тапсырмаларын бір – біріне ауыстырып беріп, орындату.	1-топтың дайындаған сұрағына 2-топ жауап береді. 2-топтың тапсырмасын 3-топ шашыраңқы сөздерді өз орнына келтіре отырып орындайды. 3-топтың тапсырмасын 1-топ суретте жіберілген қателерін табу арқылы орындап шығады. Үш топ та өздерінің дайындаған тапсырмаларының жауабының дұрыс-бұрыстығын қадағалап, қошемет танытады.

		Сергіту сәттері өткізіледі.	
		5. Аңыз әңгіме желісі бойынша көрініс дайындату.	Ұнамды, жағымды әуен тыңдайды. Отырған орындарынан тұрып, бір-бірінің қолдарынан ұстап шеңберлесе отырып, тербетіле билейді. 3 топ та аңыз әңгімелерінің кейіпкерлерін сомдап, тақырыпқа сай көрініс көрсетеді. Қол көтеріп жауап беру.
		6. Сабақты пысықтау. «Кім жылдам?» ойыны бойынша, сұрақ-жауап бойынша жүргізіледі.	



Берік НҰРМҰҚАНОВ,
Бөгенбай батыр атындағы
қазақ орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Ақмола облысы,
 Ерейментау қаласы.

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ. «ҚЫЛАУ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

(6-сынып)

Жалпы мақсаты:	а) білімділік – кейіпкерлер бейнесі жан-жақты ашылады; ә) дамытушылық – оқушылар өзіндік пікірін қалыптастырады; б) тәрбиелік – кейіпкерлердің әрекеті арқылы достықты қадірлеуге үйренеді.
-----------------------	---

Міндеттер:	1. Бүгінгі тақырыпты түсінулерін анықтау; 2. Оқушылардың өздік жұмыстары арқылы білім беруге ықпал жасау, диалогтік оқыту арқылы әр баланы қамтуға жағдай жасау; 3. Жаңа сабаққа белгілі бір ой қорытындылар жасау.
Мұғалім үшін оқу нәтижелері:	1. Әңгімені талдау арқылы аталған тақырыпты меңгеріп шығады; 2. Көркем шығарманы талдау дағдыларын қалыптастырады; 3. Оқушылардың өзін және достарын бағалау мүмкіндіктерін жасайды;
Сабақтың түрі, әдіс тәсілдері.	Жаңа сабақ. Зерттеу, жүйелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап.
Сабақтың көрнекілігі:	Интерактивті тақта, әдістемелік құралдар, бағалау парағы.
Тапсырмалар:	Кластер құрастыру, кумулятивтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме.
Күтілетін нәтиже:	Теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады. Алған білімдерін өмірде қалай қолдану керектігін, оны пайдаланудың мүмкіндіктерін тудырады, сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Кезеңдері	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру (2 мин.)	Амандасу. Суреттер арқылы 3 топқа бөлу. (Жыл мезгілдерінің суреттері)	Оқушылар суреттерді құрастыру арқылы топқа бөлінеді.		Қиылған суреттер
Бағалау критерийлерін құру.	Оқушылармен бірлесе отырып, критерийлер құру, топ басшыларына беру.	Мұғаліммен бірлесе отырып, критерийлер құру.		

Үй тапсырмасын тексеру (5 мин.)	Кластер құру С.Мұратбеков кім? С.Мұратбеков шығармалары. Әр топ өз суретін қорғайды, осы суреттер арқылы әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасау.	Кластер құру.	Формативті бағалау.	Оқулық, ватман, интерактивті тақта.
Жаңа сабақ. 1. Ой қозғау. (2 мин.)	Диалог, монолог ұғымдары туралы не білетіндерін сұрау; Монолог, диалог туралы түсініктерін кеңейту.	Әр топ өз болжамын айтады.	Формативті бағалау.	Интерактивті тақта, слайд.
	Әңгімеден (беттер) Сатай мен Рабиғаның диалогын және Сатайдың монологын оқыту. Оқылған үзінділер несімен ерекшеленеді?	Оқушылар оқиды. Әр топ өз пікірін білдіреді. Оқушылар алған мәліметтерін дәптерлеріне жазады. «Венн диаграммасы» стратегиясы арқылы айырмашылықтарын түсінеді.		
4. Сергіту сәті.	«Қара жорға» биін көрсету.	Би қимылдары арқылы бойларын сергіту.		
Кейіпкер бейнесіне талдау	Оқушылар назарын интербелсенді тақтаға аудару.	Топтар тауып оқиды.	Формативті	Сурет

	Интербелсенді тақтадағы берілген сөздер арқылы Сатай мен Рабиға бейнесін жасау. Салыстыр: Сатай мен Қожа бейнесі.		Бағалау.	
Жұмыс дәптері.	Жұмыс дәптеріндегі сұрақтарға жауап беру.	Венн диаграммасы арқылы флипчартта жазу.		
РАФТ стратегиясы.	1-топ. Рабиғаға хат. 2-топ. Әкенің өсиеті. 3-топ. Көрініс қою.			
Ой толғау.	Егер сен жазушы болсаң, әңгімені қалай жалғастырар едің?	Оқушылар өз ойларын жазып, оқиды.		
Сабақты бекіту. («Сазды қобдиша» әдісі арқылы)	Әңгіме желісі бойынша құрастырылып, қобдишаға салынған сұрақтар беріледі. 1. Таң азанғы әке дауысы Сатайдың құлағына неге жағымсыз естілді? 2. Әке ақылы Сатайды неге ызаландырды, сендер де ересектердің ақыл сөзін солай қабылдайсындар ма?	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.		«Сазды қобдиша».

Анар ЖАМИЕВА,
 №187 М.Шоқай атындағы
 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.
 Қызылорда қаласы.


С.ТОРАЙҒЫРОВ. «ШЫҒАМЫН ТІРІ БОЛСАМ, АДАМ БОЛЫП», «МЕН – ҚАЗАҚ» ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығына шолу, өлеңнің мазмұны мен маңызын ашу; **дамытушылық** – әр оқушының өзіндік ой-қимылына ерік бере отырып, өзінше ой түюге баулу; **тәрбиелік** – ақынның өмір жолы арқылы оқушыларды адамгершілік пен парасаттылыққа баулу, Отанын сүюге тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақты меңгерту. **Көрнекілігі:** портрет, оқулық, қанатты сөздер, үлестірме қағаздар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
 2. Қызығушылықты ояту.
- Мұғалімнің сөзі.
3. Жаңа сабақ.



	<p>3. Өлім мен өмір туралы Сатайдың ойлауына не түрткі болды?</p> <p>4. Сатайдың сезімталдығы мен жайдарылығы, қайырымдылығы оның қандай әрекеттерінен байқалады?</p> <p>5. Рабиғамен келе жатып қасқырды көргенде Сатайдың айқайға басуы оның батылдығы ма, мақтаны ма, не деуге болады?</p> <p>6. Орынсыз мақтанды сүймейтіндігіне Сатайдың қай әрекеті дәлел?</p>			
Бағалау.	Бағалау критерийлері бойынша оқушылармен бірігіп бағалау.			
Үйге тапсырма.	Үй тапсырмасын тақтаға жазу. Түсіндіру.	Оқушылар үй тапсырмасын жазады.		
Кері байланыс.	Оқушыларға парақшалар үлестіру.	Оқушылар кері байланыс бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.		Парақшалар

- Балалар, Қазақ деген сөзді қалай түсінесіңдер?

- Қазақ деген кім?

Осы сұрақтарды қою арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту. Қазақ ұлтының мақтанышы

С.Торайғыровтың шығармаларымен танысамыз.

Сыныпты үш топқа бөлеміз.

1. Мәтінмен жұмыс (3 мин.).

I топ – Ақын өмірі.

II топ – Өлеңдері.

III топ – Поэма, романдары жайлы мәтін беріледі.

Тапсырма: Өлеңді оқып, түсінігін айту.

2. I топ. «Шығамын тірі болсам, адам болып», «Мен – қазақ» өлеңдерін мәнерлеп оқып, мазмұндап беру. (3 мин.).

II топ. «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңінен эпитет, теңеуді табу.

III топ. «Мен – қазақ» өлеңінен географиялық атауларды тауып, оқу.

3. Үш қадаммен сұхбат.

А-Сұрақ қоюшы.

В-Сұраққа жауап беруші.

Н-Анализ жасаушы.

4. I топ. Эссе: «Мен – қазақпын».

II топ. Бес жолды өлең. «Қазақ».

III топ. Сөздікпен жұмыс: көр, отыр, егес, царь, князь, Алаш сөздерінің анықта-масын айту.

Қорытынды. Сұрақ-жауап. (Пысықтау үшін).

С.Торайғыров қай жылы туған?

Қайда, қандай отбасынан шықты?

Топтастыру әдісімен: С.Торайғыров қандай адам?

С.Торайғыров:

Сықақшы.

Ақылды.

Адал.

Ойшыл.

Білгір.

Шыншыл.

Ел қамқоршысы.

Мейірімді.

Сауатты.

Парасатты.

Әділ.

Патриот.

Бағалау.

Үй тапсырмасы: «Шығамын тірі болсам, адам болып», «Мен – қазақ» өлеңдерін жаттау. Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер жазып келу.



Айсұлу СӘРСЕНБАЕВА,

№1 Қосшы орта

мектебінің мұғалімі.

Ақмола облысы,

Целиноград ауданы.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ШОҚПАРДАЙ КЕКІЛІ БАР ҚАМЫС ҚҰЛАҚ»

Сабақтың мақсаты: білімділік – Абайдың шығармашылық әлемін таныту, өмірінен мәлімет беру, Абайдың халық ауыз әдебиетінен үлгі алуын шығармасын салыстыру арқылы дәлелдеу, өлең мазмұнын меңгерту; **дамытушылық** – шығармашылықпен жұмыс жасауына

ықпал ету, танымдық көзқарасын қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, авторлық ойды тану; **тәрбиелік** – ақын өмірін үлгі етуге, поэзияны сүюге, өзгенің пікірін тыңдай білуге баулу, ұжымдық ынтымақты берік ұстауға, төрт түлік малды қадірлеуге, көркемдікке, шапшандыққа тәрбиелеу.

Түрі: лирикалық сырласу сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** әңгімелеу, түсіндіру, талдау, салыстыру, іздендіру, проблемалық, пікір алмасу, жұптық. **Көрнекілігі:** ақын портреті, жылқы суреті, тірек-сызбалар, интерактивті тақта, ақын кітаптарының көрмесі, музыка күйтабағы, бағалау қималары. **Тиімділігі:** 1) өздік жұмыстарға баулиды; 2) оқығанын практикамен ұштастыруға дағдыланады; 3) ең негізгі мәселелерді сұрыптауға, қосымша материалдарды іздеуге, іріктеуге үйренеді. **Пәнаралық байланыс:** музыка, жағрафия.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру сәті:

- сәлемдесу;
- оқушы зейінін жаңа сабаққа аудару.

II. Өткен сабақты пысықтау. Сүйінбай Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңі бойынша адам бойында кездесетін жағымды, жағымсыз қасиеттерді жұп болып айту.

III. Жаңа сабақ.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жаттап тоқы көңілге. С.Торайғыров.



Ғұлама ғұмырынан

↓

- Абай Құнанбайұлы 1845 жылы 10 тамызда Семей облысы, Қарқаралы ауданы, Шыңғыс тауының бауырында

(қазіргі ШҚО Абай ауданы) туып, 1904 жылы 5 шілдеде сол жерде дүние салған. Шын есімі – Ибраһим. Қазақ халқының ұлы ақыны, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, композитор, философ. Орта жүздің арғын тайпасының тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашқан Абайды әкесі он жасында Семейге оқуға жібереді. Ахмет-Риза медресесінде Абай мұсылманша оқумен ғана тоқтамай, Семейдегі «Приходская школаға» түсіп, орысша оқыған. Он үш жасында Абайды әкесі Құнанбай оқудан шығарып, өз қасына алады, ел билеу ісіне баули бастайды.

Абайдың нәр алған үш арнасы



Ақынның туған жері Жидебай еліне суретті саяхат жасау (слайд көрсету).

Мәтінмен жұмыс

«Шоқпарбай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін мәнерлеп оқу, мазмұнын ашу, талдау жүргізу.

Шоқпарбай кекілі бар қамыс құлақ		Салыстырмалы талдау
Басы	Шоқпарбай кекілі, қамыс құлақ, қоян жақ, майда жалды	Жүйрік аттың сипаты жасалған
Аяғы	Жерсоғарлы,сіңірлі, аяғы тік,бота тірсек	Жүйрік атқа тән қасиеттер өлеңмен берілген.
Қасиеті	Шапса жүйрік Бейнелі сөздер; Мінсе берік Жуан, жуас	Бейнелі сөздер: <u>Эпитет:</u> қамыс құлақ, салпы ерін, ұзын тісті. <u>Тенеу:</u> шоқпардай кекілі.

Әдебиет теориясы

Тенеу – бір затты немесе құбылысты екінші бір нәрсемен салыстыру, ұқсату, тенеу.

Жұрнақтары: -дай, -дей, тай, -тей, Мысалы:

Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ...

Жауырыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Өлең құрылымына талдау.

Теке мұрын, || салпы ерін, || ұзын тісті, 12 б. а)

Қабырғалы, || жоталы, || болса күшті. 11б. а)

Ойынды еті, || бөп-бөлек, || омыраулы, 12б. б)

Тояттаған || бүркіттей || салқы төсті. 11б. а)

Ұштастыру тапсырмалары:

1. Өлеңнен көркемдік тәсілдерді табу.

2. Жылқы малы туралы, мақал-мәтелдер тауып жазу.

3. Түліктің төресі жылқы малына мінездеме беру.

IV. Сабақтың түйіні.

– Өлеңді оқи отырып, ақын суреттеуінен қандай әсер алдың?

– Аттың сыны қандай сөздермен айшықталған?

– Суреттегі ат бейнесі өнердің қай түріне жатады?

V. Үйде іздену.

1-топ: Абай шежіресі. Абайдың шыққан тегі, балалары, шәкірттері жайлы мәлімет жинау.

2-топ: Көсемсөз шеберлері. Абайдың нақыл сөзге айналып кеткен өлең жолдарын тауып келу.

3-топ: Ақындық шеңбері. Ақынға арнап шығарылған өлеңдер, Абай атындағы ұлттық мәдени орталықтар және оқу орындары жайлы деректер іздену.

VI. Оқушы білімін бағалау.

Сабақ барысында белсенді қатысқан оқушыларға беріліп отырған жылқының бейнесін көп жинаған оқушыларды бағалау.



Гүлнар ЖОТАБАЕВА,

Көктал орта

мектебінің мұғалімі.

Жамбыл облысы,

Байзақ ауданы.

С.МҰҚАНОВ. «ЛІШЫН»

(5-сынып)

Мақсаты: оқушыларға қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылығын таныту. **Міндеттері:** білімділік – өмірбаяндық шығармасы «Өмір мектебі» романынан алынған үзіндідегі қазақтың саятшылық өнері жайлы ой-пікірін, ұлттық дәстүрді насихаттау; **тәрбиелік** – оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, адамгершілікке баулу, қазақтың ұлттық құсбегілік өнерін дәріптеу; **дамытушылық** – жеке тұлғаны шығармашылықпен жұмыс жасауға, өз ойын еркін жеткізе білуге, ерік-сезімін дамытуға, тіл тазалығын сақтауға

тәрбиелеп, дамыту. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау, еркін жазу, сұрақ-жауап, әңгімелесу. **Көрнекіліктер:** Сәбит Мұқанов портреті, сызбалар, бейнефильм көрсету, интерактивтік тақтаны пайдалану. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу өнері, тарих, қазақ тілі, әдебиет теориясы.

Сабақтың жүру барысы:

I. Ұйымдастыру: Оқушыларды түгелдеп, сабаққа дайындығын арттыру.

II. Үй жұмысы: а) С.Мұқанов өмір жолдары, шығармашылығы туралы кітаптан тыс тың материалдар біліп келу.

Сабақтың ой-дәні: «Лашын құсқа ауа қадірлі, жүйрік атқа дала қадірлі, ата-анаға бала қадірлі»

С.Мұқанов – ақын, жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. Солтүстік Қазақстан облысында 1900 жылы дүниеге келген. Ауыл молдасынан ескіше хат таныған. Бала кезінен қисса-дастан, жыр, аңыздарды жатқа айтып өскен. Кейіннен Омбыдағы мұғалімдік оқуға түседі. 1922 жылы Орынборда жұмысшы факультетінде оқиды. Ленинград университетінде, Қызыл профессура институтында білім алады. “Еңбекші қазақ” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінде қызмет етеді. Жазушылар Одағының төрағасы қызметін атқарады. Жазушының “Өмір мектебі” атты романы – жазушының өмірбаяндық шығармасы, ол шығармамен біз жоғарғы сыныптарда толық танысамыз.

Енді барлығымыз «Өмір-мектеп» деген тіркеске мән берейік, сіздер «Өмір-мектеп» дегенді қалай түсінер едіңіздер? Бізге тек сол романның “Лашын” атты шағын үзіндісі ғана берілген.

Әңгіме оқиғасы жазушының өз өмірінен алынғандықтан I жақта баяндалып отыр.

Жазушы әңгімеде Балтабай ауылына мұғалім болып келіп, өзінің бос уақытын аңшы, құсбегі Ахметпен бірге өткізгендігін шабытпен құмарта жазады.

Мұғалім: - «Өмір мектебі» деген шығармасында жазушы өз өмірі жайлы жазған. Сондықтан бұл шығарма жазушының өмірбаяны іспетті. Енді жазушының «Лашын» әңгімесінде не жайлы жазылғанын талдайық.

* Сендер «Лашын құс» туралы не білесіңдер?

(Оқушылар лашын құс туралы өз білетіндерін ортаға салады. «Лашын» әңгімесі оқушыларға алдын ала оқып келуге беріледі).

(«Лашын құс» туралы бейнеролик көрсетіледі).

Мұғалім:

* Лашын қандай құс екен?

(Оқушылар сұраққа жауап береді.)

Мұғалім: - Балалар, шығарманы оқып келдік, енді сендердің шығарма мазмұнын қаншалықты түсінгендеріңді тексерейік. Берілген суреттерге қарап әңгіменің қай сәті суреттеліп тұрғанын айтасыздар.

1. Бұл шығарма қай ауылға байланысты жазылған? (Ауылдың суреті)

2. Сәбит Мұқановтың ең жақсы көретін адамы? Ол немен айналысты?

3. Ақметтің лашынды құс алуға шығаратын мезгілдері.

4. Лашынның үйрек алу тәсілдері.

5. Дабыл қағудың мәнісі.

6. Лашынның қазды алған кездегі амалы.

7. Лашынға қарсы дуадақтың көрсететін қайраты.

8. Құс салудың ең дұрыс мезгілі.

9. Құстардың отқа шығу мезгілі. Жаудан қорғанатын мүшесі не?

10. Құстардың қойған қарауылына көрінбей, естіртпей баруы:

а) Дабылдау, құстардың айналып ұшуы

ә) Таңғалдырған қуаныш. Тамаша бір көрініс екен. «Бір қызық ісім екен сұм жалғанда» Абай өлеңін еске алады.

(Үш топқа тапсырма беріледі.)

I топ: Мәтіндегі Ахметтің портретін тауып оқы.

II топ: Шығарма тіліне талдау жасау.

Шығармада кездесетін өлең жолдары	Шығармадағы құс атаулары	Тенеу сөздер	Тұрақты сөз тіркестер	Эпитеттер	Ахмет құс салуға шығатын кезең

Керекті сөздер: Жарау ат, Құлақ естір жерде жоқ, Қыран қисық ұшып, түзу ілер, сүңгуір қайықтай, өткірлігі ұстарадай, қаз, шабдан мұртты, құс салып, айдын көлді дабылдаттым, лашын, дауадақ, таң ату мен көтерілуінің арасы, күннің еңкеюі мен батуының арасы, айдын көл, көз көрім жер, үйрек.

III топ: Дабыл аспабы жайлы деректі оқы.

РАФТ стратегиясы.

I топ.

Роль – оқушы бала;

Аудитория – сынып бөлмесі;

Форма – Хат.

Тақырып: Лашын – саят құсы.

II топ.

Роль – Құсбегі;

Аудитория – оқушылар;

Форма – үндеу.

Тақырып: Саят құсын қорғандар!

III топ.

Роль – жазушы;

Аудитория – оқушылар;

Форма – ертегі.

Тақырып: Саятшылық – өмірдің бір қызығы.

IV. Қорытындылау:

<i>Ахметке мінездеме</i>	<i>Шығармадан алған әсерім</i>	<i>Кейіпкерге баға</i>

V. Оқушылардың жауаптарын бағалау.

VI. Үйге тапсырма:

1. Құсбегілік өнері туралы мақал-мәтел жазу.

2. Шығармадан үзінді жаттау (монолог).



Жанна АЙРАНБАЙ,
Абай атындағы
көпсалалы мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы,
Қалбатау ауылы.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктерді меңгерту. **Міндеттері:** көркем әдебиет стилінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру; Әдеби шығармалардың көркемдік сипатын таныту; Мәтіндегі көркемдік образдар мен бейнелі сөздерді, троп түрлерінің мағынасын ажырату; Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Күтілетін нәтиже:** Көркем әдебиет стилінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінеді; Әдеби шығармалардың көркемдік сипатын таниды; Мәтіндегі көркемдік образдар мен бейнелі сөздерді, троп түрлерінің мағынасын ажырата біледі; Оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды. **Көрнекіліктер:** ҚР Білім беру стандарты, күнтізбелік жоспар, оқулық, интербелсенді тақта, мақал-мәтел жинақтары, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, таратпа материалдар. **Қамтылған модульдер:** топтық жұмыс, жеке жұмыс, диалогтік әдіс, «Сұрақ-жауап» стратегиясы, миға шабуыл.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Сынып оқушыларын түгелдеп, топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын тексеру (әр балаға тест жеке таратылады, дұрыс жауабы тақтадан шығады).

Тест. «Стиль» сөзінің мағынасы:

- а) жазуға арналған таяқша; б) жазу үлгісі;
ә) жазу құралы; в) барлық жауап дұрыс.

2. Ықшам әрі эмоциялы болып келетін стиль түрі:

- а) ресми іс-қағаздар стилі; б) ауызекі сөйлеу стилі;
ә) публицистикалық стиль; в) көпшілік алдында сөйлеу.

3. – Әй, Рүстембай-ай, бұл көсеуді мен сәнге асынып жүр дейсің бе? деген сөйлем қай стильге жатады? «Көсеу» сөзінің асты неліктен сызылған?

4. Ауызекі сөйлеу стилінің неше түрі бар?

5. Адамға өз мүддесін, пікірін батыл қорғау үшін қандай дайындық қажет?

6. «Қазақтар шешен келеді, олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады...» - деген пікір авторын көрсет:

- а) А.Янушкевич; б) П.М.Мелиоранский;
ә) В.В.Радлов; в) Е. Е. Малов.

7. Мекемелердің, ұйымдардың ісін, қызметін үйлестіретін құжаттарды ата.

8. Мекемелердің өзара ісі жөніндегі қарым-қатынасын үйлестіретін құжаттарды ата:

9. Жеке адамдардың өзара алыс-берісін, іс келісімдерін деректейтін құжаттарды ата: -----

10. Іс-қағаздар стилінің мәтіні қандай түрде жазылады?

- а) баяндау түрінде; б) сипаттау түрінде;
 ә) әңгімелеу түрінде; в) хабарлау түрінде.

Тест жауаптары: 1- Д 2- Б

3. Ауызекі сөйлеу стиліне жатады. Ауызекі сөйлеу стилінде жекелеген адамдар көпке ортақ сөздерге ерекше форма, мағына беріп қолданады. Бұл жерде көсеу мылтық мағынасында алынған.

4. Ауызекі сөйлеу стилінің 3 түрі бар. 1. Дидарластық сөз (әңгімелесу, сұхбаттасу); 2. Полемикалық (дауласу) сөз; 3. Көпшілікке арналған сөз (баяндама, лекция, т.б.)

5. А) пікір таластырудың стратегиясын, тактикасын ойластырады;

Ә) аргументтерін (дәлелдерін) іріктейді;

Б) айтылатын сөздердің құрылысын қарастырады.

6. Е.Е.Малов. 7. Бұйрық, ереже, нұсқау, хаттама, хабарландыру, мінездеме, т.б.

8. Іс хаттары, қатынас қағаздары, келісімдер, шағымдар және т.б.

9. Шарт, сенімхат, тілхат, қолхат және т.б.

10. Баяндау түрінде.

III. Жаңа тақырыпқа кіріспе. - Балалар, терезеден далаға назар аударайық, көрген көрініс туралы не айтар едіңдер? (қыс, қар, дала аппақ, таза ауа, терезеде әдемі қырау, т.б.).

- Жақсы, балалар, оқулығымызда 56-жаттығуда Абай атамыздың бәрімізге танымал «Қыс» деген өлеңі беріліпті. Қане, кім мәнерлеп жатқа айтып береді?

«Қыс» өлеңі оқылады.

- Ал, енді, осы «Қыс» өлеңінің өздерің өткен сабақта жазған өтініш, түсініктемелерден немесе қазір сөйлеп тұрған сөзімізден айырмашылығы неде?

- Олар іс-қағаздары және ауызекі сөйлеу стиліне жатады. «Қыс» өлеңі – көркем туынды, әдеби шығарма.

- Ендеше, біздің тақырыбымыз: «Көркем әдебиет стилі»

екендігі анықталды. Осы бүгінгі сабаққа қандай мақсат қояр едіңдер?

- Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктерді ажырату, түсіну.

- Ендеше, осы мақсатта жұмыс жүргізейік.

IV. Жаңа тақырып. I топ тапсырмасы. 56-жаттығу.

«Қыс». Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. Дем алысы – үскірік, аяз бен қар, Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды. Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып, Аязбенен қызарып, ажарланды. Бұлттай қасы жауып екі көзін, Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды. Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда, Алты қанат ақ орда үй шайқалды. Әуес көріп жүгірген жас балалар, Беті-қолы домбығып үсік шалды. Шидем мен тон қабаттап киген малшы, Бет қарауға шыдамай теріс айналды.

1. Асты сызылған сөздерге түсініктеме беріңдер.

2. Көркем-әдеби ерекшелігіне талдау жасаңдар.

Кейіптеуге дәлел	Экспрессивті сөздер	Синоним сөздер	Туынды сын есімдер	Ритм беруші сөз тіркестері
Келіп қалды, дем алысы, кәрі құда, әлек салды, бөркін киген, ажарланды, басын сіліксе.	Бұрқ-сарқ, соқыр, мылқау, долданғанда	Домбығып, үсік шалды.	Киімді, денелі, сақалды.	Ақ киім, ақ сақал, ақ қырау, аяз бен қар, қар жауды.

II топ тапсырмасы. 64-жаттығу. Қыс сипаты.

Қыс сипаты.	
Қар жауды, көп жауды. Онан соң ышқына ұлып, долданып, жер-көкті асты-үстіне сапырып, жұлып жеп, жын қаққандай құтырынып, еліріп боран соқты. Қарды жалап-жайпап, сыпырып, қуыс-қуысқа үсті-үстіне тықпылап, нығырлады кеп, нығырлады кеп. Ертеңіне күн ашылды. Бірақ аспанды <u>мұнар кіреукесі</u> торлап тұрды. Күннің көзі жасаураған, шел басқан кәрі көздей өлеусіреп, қызамықтанып, жұртып қана сәуле шашты. Жылуы жоқ жансыз сәуле. Иен даланы <u>саршұнақ аяз</u> жайлады, үскірік есті. Боран оңынан соққан, үскірік солынан есті. Бет қаратпайды, жалап тұр, жалап тұр.	
Өз сөзімен айтылған дәйексөз.	Тіл таңдауы туралы түсініктеме.

2-тапсырма. Асты сызылған сөздерге түсініктеме беріңдер.

3-тапсырма. Көркем-әдеби ерекшелігіне талдау жасаңдар.

Анто- нимдер	Экспрес- сивті сөздер	Әсерлеу амалы	Эпитет, теңеу	Кейіптеу	Образды сөйлемдер
Жер-көк, асты-үсті, оңынан-солынан.	Жалап-жайпап, үсті-үстіне, қуыс-қуысқа.	Ритм беруші сөздер.	күннің көзі, саршұнақ аяз, мұнар кіреукесі, шел басқан кәрі көздей	Ұлып, долданып, сапырып, құтырынып, нығырлады кеп, жалап тұр.	Мәтін толығымен образды сөйлемдерден тұрады.

III топ тапсырмасы. 70-жаттығу. Түн. Даланың жон арқасы жыбыр ете түскендей болды. Алтай бұрынғысынан да аласарып, жерге сіңіп бара жатқандай болды. Болды да, тына қалды. Тына қалды да, тылсым әрі меңіреу, бейбақ тыныштық орнады. Тек мондалақтай Жер шарында тағатсыз шырылдаған шегірткенің үні ойқастап жүргендей. Ал еңбекшіл құмырсқа қор болып, мұңын айтар тілі жоқ, тектен-тек, бостан-босқа пұшайман болғандай. Түн түндігі безгелдек шегірткенің ғана мерейіне айналған-ау. Байыз таппаған байғыз шақырып, ешкішек бақырды. Әлдеқайдан ... алыстан ... тым-тым алыстан бақырып шақырды. Жалғыз қарағайдан дүрсілдетіп әлдекім шауып өтті. Түн жамылып, асығыс суыт кетті. Артында бөктергені бар. Ағараңдайды. Қаптың айылбас жырттып кеткен тұсынан сыздықтай саулап отырған баданадай бидайдың сілемі құр жіптей шұбатылып, салт аттыны қуып барады. Сайрап жатыр, эне. Оны әлгі бейбақ сезген жоқ-ты.

1-сұрақ: Автор мәтіннің соңғы сөйлемінде бейбақ деп кімді айтады?

- а) Алтайды; б) Атты;
 ә) Аттылы адамды; в) Шегірткені.

2-сұрақ: Мәтіндегі «Түн түндігі безгелдек шегірткенің ғана мерейіне айналған-ау» деген сөйлемдегі «шегірткенің мерейі» деген тіркес неліктен алынған деп ойлайсың? Өз пікіріңді жаз.

3-сұрақ: Мәтінде даланың жон арқасы жыбыр-лағандай болады, шегіртке шырылдайды, ешкішек бақырады, шақырады, не сайрап жатады?

4-тапсырма. Көркем-әдеби ерекшелігіне талдау жасаңдар.

Кейіптеуге дәлел	Экспрессивті-эмоционалды сөздер	Теңеу, эпитет, метафора	Әсерлеу амалы
Қуып барады, ойқастап жүргендей, сайрап жатыр, тына қалды.	Бейбақ, безгелдек.	Шегірткенің мерейі, бейбақ тыныштық, құр жіптей, түн түндігі, бейбақ тыныштық.	Ритм беруші: сөйлемдер бақырды, шақырды, өтті, кетті деп ұйқаса аяқталған.

IV топ тапсырмасы. Шет ел әдебиетінен. Ол қайта айналып келгенде, күн батып, ымырт үйіріліп қалған еді, шал орындықтың арқалығына арқасын сүйеп ұйықтап отыр екен. Бала кереуеттің үстінен көнетоз көрпешені алып, шалдың иығына жапты. Кәрілігіне қарамастан, шалдың жауырыны қақпақтай, екі иығына екі кісі мінгендей сом тұлғалы еді, мойны да жуан болатын; қазір ол басын төмен салбыратып ұйықтап отырғанда, желкесінің қатпар-қатпар әжімдері де жөнді байқалмады. Үстіндегі көйлегі, қайығына құратын желкені секілді қырық жамау еді, жапсырылған жамауларының бірі шала оңып, бірі күнге күйіп, мүлде ағарып кеткен. Шалдың сырт бітімі сом көрінгенмен, өңі мүлде тым солғын тартып, жансыз адамның кескініндей елестеді. Оқыған газеті тізесінің үстінде жатыр, жел ұшырып кетпес үшін шынтағымен басып апты. Аяғы жалаң аяқ.

1-тапсырма. Шал өмір бойы қандай кәсіппен шұғылданған деп ойлайсыңдар? Ойларыңды мәтіндегі бір сөйлем арқылы дәлелдеңдер.

2-тапсырма. Мәтінде қанша теңеу және қанша фразеологизм бар? Теріп жазыңдар.

Теңеулер: -----

Фразеологизм: -----


3-тапсырма. Екі рет қайталанып келген күшейткіш үстеуді тап. Бұл тапсырма Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінен алынған. Көркем әдебиет саласында айшықты із қалдырған жергілікті жазушылардан кімдерді білесіңдер? (Т.Әбдрахманова, Қ.Ысқақ, Ә.Нұршайықов, Ә.Шәріпов, т.б.)

«Сымсыз телефон» ойыны.

Бұл ойынды ойнау үшін Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романынан үзінді тыңдайық (**аудирование**). Әр топ бір баладан шығарады, мұғалім бір оқушыны тандап кабинетте алып қалады да, қалған 3 оқушы кабинеттен шығады. Мұғалім тандап алған оқушы мәтінді тыңдап алып, келесі оқушыға мазмұндайды, осылайша қалған екі оқушы бір-бірден кіріп, өздерінен кейін кірген оқушыға естігенін баяндайды. Соңында айтқан оқушының мазмұны мәтіннен тым алыста болып шығады. Мәтін (**аудирование**) қайта тыңдалады.

- Биыл ҰОС жеңісіне неше жыл толып отыр, балалар?-ҰОС тақырыбына арналған тағы қандай әдеби шығармаларды білесіңдер? (Ғ.Мүсірепов. «Қазақ солдаты», Т.Ахтанов. «Қаһарлы күндер», Ә.Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат қызық мол жылдар», Ә.Шәріпов «Партизан қыз», т.б.)

60-жаттығу. Шығармашылық жұмыс. Ішінде мақал-мәтел, фразеологизмдер, троп түрлері болуы шарт. Қазір әдебиеттің тектері, жанры туралы кестеге зер салайық.



Ұсынылатын тақырыптар:

Комедия	Сатира	Трагедия
«Мұғалімнен «өш» алу», «Шпаргалка», «Интербелсенді тақта», «Қазақ тілі сабағында»	«Оның дәптері» немесе «Менің дәптерім», «Бақылау жазғанда», «Екі алғанда», «Дискотекада», «Мен өтірік ауырдым...»	«Қауіпсіздік ережесін сақтамай...», «Мүз айдындағы мұңлы жағдай...», «Екі алған күн»

Бекіту. «Жылдам диктант» ойыны. Оқушыларға ойларын жинақтауға уақыт беріледі. Хатшылары шығады, өздері жазғызады.

Қорытынды: Көркем әдебиет адам өміріне не үшін қажет деп ойлайсыңдар? Болашақта жазушы, әдебиетші болу үшін не істеу керек? Шығармалары әлемдік деңгейдегі танымал жазушыларға қандай мінездеме берер едіңдер?





Бағалау. Бағалау парағы бойынша топ басшыларының сараптамасы және мұғалімнің қорытынды бағасы.


Үйге тапсырма: Көркем әдебиет стилін оқу, 58-жаттығу; I жартыжылдықта өткен тақырыптарды қайталау.

Хуралай АЛДАНЫШ,
Абай атындағы
көпсалалы мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Жарма ауданы,
 Қалбатау ауылы.

КҮШЕЙТПЕЛІ ШЫРАЙ

Сілтеме:	ҚР Білім беру стандарты, Күнгізбелік жоспар; С.Исаев., Г.Қосымова, 2012, «Қазақ тілі» оқулығы, А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі қосымша оқулық, қалам, дәптер, кестелер, қосымша материал, интербелсенді тақта, стикерлер.
Мақсаты: Міндеттері:	Күшейтпелі шырай туралы ұғым беру; <ul style="list-style-type: none"> • Күшейтпелі шырайдың жасалу жолдарын саралату; • Алдыңғы алған білімдерін жаңа сабақпен ұштастыра сабақтауға бағыттау; • Жаңа жағдайда мысал келтіріп, сөйлем, мәтін құруға қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелері:	Күшейтпелі шырай туралы біліммен қаруланады, күшейтпелі шырайдың жасалу жолдарын саралайды, кестелерді сөйлете отырып диалог құрайды, сын есімнің шырайларын салыстыра отырып, өз көзқарастары тұрғысынан мысалдармен дәлелдейді, жаңа жағдайда мысал келтіріп, сөйлем, мәтін құрай алады.
Негізгі идеялар:	Топтық жұмыс арқылы оқушылар өзара пікір алмасып, ортақ тұжырымға келеді, өздерін – өздері және бірін – бірі оқытады. Топ арасында формативтік бағалау нәтижесінде ынталандыру жүргізіледі; Алдын ала берілген тапсырмалар арқылы дарынды балалармен жұмыс жүргізіледі.
Іс-шаралар:	Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын орнату. «Сұрақ-жауап» стратегиясы, «Кестелер сөйлейді» стратегиясы, семантикалық кесте, Венн диаграммасы, Блум таксономиясы.

Блум таксономиясы.	Сабақтың мазмұны	
	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Ұйымдастыру кезені. Оқушылармен сәлемдесу, сынып оқушыларын түгелдеу, топтарға бөлу, топ басшыларын тағайындау, бағалау парақтарын ұсыну.	Түрлі-түсті геометриялық пішіндермен топтарға бөлінеді, өздерінің топ басшыларын сайлайды.
БІЛУ	«Кестені сөйлет» стратегиясы: I топ 	Әр топ өздеріне берілген кестелер бойынша топта талқылап, кестеде көрсетілген тірек сөздерді басшылыққа ала отырып, кестені толтырады. Тақтаға топтан 1-2 оқушы шығып, басқаларға түсіндіріп береді.
		Жіберген қателерін оқушылар өздері тауып, түзетеді.
	II топ 	
	III топ 	

	1. -рақ, -рек, т.б. 2.-лау, -леу, т.б. 3..... 4..... 5..... 6.....	
	IV топ 	
	
ТҮСІНУ	Интербелсенді тақтаға сын есімнің күшейтпелі шырайына қатысты талдауға мысалдар ұсынамын. Түп-тұнық , мөлдір қара көздің жанары от шашты. Мөп-мөлдір бал татыған суын мейірім қанғанша іштім (С.Бакбергенов). Бұл іс – тым қиын да, абыройлы да іс (С.Ерубаев). Бұл күні полктың ең жанды жері болған бұл батальонмен Бауыржан күні бойы бірге болды. (Ә.Нұршайықов).	Берілген сөйлемдерді оқушылар топта талқылап, әр топтан бір оқушы шығып сөйлем мүшелеріне талдайды. Сөйлемдерді талдап болғаннан кейін, алдын ала үйден оқып келгендерін сыныптағы талдаумен ұштастыра отырып, күшейтпелі шырай, оның жасалу жолдарын, сабақтың мақсаты мен міндеттерін өздері анықтайды. Дәптерге сабақтың тақырыбын жазады.
	Күшейтпелі шырайдың анықтамасы мен жасалу жолдарын интербелсенді тақтадан көрсетіп, оқушылардың түсінген, түсінбегендерін алдарындағы бағдаршамның түсі арқылы тексеремін. Сын есімнің шырайларының топтастырылуы жайлы ғалымдардың тұжырымдамасын ұсынамын.	

	Ахмеді Ысқақов сын есімнің төрт шырайын көрсетеді: жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай. Сейілбек Исаев сын есімнің екі шырайын көрсетеді: салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай.	
ҚОЛДАНУ	Оқушылық деңгей. I топ – 52-жаттығу. Күшейтпелі шырайды тауып, жасалу жолын түсіндір (ауызша орындату). Алгоритмдік деңгей. II топ – 53-жаттығу. Берілген күшейтпелі шырайды қатыстырып, сөз тіркесін құрап жазу.	I топ оқушылары тапсырманы талдап орындайды. Қалған топтар тыңдап, қателері болса түзетеді. Оқушылардан күтілетін жауап: <i>Қып-қызыл</i> – күшейткіш буын арқылы, <i>күп-қу</i> – күшейткіш буын арқылы, <i>атпақ</i> – күшейткіш буын арқылы, <i>аса бақытты</i> – күшейткіш үстеу тіркесу арқылы, <i>үп-үлкен</i> – күшейткіш буын арқылы жасалған.
		II топ оқушылары тапсырманы топта талқылап, бір оқушы тақтаға жазады, қалған топтың оқушылары дәптерлеріне жазады.
	III топ – 54-жаттығу (алғашқы 4 мысал) Берілген сын есімдерден күшейтпелі шырай жасау, күшейтпелі шырайды қатыстырып сөйлем құрап жазу.	Оқушылардан күтілетін жауап: <i>Ең тамаша күндер, тым әлсіз қозы, тіпті қысқа ғұмыр, сап-сары балапан, қап-қатты орындық, орасан зор күш, ап-аласа үй, әп-әдемі көйлек, кіп-кішкентай қыз.</i> III топтың оқушылары тапсырманы топта талқылап, бір оқушы тақтаға шығып жазады. Қалған топтың оқушылары қателері болса түзетеді, дәптерлеріне жазады. Үлгі: жап-жақсы, тым жақсы, өте жақсы.
	IV топ – 54-жаттығу. (соңғы 4 мысал) Берілген сын есімдерден күшейтпелі шырай жасау, күшейтпелі шырайды қатыстырып	IV топтың оқушылары тапсырманы топта талқылап, бір оқушы тақтада дауыстап оқиды. Қалған топтың оқушылары қателері болса түзетеді.

	ауызша сөйлем құрап айту.	Үлгі: жап-жарық, тым жарық, өте жарық.
	«Сөз» ойыны. Әр топ өздерінің топқа бөлінгендегі түстері бойынша 1-бала сапалық сын есімге мысал айтса, 2-бала салыстырмалы шырай жасайды, 3-бала күшейтпелі шырай жасап, тез айтуы тиіс.	Әр топ өздерінің топқа бөлінгендегі түстерінен 1-бала сапалық сын есімге мысал айтса, 2-бала салыстырмалы шырай жасайды, 3-бала күшейтпелі шырай жасап, тез айтады.
ТАЛДАУ	Тест тапсырмасын орындату. 1. Біркелкі сындардың бірінің екіншісінен өте артық не өте кем екендігін көрсететін шырай түрі күшейтпелі шырай деп аталады. А. Иә; Ә. жоқ. 2. Күшейткіш буындар негізгі сын есімдермен бірге жазылады. А. иә; Ә. Жоқ.	Мұғалім тест сұрақтарын оқығанда «иә» деген жауап болса жасыл түсті, «жоқ» деген жауап болса қызыл түсті көтереді. Топ басшылары мұқият бақылап отырады.
	3. Күшейтпелі шырай сапалық негізгі сын есімдерге <i>өте, тым, аса, ең, тіпті, нағыз, нақ, шымқай, орасан, ыңғай, кілең</i> сияқты күшейткіш үстеулердің тіркесі арқылы жасалады. А. иә; Ә. жоқ. 4. <i>Ақ, көк</i> сөздері күшейткіш буын үстелгенде <i>аппақ, көкпеңбек</i> болып бірігіп жазылады. А. иә; Ә. жоқ. 5. -ғыш, -ілдір жұрнақтары күшейткіш шырай жасайды. А. иә; Ә. жоқ. Венн диаграммасы арқылы күшейтпелі шырай мен салыстырмалы шырайды салыстыру.	

	Өзіңді-өзің сынап көр.																									
	<table border="1"> <thead> <tr> <th></th> <th>Сапалық</th> <th>Салыстырмалы</th> <th>Күшейтпелі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Сап-сары</td> <td></td> <td></td> <td>+</td> </tr> <tr> <td>Қызыл</td> <td>+</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қо-ныңр-қай</td> <td></td> <td>+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Өте қалың</td> <td></td> <td></td> <td>+</td> </tr> <tr> <td>Шым-қай қызыл</td> <td></td> <td></td> <td>+</td> </tr> </tbody> </table>		Сапалық	Салыстырмалы	Күшейтпелі	Сап-сары			+	Қызыл	+			Қо-ныңр-қай		+		Өте қалың			+	Шым-қай қызыл			+	Венн диаграммасы арқылы салыстырмалы шырай мен күшейтпелі шырайлардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырады. Семантикалық кестені толтырады. Мысалдарға қатысты ережелерді қайталап, білімдерін нақтылайды.
	Сапалық	Салыстырмалы	Күшейтпелі																							
Сап-сары			+																							
Қызыл	+																									
Қо-ныңр-қай		+																								
Өте қалың			+																							
Шым-қай қызыл			+																							
ЖИНАҚ-ТАУ	Шығармашылық деңгей. Өздерімен бірге жүрген оқушылардың жақсы оқитыны туралы « Өте зейінді оқушы » деген атпен шағын шығарма жазу. Тірек-сөздер: Алғыр. Өте тиянақты. Аса ұғымтал. Өп-әдемі. Тап-таза. Мұнтаздай. Қайырымды. Жолдастарына тым беделді. Мұғалімдер. Қоғамдық жұмыс. Белсенді оқушы. Мақтау қағазы. Мейрам кездері. Өте сезімтал, сергек.	Тірек сөздерді пайдаланып, топпен ақылдаса отырып, шағын шығарма жазады. Бір оқушы «Автор орындығына» отырып, шығарманы оқиды.																								
БАҒАЛАУ	Күшейтпелі шырайдың маңызы қандай? Егер сын есімнің күшейтпелі шырайы жоқ болса қалай болады? Біркелкі сындардың бірінің екіншісінен өте артық, не өте кем екендігін суреттерді салыстырып көрсету арқылы түйін жасауға түрткі боламын.	Сұрақтарға сыни ойлай отырып, жауап береді. Суреттердің көмегімен сын есімнің күшейтпелі шырайының өмірдегі маңызын түйіндейді.																								

Советхан ЖАРМУХАМЕДОВА,
Алматы облысының
Ұйғыр ауданындағы
Қалжат орта мектебінің мұғалімі.

ФОНЕТИКА ТАРАУЫН ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: «Фонетика» тарауы негізінде алған білімдерін еске түсіріп пысықтау, тиянақтау. **Міндеттері: білімділік** – ауызша, жазбаша талдау жұмысын жүргізе отырып, білімдерін бекіту; **дамытушылық** – теориялық материалды шығармашылықпен баяндауға баулу, ауызша-жазбаша сауатты талдауға машықтандыру; **тәрбиелік** – көркем әдебиеттен тілдік материалды талдауға алынған мысалдар арқылы оқушылардың бойынша танымдық, эстетикалық, имандылық қасиеттерді сіңіру. **Көрнекілік:** кестелер, нақыл сөздер, үлестірмелі парақшалар, тест сұрақтары. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау-жинақтау, шығармашылық жұмыстар. **Пәнаралық байланыс:** математика, әдебиет.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.

Сәлемдесу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Ұй тапсырмасын тексеру: Тіл білімінің қандай салаларын білесіңдер? Фонетика ғылымы нені қарастырады? Тасымал дегеніміз не? Буын, буынның түрлерін білесің бе?

III. Оқушылардың білімді түсіну деңгейін анықтау.

Тіл дыбыстары туралы жан-жақты мәлімет алғаннан кейін оқушылар үш топқа бөлінеді, арнайы тапсырмалар беріледі.

I тапсырма. Асыл сөз – рухани азық.

Алаш арыстарының айтқан асыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, асты сызылған сөздерді буындарға бөлу.

1-топ. *Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды.* Мұхтар Әуезов.

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Ахмет Байтұрсынұлы.

	Үйге тапсырма: 55-жаттығу. Сын есімнің емлесін оқу. Күшейткіш үстеудің ережесін ереже дәптерге жазу, жаттау.	Күнделікке жазып алады.
	«Төрт сөйлем» кері байланысын ұсыну. 1. Пікір. Мәтін бойынша туындаған өзіндік пікірін бір сөйлеммен келтіру. 2. Дәлел. Келтірілген өзіндік пікірді бір сөйлеммен дәлелдеп шығуы керек. 3. Мысал. Енді өзіндік пікірді тағы да бір негіздеп кету үшін бір сөйлеммен мысал келтіру қажет. Мысал өмірден алынуы қажет. 4. Қорытынды. Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіру керек. Топ басшыларының бағаларын қорытындылап, өз бағамды қоямын.	Стикерге өздерінің пікір, дәлел, мысал, қорытындыларын жазып, тақтаға жабыстырады. Топ басшылары бағалау парағы бойынша өз топтарын бағалайды, нақтылайды.

Бағалау парағы.

Аты-жөні	Тапсырмалар	Кестелер сөйлейді	Жаңа сабақты түсіндіру	Оқулықпен жұмыс	Тест тапсырмасы	Венн диаграммасы	Семантикалық кесте	Ой толғаныс	Ой қорыту	Топ басшысының бағасы	Қорытынды баға

2-топ. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып ұлт білімін ала алмайсың.

Ғұмар Қараш.

3-топ. Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Мұстафа Шоқай.

II тапсырма. Өлең – сөздің патшасы.

Берілген өлең шумақтарының жалғасын тауып, толық жатқа айту, авторын анықтау.

III тапсырма. Даналар сөзі – ақылдың көзі.

Ата-бабаларымыздың шешендік сөздерінің шешімін тауып, жалғастырыңыздар. Анықталған жауап сөздің біріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

1-топ. Өте ертеде бір дана қария дүниеден көз жұмарында қасына ұлын шақырып алып айтыпты: – Балам, менің дүниемен қоштасар күнім жақын. Өзіңе қалдырып бара жатқан асыл қазынам бар. Сен соны іздеп тап, ұқсатып қолдан.

Күндердің күнінде бала әке қалдырған қазынаны іздеймін деп әбден шаршайды. Әкеден қалған қазына таптырмайды. Амалы таусылған бала ел ішіндегі көпті көрген бір қарт адамнан ақыл сұрай барады. Қарттың пайымдауынша дана қарияның асыл қазынасы не екен?

2-топ. Өз Жәнібектің алпыс биі болған екен. Бір жолы хан билеріне “Дүниеде не өлмейді?” деп сұрақ қойғанда, алпыс биі бір ауыздан былай депті:

Ағын су өлмейді,

Асқар тау өлмейді.

Аспанда ай мен күн өлмейді,

Өлемде қара жер өлмейді.

Сонда Жиренше шешен бәріне қарсы шығып, қандай ұтымды да өткір жауап берді?

3-топ. Сырым Үргеніштің ханына барып жүз көрісіпті. Хан Үргеніш шешені мен Сырымды айтыстырыпты. Үргеніш шешен:

Сөз анасы не? Су анасы не? Жол анасы не? деп сұрайды.

Сонда Сырым не деп жауап берді?

IV. Тест сұрақтары арқылы сабақты қорытындылау.

I нұсқа

1. Тілдің дыбыстық жүйесін тексеретін тіл білімінің саласы:
а) фонетика; ә) морфология; б) лексикология; в) синтаксис.
2. Қазіргі әліпбиде қанша дыбыс, қанша әріп бар?
а) 37 дыбыс, 42 әріп; ә) 36 дыбыс, 40 әріп;
б) 36 дыбыс, 42 әріп; в) 35 дыбыс, 43 әріп.
3. Жуан, жіңішке буындарда келе беретін дауыстылар:
а) и, у; ә) а, о, ұ, ы; б) ө, у, ә, е, і; в) э, в, ф.
4. Қысаң еріндік дауысты дыбыс:
а) о; ә) е; б) ө; в) ү.
5. Дауысты дыбысқа тән сипатты анықта:
а) созуға келмейді; ә) буын құрайды;
б) тасымалданбайды; в) дауыссызбен үндеспейді.
6. Буынға дұрыс бөлінбеген сөзді көрсетіңіз:
а) құ-мырс-қа; ә) құм-ыр-с-қа;
б) құ-мыр-сқа; в) құ-мырсқа.
7. Ашық буынды сөздер:
а) ата, бағалы, шана; ә) ес, айт, әл;
б) тер, қант, қол; в) қар, секір.

II нұсқа

1. Дауыссыз дыбысқа тән сипат:
а) буын құрайды; ә) айтылуы бөлек;
б) созуға келмейді; в) сөз соңында жазылмайды.
2. Тіл алды, қысаң, езулік дауысты дыбыс:
а) і; ә) ы; б) ү; в) ө.
3. Қазіргі қазақ тіліндегі дыбыстық құрам:
а) 37; ә) 42; б) 40; в) 33.
4. Жуан дыбыстар қатары:
а) а, ә, ұ, ы; ә) а, ә, е, э, ы; б) ә, ө, ү, і, э; в) о, ө, ұ, ү, у.
5. Қысаң, еріндік дауысты дыбыс:
а) о; ә) е; б) ө; в) ү.
6. Бітеу буынды анықта:
а) ат; ә) ақ; б) тал; в) ана.
7. Дауысты дыбыстар саны қанша?
а) 20; ә) 19; б) 12; в) 8.

Жанаргүл КҮЛКАЕВА,
Мұғалжар орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Ақтөбе облысы,
 Мұғалжар ауданы,
 Мұғалжар ауылы.

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға тұрақты тіркестер туралы терең мағлұмат беру. Міндеттері: **білімділік** – тұрақты тіркестерге тән белгілерді меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу тілдерін жетілдіру, шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал жасау, өз бетінше жұмыс жүргізу дағдысын арттыру; **тәрбиелік** – адамгершілікке, ұлтжандылыққа, ана тілін қастерлеуге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа материалды оқып-үйрену. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, топтастыру, семантикалық карта, тест, жаттығу жұмыстарын орындау. **Көрнекілігі:** тірек-сызба, үлестірмелі қағаздар, слайдтар, тест тапсырмалары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Өтілген материалды тексеру, қорытындылау.

1. Эвфемизм деген не? 2. «Мылжың» сөзінің эвфемизм түрінде айтылуы қалай? 3. Дисфемизм дегеніміз не? 4. Дисфемизмге қандай мысалдар келтіре аласың?

«Сәйкестік тесті» арқылы тақырыпты меңгергенін тексеру.

Эвфемизм		Дисфемизм
Дүние салды		Мылжың
Сөзуар		Өлді

Қолды болды		Саңырау
Құлағының мүкісі бар		Ұрланды

III. Жаңа сабақ. Слайд арқылы тұрақты тіркестерді түсіндіру.

Тұрақты тіркестер

↓ ↓ ↓
 Тұтасып барып бір ғана мағынаны білдіреді. Синонимдік баламалары болады.

Бір ғана сұраққа жауап береді, сөйлемде бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқарады.

Сөздер бұрыннан қалыптасқан жүйемен айтылады. Олардың сыңарларының орынын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға келмейді.

IV. Оқулықпен жұмыс.

111-жаттығу. Берілген тұрақты тіркестердің мағыналарын балама сөздермен ашу. Қайсылары антонимдік қатар, қайсылары синонимдік қатар құрап тұрғандарын ажырату.

Антонимдік қатар.

1. Көзге ілмеу – көзінен таса қылмау. Байқамау, мән бермеу – бақылау, қадағалау. 2. Аузы – аузына жұқпау – жұмған аузын ашпау. Көп сөйлеу – үндемеу.

Синонимдік қатар.

1. Ә дегенде – көзді ашып – жұмғанша. (жылдам). 2. Аты шулы – аты шыққан. (атақты). 3. Зәресі ұшу – жаны мұрнының ұшына келу. (қорқу)

V. Топтық жұмыс. Семантикалық карта толтыру.

I топ.

Р/с	Тұрақты тіркестер \ Балама атаулар	Еңіреу	Сұлу	Ашу-лану	Басын-дырмау	Мерген	Қорқу
1.	Басынан сөз асырмау				+		
2.	Жүзiктiң көзінен өткендей		+				
3.	Кәріне міну			+			
4.	Құралайды көзге атқан					+	

5.	Көзі алақандай болу							+
6.	Омырауы жаска толу	+						

VI. Өзіндік жұмыс. Оқушылар үлестірмелі қағазбен жұмыс жүргізеді. Бірнеше үлестірмелі қағаз таратылып, қағаздағы тапсырмаларды топ болып орындайды.

1-топ. 1-үлестірме.

Берілген сөйлемдерден тұрақты тіркестерді тауып, мағынасын түсіндір. Бұл жарыста оның бағы жанбады. Ермектің екпіні су сепкендей басылды. Айнұр дүкенге көзді ашып-жұмғанша барып қайтты. Таңертеңнен үйде отырған Айдостың іші пысты.

2-үлестірме.

Айжанның бүгінгі сайыста айы оңынан туды. Анасының тапсырған жұмысын істеуге Елдостың мойны жар бермеді. Бұл жарысқа қатысушылар – өңкей он саусағынан бал тамғандар. Марат ақшаны мандай терімен тапты.

I топ. 2-үлестірме.

Тұрақты тіркестерді орнына қойып жаз, мағынасын түсіндір. Сақина тілеп алу сау басына. Шөп алмас қой аузынан. Көз бен қастың арасында. Жер таппау жанын қоярға.

II топ. 2-үлестірме.

Қыл өтпейді арасынан. Басына қаптау ит терісін. Екі көзі шығу шарасынан. Ала қашу ат – тонын.

VII. Ой қозғау.

Өз досыңды немесе әдеби шығармадағы бір кейіпкерге тұрақты тіркестерді пайдалана отырып мінездеме беру. Жазған мінездемелерін оқыту. Мысалы: Менің досым Әсел – ақ көңіл жан. Оның келбеті жүзктің көзінен өткендей. Ол – сыныптың маңдай алды оқушыларының бірі. Біз бір-бірімізбен тонның ішкі бауындай араласамыз.

VII. Қорытынды. Тест тапсырмасы.

VIII. Үйге тапсырма беру.

IX. Оқушыларды бағалау.

Майра СМАХАНОВА,
№19 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Қарағанды облысы,
 Қарқаралы ауданы,
 Қасым Аманжолов атындағы ауыл.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТІІМДІЛІГІ

Бүгінгі таңда білім беру ісінің ерекше қолға алынып отырғандығы белгілі. Соған сәйкес білім ордаларында жаңа бағдарламалар, жаңа технология әдістері пайдаланылып отыр.

Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырудың бір жолы – сабақ үрдісінде жаңа білімді меңгертуге олардың өздерін белсенді қатыстыру. Оқушы белсенділігі мен қызығушылығын арттыруда, жаңа сабақты өз беттерімен түсініп білулерінде инновациялық технологиялардың атқаратын рөлі ерекше. Инновациялық технологиялар Америкада, Ұлыбританияда, Ресейде зерттеліп дәлелденген. Сондықтан жаңа технологияларды күнделікті сабақта пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, іс-тәжірибесіне, шеберлігіне, мақсат-мүддесіне байланысты тандап, сәйкестендіре отырып пайдаланғаны дұрыс деп ойлаймын.

Мен өз тәжірибемде оқушыларға деңгейлік тапсырмалар берудің, топпен жұмыс жасаудың тиімді екеніне көз жеткіздім. Деңгейлік тапсырмалар қарапайымнан күрделіге жетіп, оқушының белсенді шығармашылық қызметін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, білімді игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуына жетелейді.

Сондықтан да осы әдіс-тәсілдермен өткізген сабағымның бір үлгісін ұсынып отырмын.

Сабақтың тақырыбы: Сан есімнен өткенді қайталау.

Мақсаты: білімділік – оқушыларды сан есімнен алған білімдерін тиянақтау, теориялық білімін практикамен ұштастыру; **дамытушылық** – деңгейлік тапсырмалар беру арқылы оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін саралап, логикалық ойлау қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылық ізденістерін арттыруға ықпал жасау; **тәрбиелік** – талдауға арналған тапсырмалар арқылы ақыл-ой, адамгершілік, ізгілік, патриоттық сезімдерінің жоғары болуы, т.б. қасиеттерге тәрбиелеу. **Типі:** өткен материалды бекіту. **Түрі:** деңгейлеп оқыту. **Әдістері:** жаттығу, сұрақ-жауап, талдау-жинақтау, шығармашылық жұмыс. **Көрнекілігі:** кесте, сөздер кеспесі, дидактикалық материалдар. **Пәнаралық байланыс:** математика, әдебиет.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы өткен тақырыпты пысықтау.

Сан есімнің емлесі. а) Реттік сан есімдер араб, рим цифрларымен берілгенде жазылуында қандай ерекшеліктер болады? ә) Күн, жыл аттары араб цифрымен берілгенде қалай жазылады? б) Есептік сан есімге **-ау, -еу** жұрнақтары жалғанғанда қандай өзгеріс болады?

168-жаттығудың орындалуын тексеру.

III. Жаңа сабақ. Сан есімнен өткенді қайталау. Деңгейлік тапсырмаларды орындату арқылы білімдерін саралау, тексеру.

Ал, балалар, сабағымызды бастайық,

Санамызды бір серпілтіп тастайық.

Ортамызды білімменен толтырып,

Қошеметтеп бір-бірімізді қостайық! –

деген өлең шумағы арқылы оқушылардың санасын оятып, тапсырмаларды түсіндіріп бердім.

I деңгей. Сұрақ менен, жауап сенен.

II деңгей. Ойлан, ізден, тап.


III деңгей. Оқыған білер әр сөзді.

IV деңгей. Шығамын білім шыңына.

I деңгей. Сұрақ менен, жауап сенен.

1. Сан есім дегеніміз не? Мысал келтір.

2. Сан есімнің мағынасына қарай бөлінуін сызбаға жазып көрсет.



3. «Сан» сөзінен бірнеше түбірлес сөз жаса және мағыналарын түсіндір.

4. Төмендегі сан есімдерді мағынасына қарай топтап жаз.

Алтау. 11. Жетпістей. 50 – 60. Жүздеген. Мыңыншы. Біреу. Бес – бестен. 242. Қырықтай. 40 – 50. Отыз шақты. Жетінші. 552. Екеу. 1924. 1, 2/10. Сексен. Жиырмаға тарта. 0, 25. Төртеу. Жүз. Он – оннан. Алпыстай. Бесеу. Отызыншы. 1/10. Сегіз.

II деңгей. Ойлан, ізден, тап. 1. Мақал-мәтелдерді мән-мазмұнына қарай тиянақтап жазып, сан есімдердің астын сыз.

Жеті атасын білген ер,

Білекті бірді жығар,

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,

Ер бір рет өледі,

Екі жүзді пышақтан сақтанба,

Ер қаруы –

2. Берілген халықтық өлшемдерге лайықты сөздерді теріп жаз.

Бір шымшым, бір жайым, бір шөкім, бір қайнатым, бір асым, бір жұтым, бір ұрттам, бір ауыз, бір уыс.

Керекті сөздер: мақта, сөз, су, ет, айран, шай, бұлт, тұз, қамыр.

3. Сөз құрамынан сан есімді тауып, оны цифрмен жаз.

Түбір – тү+1 Кекіл – к+2+л

Күшік – ... Төртпақ – ... Бесатар – ... Балтыр – ...

Жетіген – ... Сегізмүйіз – ... Тоғызқұмалақ – ... Қонақ

– ...

4. **Сыңар, жалқы, жалғыз сөздері қай сан есіммен синонимдес?**

III деңгей. Оқыған білер әр сөзді.

1. Сан есімнің емлесі. 2. Сан есімнің емлесін еске түсіре отырып, қатені түзеп, дұрысын жаз.

Бес жүз – отыз бір, 10нан – 5, 5 сынып, VI – сынып, 20 – дәптер, мыңға – таяу, алтыау, бес бестен, 1993 – жыл, он бір – жарым, жетіеу, XXI – ғасыр.

3. Асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндір.

Етектейін еріннен

Екі елісі қалыпты,

Қиған қамыс құлақтан

Бір тұтамы қалыпты,

Жалбыраған жалынан

Жалғыз қарыс қалыпты,

Бір құшақтай құйрықтан

Бір уыстай қалыпты.

(«Ер Тарғын» жырынан)

4. Оң оқыса да, теріс оқыса да бірдей мағынада айтылатын қай сан есім екенін тауып көрсет.


IV деңгей. Шығамын білім шыңына.

Нөмірленгендегі таңбасы мен жазғандағы әріп саны бірдей (тең) болып келетін қай сан есімдер?

«Ауылым – алтын бесігім», «Бала тілі - бал» тақырыптарының біреуіне сан есімнің түрлерін қатыстыра отырып ой толға.

Анаграмма «.....»

1. Нәрестенің төсегі.
2. Оқушыға қажетті зат.
3. Қосымшаның бір түрі.
4. Жинақтық сан есім.
5. Балалар ойыны.
6. Білім бұлағы.
7. Ұлттық саз аспабы.



- Балалар, ата-әжелерің мен ата-аналарыңның санауға неден бастап үйреткені естерінде бар ма?

- Санамақ арқылы (1-2 балаға айтқызу).

- Міне, балалар, санамақ балаға тек сан үйретіп қоймайды екен, ол дүниетануға жәрдемдеседі. Яғни, ұйқастырып санау арқылы әрі сан үйренеді, әрі санға аты ұйқасқан заттарды да танып біледі, сөздердің мән-мағынасына, сыр-сипатына қанығады. Ендеше, атам қазақтың ұрпақ тәрбиесінде сан есімнің де алатын орны ерекше.

IV. Бекіту. Сызба арқылы.



V. Үйге:

I деңгей. Сан есімді қатыстырып 5 сөйлем жазу.

II деңгей. Бірден жетіге дейін сан кездесетін жеті мақал – мәтел жазу.

III деңгей. Өздерің оқыған көркем шығармалардан сан есімі бар 5 сөйлем жазып келу.

IV деңгей. «Егер мен бизнесмен болсам...» математикалық есептен тұратын мәтін құрастыру.

VI. Білімдерін бағалау.

Сатылай кешенді талдау арқылы тіл, әдебиет сабақтарында оқушы білімді жүйелі, нақты меңгереді. Сатылай кешенді талдау – оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелей меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Бұл әдіс арқылы білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен шектелмей, баланың жалпы тұлғалық дамуына ойлау, елестету, қиялдау, есте сақтау сияқты танымдық психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесім табуына да септігі тиеді. Оқушының қазақ тілі пәніне қызығушылығын арттыруда тіл білімі салаларын кешенді талдау бірден – бір тиімді әдіс екеніне көз жеткізіп келемін. Қазақ тілі сабағында да, қазақ әдебиеті сабағында да жиі пайдаланамын.

Ал «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының қазіргі таңдағы талаптарға сай оқушыны тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – мұғалімнің бағыттауымен оқушының білімді өз бетімен игеруі. СТО-ның әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес.

СТО – оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еріп сөйлеуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тындауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, шындықты жеңуге көмектесетін бағдарлама. Мен өз сабақтарымда СТО-ның «INSERT–түртіп алу», «екі түрлі түсініктеме күнделігі», «Семантикалық карта», «Концептуалды кесте», «Эссе», «Венн диаграммасы», «5 жолды өлең», «Эйлер дөңгелегі», «Кубизм», т.б. әдістерін жиі қолданамын. Өткен сабақты тексеруде кубизм әдісі барысында оқушылар еркін пікірлесіп, бірін-бірі тындауға, бірінің қатесін бірі түзетіп, ойын еркін жеткізуге, деңгейлері төмендеу оқушылардың өздері ізденіп, сөйлеу, ойлау қабілеттерін қалыптастырып үйренеді. Мысалы: 5-сыныпта Ө.Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісін өткенде «Кубизм» стратегиясы бойынша.

1. Суреттеңіз. Оқиға болған жерді Саржан мен Айсұлу, Толағай бейнесін суретте.

2. Салыстырыңыз. Халық ертегісі мен әдеби ертегіні салыстырыңыз.

3. Зерттеңіз. Ертегінің тақырыбын, идеясын ашу. Ертегінің тілдік ерекшелігі.

4. Дәлелдеңіз. Толағай – елін сүйген ер.

5. Қолданыңыз. Ертегідегі Толағайдың іс-әрекетіне байланысты қандай мақал білесің?

6. Талдаңыз. Ертегіні бөлімдерге бөліп, әр бөлімге ат қой. Міне, оқушының сабақ барысында әр түрлі сыни көзқарасы қалыптасады, өзі оқыған көркем шығармасы бойынша қорытынды шығарып, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға

береді. Қазақ тілінде 5-сыныпта «Дауыссыз дыбыстардың түрлері» тақырыбында пайдалану өз нәтижесін беріп келеді.

7. Суреттеңіз. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы айт.

8. Салыстырыңыз. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды салыстыру.

9. Зерттеңіз. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыздардың айырмашылығын айт.

10. Дәлелдеңіз. Фонетика саласының қазақ тілінде алатын орны.

11. Қолданыңыз. «Кітап – білім бұлағы». Әр сөзге дыбыстық талдау жаса.

12. Талдаңыз. «Адамгершілік» сөзіне математикалық тәсілмен мінездеме бер.

Бұл әдісті қазақ тілінде белгілі бір тақырыпты өткеннен кейінде немесе белгілі бір тарауды өткеннен кейін де қолдануға болады.

«Топтастыру» стратегиясы оқушыларды еркін және ашық ойлауға үйретеді. Кілт сөзді ортаға жазамыз. Ол кейде тақырып болуы да мүмкін. Керекті уақыт өткеннен кейін жазылған пікірлерді топтастырамыз. Оны мына сызбадан байқауға болады.

Қазіргі сабақтың негізгі бағыты – сабақ үстінде оқушының өз бетімен істейтін жұмысының салмағын арттыру. Олай болса, оқушыларды оқулықпен жұмыстарға үйретуге мұғалім ең алдымен көңіл бөлу керек.

Жанар ТАЛАСОВА,
Қызылорда қаласындағы
№222 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДАНИЭЛ ДЕФО. **«РОБИНЗОННЫҢ КҮНДЕЛІК** **ДӘПТЕРІ»**

(5-сынып)

Smart – мақсат:	Сабақ барысында оқушылар романнан үзіндіні оқып, жазушы жайында біледі, Робинзон Крузоның күнделігімен танысады, роман, күнделік туралы түсінік алады, романды түсінеді, күнделік жазуды үйренеді.
Күтілетін нәтижелер:	а) тапсырмаларды орындау арқылы мәтін мазмұны ашылады; б) романды өз бетімен оқып, өзара талдап, қорытынды жасайды; ә) оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындау үшін ізденеді.
Стратегиялық іс-әрекет:	“Аквариум” тәсілі, “ДЖИКСО” әдісі, постер қорғау, “Робинзон Крузо” киносынан видео-үзінді, топтық бағалау.
Ресурстар:	АКТ, постер, маркер, смайликтер, топтарға арналған тапсырма парақтары, үлестірме тапсырмалар.

Сабақтың барысы.

Мұғалім іс-әрекеті:	Оқушылардың іс-әрекеті:
Сәлемдесу. Сабақты бастау. Оқушыларды “Аквариум” тәсілі арқылы шеңбер ғып тұрғызып, Күләш Ахметова жайында ойларын білемін. “Ауыз әдебиетінің түрлері” ойыны арқылы сынып оқушыларын 4 топқа бөлемін. Топ ережесін естеріне түсіру.	Дөңгелене тұрып үй тапсырмасына берілген ақын туралы ойларын айтады. Оқушылар 4 топқа бөлініп отырады. 1-топ – Ертегішілер. 2-топ – Шешендер. 3-топ – Ақындар. 4-топ – Мақалшылар.
“Тармақты тап” ойыны арқылы әр топ оқушылары үйге жаттауға берілген өлең шумақтарының қалып қойған тармақтарын тауып, орнына жапсырады.	Оқушылар қалып қойған тармақтарды тауып, өлең шумақтарын жалғастырып айтып шығады.
“Әрі қарай” тәсілі бойынша өлең шумақтарын жалғастырып айтып шығады. “Қазағым менің” тақырыбына эссе жазады.	Эссе жазады. “Басбармақ” әдісімен бағалау.
“Робинзон Крузо” киносынан үзінді көрсетіледі. Әр топқа постер беріліп, сұрақтарға жауап беру арқылы тапсырмаларды орындайды.	
I топ. Робинзон Крузо елсіз аралға қалай тап болды? II топ. Тосыннан кездескен қиындықты, жалғыздықтың қасіретін Робинзон қалай жеңді? III топ. Робинзон өмір сүрген аралдың ауа райы қалай өзгеріп отырды? IV топ. Елсіз аралда жалғыз қалып, онда адамға бірнеше жыл өмір сүру оңай ма?	Шығармашылық жұмыс орындау арқылы сұрақтарға топ бойынша жауап береді.

- Сонымен, біз сендермен Робинзон Крузо жайлы ойларымызды ортаға салдық. Даниэл Дефо жайлы ақпарат беру. (слайд) Топтық тапсырма (“ДЖИКССО” әдісі арқылы) беріледі. Әр топ мәтіннен үзінділер оқиды, өз тобында талқылайды, басқа топқа “сағат тілімен айналу арқылы” бір-бір оқушыдан түсіндіреді.	Өзара бағалау жүргізіледі, әр топ бір-біріне баға береді.
Күнделіктің анықтамасы беріледі. (слайд) Шығармашылық тапсырма. I топ. Бес жолды өлең құрастыру. II топ. Робинзонның тұрған аралының суретін салу. III топ. Робинзонға мінездеме беру. IV топ. Бір сәттік күнделік жазу. “Қол шапалақтау” арқылы бағалау.	Топпен жұмыс атқарады. Оқушылардың ойы жинақталып, өз ойын дәлелдеп үйренеді. Смайликтермен бағалау. Оқушылар дәптерге жазып алады.
Қорытынды. - Балалар, бүгінгі сабақтан алған табыстарыңды білгім кеп тұр. Мына тақтадағы “Табыс ағашына” алдарыңдағы стикерге өз ойларыңды жазып іліңдер.	Оқушылардың шығармашылық қабілеттері арта түседі.
Үйге тапсырма. “Робинзон Крузо” шығармасын толық оқу. Бір күнделік жазу.	Оқушылардың кері байланысы. “Табыс ағашына” стикерлерін іледі. (оған өз пікірін жазады)
Бағалау. Мұғалім бағалайды.	Әр топ бірін-бірі бағалайды.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 04.02.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3020.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2015 ж., 144 бет, Алматы.